

ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ



«Бірінді, қазақ, бірін дос,
Көрмесең, істің бәрі бос!»

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы

12+



№10 (4008), 13 наурыз, 2026 жыл

1934 жылы 10 қаңтардан шыға бастады

www.qazaqadebieti.kz


БҮГІН МЕНІҢ ТУҒАН КҮНІМ

Бүгін менің туған күнім,
Дәл бүгін.
Боз даланың жусаны мен шалғынын
Өстім соны
Уыстап та,
Иіскеп,
Сонда жатыр бар шаттығым,
Бар мұңым.

Бүгін менің туған күнім,
Дәл бүгін.
Алматыда өтті жастық — бал күнім.
Алатаудың арман толы құшағы,
Сонда жатыр
Серілігім,
Салдығым.

Бүгін менің туған күнім,
Дәл бүгін.
Күйін кешіп көрген жоқпын жарлының.
Бауырыма басар едім
Бәріңді
Құшағыма сыймайсыңдар барлығың!
Бүгін менің туған күнім...

3-4-бет →



Көрнекті ақын

Серік МҰРҒЫНЖЕЗҚҰЛЫ
СЕКСЕННІҢ СЕҢГІРІНДЕ

Қасымхан БЕГМАНОВ

ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ

(Толғау)

Қазақстан Жазушылар одағы,
Басыңнан сан өтті-ау қаниа мұнар күн.
Болмысыңа қорған болып тұрар кім,
Тірі болсам теңдігінді сұрармын.
Орталықтан алыс сол бір ауылда,
Елеусіздеу ескерткіш боп тұрармын.

Қазақстан Жазушылар одағы,
Мәңгіліктің ақ жолына салған жер.
Шапағат пен махаббатты алған жер,
Аманаттап арт жағымда қалған бел.
Талғамыңды қадірлейтін кім қалды,
Жалғаныңды кірпік қақпай жалған дер?

Алуан түрлі үкіметтер құлады,
Осы жерде Жұбан теңдік сұрады.
Осы жерде ұлы ақындар жылады,
Осы жерде ару қыздар ұнады.
Бәрі, бәрі көңілімде жаңғырып,
Өлмейтұғын естелік боп тұр әлі.

Мынау біздің — тарихи бұл ғимарат,
Бозбалаға аппақ үміт сыйламақ.
Бірін-бірі сынап, сілкіп, қинап ап,
Осы жерден болмысыңның майданы,
Жер жаһанға күй тарап.

Қазақстан Жазушылар одағы,
Алуан-алуан аңыздардың алаңы.
Кітаптармен емдейтұғын жараны.
Көркейтіп тұр Алматыдай қаланы,
Шексіз сүйер ұлан-байтақ даланы,
Қазақстан Жазушылар одағы.

Қазақстан Жазушылар одағы,
Әр бөлмесі аңыздардан тұратын,
Сонда қалған армандарым, мұратым.
Темекімен ойға батып тұратын,
Бұл бөлмеде отыратын ұлы ақын.

Мынау мұңлы қабырға,
Шақырып тұр сабырға.
Қоспай мені өсек айтқан тобырға,
Шыға салып тартып кеткім келеді,
Жусан менен шағылға.

Қазақстан Жазушылар одағы,
Шақырғанмен алға түрлі жол әлі.
Кеудем шерлі, бір өксікке толады,
Кеңсай жақты еске салар, моланы.
Қадыр менен Тұманбайдың елесі,
Ана жақтан көрінгендей болады.

Қазақстан Жазушылар одағы,
Жамандама, шығатын жер сүйегің.
Кешір бізді, қасиеттім, киелім,
Күл болғанша отыңа мен күйемін.
Ағаларым алыс басқан кешегі,
Сені мәңгі, үнсіз-тілсіз сүйемін.

Қазақстан Жазушылар одағы,
Тереңнен сығалайды түнгі аспан.
Жүмекен мен Мұқағали сырласқан,
Әр қабырға, әр бөлмесі жыр, дастан.
Жердің өсі шыр айналып қиырға,
Уақыт шіркін алып кетті тұрмастан.

Қазақстан Жазушылар одағы,
Тазартатын өсек, ғайбат күйеден,
Қайран, менің, ағаларым сүйеген.
Азап шеккен алуан түрлі жүйеден,
Сәл мүмкіндік берілгенде бөлместен,
Барлығын да сүйер ем.

(Жалғасы 16-17)

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті қаламгерлер!

2026 жылғы 9—10 сәуір аралығында ҚР Ұлттық кітапханасы ғимаратында (Абай даңғылы, 14) дәстүрлі Әдеби жыл қорытындысы өтеді.

Жыл қорытындысында былтырғы жыл ішіндегі әдебиеттің жетістіктері мен кемшіліктері сарапталып, жарыққа шыққан кітаптар мен әдеби басылымдар

талданады. Жанрлар бойынша баяндамалар жасалып, секцияларда талқылаулар өтеді.

Осыған орай, сіздерден 2025 жылы жарық көрген еңбектеріңізді 25 наурызға дейін Қазақстан Жазушылар одағына (Абылай хан даңғылы, 105) тапсыруларыңызды сұраймыз.

Қосымша ақпарат үшін:
8 705 727 29 75 Айнагүл Садықова

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ» СҮЙЕНЕРІ – ОҚЫРМАН. ОҚЫРМАННЫҢ СҮЙІП ОҚИТЫН ГАЗЕТІ – «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ»

Газеттің индексі: жеке жазылушылар үшін – 65353; мекемелер мен ұйымдар үшін – 15353

Баспасөз-2026	«Казпошта» АҚ бойынша	Жеке жазылушыларға:	Аудандар мен ауылдарда:	Кәсіпорындар мен ұйымдарға:	Аудандар мен ауылдарда:
		Қалаларда:	Қалаларда:	Қалаларда:	Қалаларда:
		1 айға – 925,82 т.	1 айға – 925,82 т.	1 айға – 1918,53 т.	1 айға – 1720,82 т.
		3 айға – 2 777,46 т.	3 айға – 2 777,46 т.	3 айға – 5755,59 т.	3 айға – 5162,46 т.
		6 айға – 5 554,92 т.	6 айға – 5 554,92 т.	6 айға – 11511,18 т.	6 айға – 10324,92 т.
		12 айға – 11 109,84 т.	12 айға – 11 109,84 т.	12 айға – 23022,36 т.	12 айға – 20649,84 т.
		Жеке жазылушылар үшін:	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін:		
		1 айға – 746 теңге. 3 айға – 2238 теңге	1 айға – 1441 теңге. 3 айға – 4323 теңге		
		6 айға – 4476 теңге. 12 айға – 8952 теңге	6 айға – 8646 теңге. 12 айға – 17292 теңге		

«ТАҢДАМАЛЫ ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫНЫҢ» ТҰСАУКЕСЕРІ ӨТТІ

ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында белгілі жазушы-публицист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Шархан Қазығұлдың 70 жас мерейтойына орай жарық көрген «Таңдамалы шығармалар жинағы» кітабының тұсаукесері өтті.

Кездесу барысында Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі, ҚР ҰҒА академигі Бауыржан Омаров мерейтой иесіне Мемлекет басшысының құттықтауын табыс етті. Сондай-ақ қаламгерге ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қариннің, Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошановтың, ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның құттықтау хаттары табысталды.

Іс-шараға депутаттар, қоғам қайраткер-



лері, Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының Төрағасы Мереке Құлкенов, зиялы қауым өкілдері мен жазушылар қатысты.

Жинаққа қаламгердің әр жылдары жазылған көркем және публицистикалық шығармалары кірген.

МЕРЕКЕДЕГІ МАРАПАТ

8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесін Ақтөбе қаламгерлері көтеріңкі көңіл күймен қарсы алды.

Қазақстан Жазушылар одағының Ақтөбе облыстық филиалында 26 жазушы есепте тұрса, соның 10-ы бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербетіп жүрген асыл жандар.

Солардың бірі – белгілі ақын, аудармашы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Гүлімай Қуанышова. Шығармашылығы мен қоғамдық істерде белсенділігін қатар жүргізіп келе жатқан Гүлімай Әбішқызының мереке алдында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталуы Ақтөбе қаламгерлеріне үлкен қуаныш сыйлады. Жоғары дәрежелі марапатты облыс әкімі Асхат Шахаров үлкен салтанатпен табыс етті.

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнінің қасиетті Рамазан айымен тұстас келуіне байланысты Қазақстан Жазушылар одағының Ақтөбе облысындағы өкілі Бауыржан Құрманқұлов қаламдас әріптестерінің басын қосып, үлкен дастарқан



жайып, ауызашар жасады. Осы әсерлі, әдемі өткен кеште аруларға арналған өлең-жырлар оқылып, ақ тілектердің легі ағытылды. Облыстық тілдер басқармасының басшысы Аманкелді Қонақбаев жиналғандарды мерекемен құттықтап, жергілікті қаламгерлердің шығармашылығын дамытуға жағдай жасау облыс әкімшілігінің басты назарында болатынын айтты.

Филиал директоры Бижан Қалмағанбетов Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма Төрағасы Мереке Құлкеновтің атынан қаламгер қыз-келіншектерге гүл шоқтары мен естелік сыйлықтар табыс етті.

«АҚ БАСТАУ» ӘДЕБИ БАЙҚАУЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

12 наурызда Жамбыл атындағы қалалық кітапханада қазақтың көрнекті жазушысы Ғабиден Құлахметтің туғанына 70 жыл толуына орай жарық көрген жинақтардың таныстырылымы мен «Ақ бастау» әдеби байқауының марапаттау рәсімі өтті.

Қаламгердің «Үйірі жоқ көкжал», «Жұртым деп жортқан бір жалғыз», «Алғай» туындылары оқырманға жол тартты. Сонымен қатар Ғабиден Құлахмет атындағы қоғамдық қоры мен «Ақ желкен» журналы бірлесе ұйымдастырған «Ақ бастау» байқауы жүлдегерлерінің шығармалары да жеке жинақ ретінде жарық көрді. Жазушы Ғабиден Құлахметтің ұлдары Ғазиз және Шынғыс Ғабидендер демеушілік жасаған «Ақ бастау» республикалық әдеби байқауына еліміздің әр өңірінен 76 шығарма келіп түскен. Қатысушылар өлең, баллада, поэма, әңгіме, новелла, хикаят және фэнтези жанрларында жазылған туындыларын ұсынды. Шығармаларда жасөспірімдердің өмірі, білімге ұмтылысы, рухани құндылықтар, тарихи және әлеуметтік тақырыптар кенінен қамтылған еді. Нәтижесінде Бас жүлдені Бекзат Смадияр («Ақ дүние» әңгімесі үшін), I орынды Есболат



Айдабосын («Бала Кенен» хикаяты үшін) қанжылдаса, II орынды Назира Оралбайқызы («Күнделік» әңгімесі үшін) мен Қанағат Әбілқайыр («Қара ат» әңгімесі үшін) еншіледі. Ал III орын Ділдар Мамырбаеваға («Zerde – қазақы болмысты робот» хикаяты үшін), Мәрлен Ғылымханға («Смартфонсыз дүние» өлеңдер топтамасы үшін) және Жаксылық Қазымұратұлына («Ақ өзен» хикаяты үшін) бұйырды. Сонымен қатар Айгерім Иебекова («Құрқылтайдың ұясы» хикаяты үшін) мен Ернұр Сейдахмет («Футболшы Месси» поэмасы үшін) Ынталандыру сыйлығымен марапатталды.



ТАРИХИ ТАНЫМДЫҚ, ПАТРИОТТЫҚ КЕШ

Алматы қаласы Орталық-тандырылған кітапхана жүйесі №1 Балалар кітапхана-бөлімшесінің ұйымдастыруымен 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің 40 жылдығына орай «Желтоқсан желі ызғарлы» атты тарихи танымдық, патриоттық кеш JOS қаржы лицейінде өтті.

Іс-шараға Халықаралық ЮНЕСКО сыйлығының иегері, өлеңмен жазылған «Аягөз» атты тарихи романның, «Аққу-жүрек», «Бастау», «Қарлығаш», 1986 жылғы әйгілі Желтоқсан көтерілісі туралы елімізде тұңғыш рет жазылған «Зобалан» дастанының авторы, дарынды ақын Жұмаш Кенебай және патриоттық қозғалыс «Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары, Серік Нәсілжанұлы қатысты.

«Желтоқсан – тәуелсіздік бастауы» атты кітап көрмесіне шолу жасалып, оқушылар Әнұран орындады, Қайрат Рысқұлбековтың «Соңғы сөз» өлеңі оқылды, М.Шахановтың «Мұзда жанған алау» және тағы басқа тақырыпқа сай өлеңдер мәнерлеп оқылды. «Алаш» күйі орындалып, «Қара бауыр қасқалдақ», «Атамекен» әндері шырқалды.

РЕФЕРЕНДУМ



Сәуле ДОСЖАН, жазушы, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, «Барыс», «Парасат» ордендерінің иегері

ЗАМАНЫНА ҚАРАЙ – ЗАҢЫ

Дамушы елдер Конституцияға өзгеріс енгізіп, заманына сай толықтырып, түзетіп отырады. Ол – өмір, заман дамуының заңдылығы. Ел болып болашағымыздың маңызды құжатына өз дауысымызды қосайық.

Бірнеше ай бойы қоғамда жаңа Конституцияға байланысты қызу пікірталас жүрді. Ата заңның жаңа жобасы мемлекеттік тілде, тұңғыш рет қазақ тілінде жазылып, республикалық референдумға шығарылды. Жаңа Конституцияның негізгі ерекшелігі – адам құқықтарына басымдық берілуінде. «Адам мемлекет үшін емес, мемлекет – адам үшін» деген ұстанымда жазылған. Тәуелсіздік, Қазақстанның егемендігі, аумақтық тұтастығы мызғымас құндылық екені нығарлап көрсетілген.

Конституциямызда сондай-ақ әділетті Қазақстан идеясы, заң мен тәртіп қағидаты, қоршаған табиғатымызға қамқорлық жасау, егемендіктің иесі – Қазақстан халқы екені де нақты баптармен айқындалған.

Бізге енді бір палаталы парламент – Құрылтай деп ана тілімізде аталатыны да басты жаңалықтың бірі болып отыр. Мен Қазақстан халқының басым көпшілігі жаңа Конституциямызды бір ауыздан қолдайды деп сенемін. Конституциядағы әр өзгеріс сауатты да білгірлікпен, бүгінді таразылап, ертеңді жарқын ете түсер көрегендікпен, әр қазақ азаматының құқығы қорғалатын жоғары деңгейде жасалды. Ұлтымыздың сандаған мыңжылдық тарихы, отбасылық, ұлттық құндылықтары мен ерекшеліктері ескеріліп, ел болып ұйысуға, бірлігіміз бен берекемізді нығайтуға бағытталған оң өзгертулерді оң көзқараспен қабылдайық.

Ертеңімізге, ұрпақтарымыздың болашағына қызмет ететін Ата заңымыздың жобасын қолдауға барша отандастарымды шақырамын!

Әбіш КЕКІЛБАЕВ

Серікпен танысқаным қырық жылдай уақыт өтіпті. Алматыдағы «Аққу» кафесі тұратын төңіректе автобус аялдамасы болатын. Бір күні кешке үйге қайтып келе жатқанымда, сол баяғы аққу жүзетін көл жиегіндегі теректің түбінде тұрған бір бейтаныс екі жігіт мені тоқтатып сәлемдесті. Екеуі де бір-біріне ұқсаған қошалақтың қоңыр қошқыл бұталары сияқты, шаштары дудыраған жігіттер екен. Біреуі – қошқар мүйізденген самайын сипалап, аузын керіп, қиғаштап сөйлейді екен, екіншісі – арсалаңдап күле береді. Алғашқысы кейін білдім, Кеңшілік Мырзабеков, университетке келіп оқып жүр екен. Менің әскерге кеткелі жатқан уақытым еді. Сол әңгімені ортаға салып әдейі әңгімелескісі келген болу керек, албырт жігіттер «Аға, ананы айтшы, мынаны айтшы» деп әрнені сұрағыштап қояды. Мен бұлардың қызығын бағып тұруға уақытым шамалы, «айналайындар, жақсы оқыңдар, жақсылап жазыңдар, кітапты көп оқыңдар» дегендей жүрдім-бардым ақыл айтып өтіп кеттім.

Арада бір-екі жылдай әскерде қызметім түгелісіп келсем, бір күні спектакльден шыққаннан кейін Асанәлі Әшімов екеумізді Кеңшілік ұстай алды. Алматы 1-вокзалының маңы ма, автовокзалының маңы ма, әйтеуір, қаланың ортасы емес, бір алабажак жердегі шағын үйді жалдап тұратын пәтеріне ертіп апарды. Келін бар екен, балалар бар екен, санын қазір білмеймін, жас шамаларын да білмеймін, өздері студент болғасын, жас ақын болғасын, жаңа тірлік жасап жатқасын оларды да түсінуге болады. Кеңшілік сол кеште отырып дастарқанының басында бір жана біткен сырмақтай дәптерінің бетін парактап өлеңдерін оқыды. Өлеңдері бірінен-бірі өткен керемет, тамаша өлеңдер болды. Ауыл туралы, ел туралы, жалындап өткен жастық шақ, балғын балалық туралы, алғашқы махаббат туралы. Алғашқы сағындырған қыздарға хат жіберген жақсы-жақсы шақтар туралы керемет әдемі өлеңдер екен. Біз Асанәлі екеуміз қатты сүйсініп, сары баланың арқасынан қақтық.

Біз ол кезде Кеңшілік пен Серікті осылай өлеңдері арқылы таныдық.

Арада жылдар өтті, Кеңшілік дүниеден кетті. Біраз жылдардан кейін дәм бұйырып Торғай топырағына алғаш рет келуге тура келді. Жақсы оқиғаларды Құдайдың өзі орайластырады. Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов аталарымыз ақталып, сүйінші сұрауға шыққан топ адамбыз. Бастаушы – Сыр-аған, Ғафекең, Зейнолла Қабдол. Осы топтың ішіндегі ең бір көзге түсіп жүрген осы отырған Серік Тұрғынбекұлы болды. Сол бір аптадай Торғай даласын аралаған, «Жыланшықтан», «Қабырғадан», «Өлкейіктен» су ішкен, «Ақкөлдін» суына түскен, «Қызбелдін» топырағына аунаған күндерде мен Серіктің өзіне қарап, өлкесіне қарап өлеңін танығандай болдым.

Менің Алматыда әдебиет қауымының арасынан ең алғашқы танысқан адамдарымның біреуі Фафу Қайырбеков еді. Жүмекен Нәжімеденов деген досымның үйінде танысып, Жүмекеннің өлеңдерін бірге оқушы едік. Сонда Ғафекеңнің салатын әніне, домбыра шерткеніне, халық туралы, ел туралы, өтіп кеткен тарих туралы айтқан аңыздарына қарап тамсанып отырушы едік. Сондағы ең басты тамсанатынымыз біздің Ғафекең Қасымды көрген және оны жақсы көрген. Қасымның әнін айтқанда кез келген әншіден кем түспейтініне қатты тамсанушы едім. Қасым, шын мәнінде, қазіргі күннен-күнге Алатаудай айбаттанып бара жатқан қазақ поэзиясының туын бірінші болып көтерген ақын еді. Абайдың сөзіне біреу түсініп, біреу түсінбей, біреу байды баласы, біреу байшыл ақын дейтін даулардан кейін, мән-жайын түсініп болмаған кезде, жыр

дегенде арқасы қозатын шабытты ақындардың бірі Қасым Аманжолов еді. Қасым көп ұзамай, дүниеден өтіп кеткеннен кейін қазақтың жыры есеңгіреп қалғандай болып еді.

Сардарынан айрылған сарбаздай болып жүрген кезінде Абайдан қалған асқак рухты, Қасымнан қалған туды көтеріп шыққан ақын, ол — Сырбай Мәуленов

строфикасы, ритмикасы, рифмикасы, төрт құбыласы түгел тұтасқан өлеңдер. Бұндай өлеңдер Еуропада, оның ішінде орыс поэзиясында кешегі Блоктар шыққан ХХ ғасырдың алдында ғана болды.

Ал қошалақтың шоқалақтары арасында жүріп, осы өлкеде Сырбай мен Ғафудың тууы қандай таңсық болмаса, кешегі

Арлан ақынын



еді. Қазіргі-бүгінгі, осы замандағы қазақ поэзиясының алғашқы бас көтерері болып шыққан Ізтай Мәмбетов, Тұманбай Молдағалиев, Сағи Жиенбаев, Еркеш Ибрагим, ақыр соны Қадыр, Жүмекен, Фаризаға дейінгі үлкен буын осы Сыр ағанның соңынан еріп, мандайынан сипағандықтан осы күнгі қазақтың тұлғалы ақындары болып шықты. Мен бүгінгі қазақ поэзиясына айбарлы Қасымнан, Ғафудан қалған сыр-сүйкім, сырбаз сезім Сырбайдан келген сый деп ойлаймын. Мен Сырбай мен Ғафудың бір топырақта туғанына қатты таңғаламын және Торғай туса ылғи егіз туатын бір мама ел сияқты. Бір кезде Есілді кесіп өтіп, Жайықты жалдап өткен Шақшақтың кезінен бастап бұл Торғайда жалғыз шықпаған, орыстар қосылмаған бір құтты ауыл еді. Сол қазақтың маңғазының артқы ұшы Кавказдың бойындағы, алдыңғы ұшы Алтайдағы Шәуешекке дейінгі аралықта айбарлы да айдарлы ақындар шықты. Әрісін айтпағанда, өткен ХХ ғасырда бірінен-бірі өткен керемет ақындардың өлеңдері біздің есімізде және сол ақындардың көпшілігі Торғай даласында туып, қазақ жырына ерекше үлес қосып, көзге түсті.

Марқұм Сырбай Мәуленов бір өлеңінде: *Сөз келсе сыпайы боп сызылмаған, Әбіқай заманында қызулы адам. Үнемі отыратын өлең жасап, Ұйқасы балталаса бұзылмаған, — деп жырлайды.* Нұрхан Ахметбеков сол Сырбайға: *Айтпайсың ақын болсаң жатқа неге, Мінбейсің жегіт болсаң атқа неге?! Торғайдың тоқтысын жеп тойып жүрсің, Қалада көк су ішкен қатпа неме?! —* дейді.

Осындай өлеңдерді оқығанда мен әлі күнге дейін қайран қаламын.

Ғафаң осындай өлеңдерді ізін суытпай, бірінен кейін бірін қыздырып, қыздырмалатып, тыңдаушысын балқытып айтады.

Сөйтіп, қол-аяғы балғадай, тасқа басқан таңбадай анық та тынық, дыбыс үндестігі, ұйқас үйлесімі, ұлттық үдесі керемет сөз саптауына тәнті болмасқа хақымыз қалмайды. Оны осы отырған Тұрсынбек Кәкішев ағамыздың тілімен айтқанда, симфониясы,

Кеңшілік пен бүгінгі біздің Серікжанның тууы сондай таңсық болмас еді. Бұл — бір төсектен шыққан, бір топырақтан жұққан мәңгілік жазылмайтын рухани дерт. Ұлттық игілігі түгесілмейтін, ғұмыр бойы кешіп өтетін тағдыр тауқыметі. Тегінде талайлы тауқыметті кешу үшін әуелден табиғат кейбір адамдардың мандайына осындай қилы-қилы тағдыр жазатын болуы керек. Мен Серіктің бүгінгі алпысқа келген жасы, бұл үлкен бір ізденістің үстінде өткен асу-асу белдері, талай талмай кешіп өткен қиын-қиын қилы жылдары деп ойлаймын. Серік 60 жасқа абайламай жеткен жоқ деп есептеймін. Өйткені себебі, бұл Серіктің өлеңдерінің бұрын оқығанымнан дәл қазір менің есімде жоқ, тек осы Астанаға көшіп келгеннен кейін жарық көрген екі кітабының екеуін де мен өз қолымнан өткерем.

Оның біреуі — «Жерорта» деген кітабы, екіншісі — күні кешегі Амангелді, Кейкілер заманынан бастап жазған драмалық поэмасы. Сол екеуін оқығаннан кейін мен Астанада жүрген Серіктің бұл нағыз арлан ақын екенін, тістесе тісі өткір, ойласа ойы терең, кемел, ерен екенін таныдым.

«Жерорта» деген кітабында осы халықтың басында қазіргі болып жатқан қиындықтардың барлығына сол халықтың өзінен бетер қинала отырып жазған, адамзат баласының толғанысы бар және соны көркемсімей, шешенсімей артық елпілдемей, шалқып кеңкілдемей жан жүректі шым-шым сыздата отырып жазған, үлкен сырлы да мұңлы жырлар еді. Сонда мен осы Серіктің үлкен адамдық формасына таңғалып едім. Қазір Құдайға шүкір, күні кеше өзіміз айттып жүргендей, біз көз боядық, сөз боядық дейміз. Иә, соңғы рет жетпіс жылдың ішінде көз бояу да, сөз бояу да аз болған жоқ. Бірақ соның ішінде «бояушы-бояушы дегенге сақалын бояп» кетпегендердің арасында Серікжан, сен де барсың. Сол адал еңбегіне алпыс жасқа келгенде айрықша баға бергім келіп тұр. Соның бір белгісі осы — «Жерорта» деген кітабын. Сонда:

Төбені не шығады тау дегенмен, Шағынның құны түспес қау дегенмен. Қапшығы зұлымдықтың тола қоймас, Жақсыны жатқа санап жау дегенмен.

Қабырғам соны ойласам сөгіледі, Көзімнен қара бұршақ төгіледі. ...Бетке айтып үйренбеген байғұс басым, Алдында ақ қағаздың егіледі! — дейсің сен.

Тағы бір жерде тіл туралы: *...Сені ойласам, жетім бала елестеп, Мандайынан сипағым кеп кетеді!*

Одан әрі:

...Сөзім — соқа.

Саламын сол соқаны,

Қабат-қабат ойлардың қыртысына, — дейсің сен.

Осылайша, сенің өлеңдерің адамгершілігімен, мейірімділігімен, акпейілділігімен, тіпті тылсым мұңымен баурайды. Сен мынау жұрттың ортасында жүргеніндегі жадыраулау жайма-шуақ пейілінді өлеңде де, өмірінде де сақтай аласың. Әйтпесе жазатын-сызатын кісілер өмірде бір бөлек те, жазған кезде айнаның алдында тұрған актер сияқты, өзін-өзі тұқұртатыны көп болады. Сенде ондай бұрыннан тыртық мінез де жоқ, қыршаңқылығың да жоқ, өжеңдемейсің де, көкіреңдемейсің де, шапшымайсың да, жайма-шуақ жырлайсың, жайма-шуақ жүресің, жайма-шуақ күлесің. Өзіңнің құшағың қандай ыстық болса, көкірегіңнен шыққан сөздерің де сондай ыстық. Сенде жақсы-жақсы өлеңдер көп, қазір соның біразын айтуға болар еді. Мына отырған халық сені мен қалай білсем, олар да мендей біледі.

Сенің бір өлеңің бар, «Бес рет күйеуге шыққан әйел» туралы баллада өлең. Тағдырын оқығанда кісінің көңіліне әртүрлі нәрселер қосады. Өлеңді оқып шыққанда көзіне жас үйіріледі. Бұл — бір адамның тағдыры емес, бүкіл қазақ ұлтының тағдыры. Қазақ ұлтының ХХ ғасырдағы тарихы. Тоғыз, он шумактан құралағын өлең. Әйел алғашқы күйеуінен ғасыр басындағы айқастардың тұсында көз жазып қалған. Одан кейінгі күйеуі 37-де кеткен. Одан кейін, «әйел қырық шырақты» деген, тағы тұрмысқа шыққанда, онысын тағы да соғыс алып кеткен. Соғыстан әне күтіп, міне күтіп келмегесін қайтадан тұрмысқа шыққанда, онысын трактор басып кеткен. Бұл — тыңның трагедиясы. Енді «құрсыншы бәрі, қартайғанда тіземді құшақтап жалғыз қаламын ба, ең болмаса артымнан күшік ерер ме екен» деп тиген күйеуінің аузы арақтан босамаған маскүнем болып шыққан. Сорлы әйелдің тағдыры осы.

Шын мәніне қарасам, бағы ашылмаған бір қатын емес, бағы ашылмаған бүкіл халықтың тағдыры тұрған өлең.

Жүректі шымшылай отырып жеткізген осы шындығың сенің көп өлеңдеріңе тән. Сондықтан мен саған не айтам.

Тақырыпты жырлауда тапқырлығың бар. Тауып та айтасың, қауып та айтасың, осындай керемет өлеңдерің көп болсын.

Тағы да сен айтасың:

Өлең керек өмірге, өлең керек,

Жүректегі жараны ол емдемек.

Қалжыраған кезінде дүниені

Қолтығынан жалықпай келем демеп.

Керек, керек, бұл өлең керек, керек, Өлең жайлы сөз де көп, дерек те көп. Мен болмасам өмірде оқасы жоқ, Ал өлеңсіз, қалмай ма ел өкпелеп.

Асу да көп, алдыңда белең де көп, Аялдамай асығыс жөнел, демек. Тіршіліктің тамыры тынбай соғып, Тұру үшін,

Өмірге өлең керек!

Дүние әлі дүрбелең.

Заман әлі шырғалаң.

Сезім әлі сергелдең.

Халқыңның қалжыраған жері, қалбыраған шері көп. Жүректі демейтін көңіл керек. Көңілді демейтін өлең керек. Сен керек ақынсың. Алдымен ұлтыңа, жұртыңа керексің. Алқынбаған қалпыңда алпыстан ас, тоқырамай тоқсанға жет! Тағдырдың көрсеткен бар қызығын көре бер. Саған айтар тілегім де, берер бағам да осы!



**Серік
ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ**

НЕГЕ ЕКЕНІ БЕЛГІСІЗ?

Төбе де емес,
Тау да емес.
Жынды да емес,
Сау да емес.
Жолдас та емес,
Жау да емес.
Адам айтса сенгісіз,
Кім екені белгісіз...

Өлі екені белгісіз,
Тірі екені белгісіз.
Бар екені белгісіз,
Жоқ екені белгісіз.
Аз екені белгісіз,
Көп екені белгісіз.
Жасында жоқ айырма:
Іні екені белгісіз,
Аға екені белгісіз.
Түрі менен түсі жоқ:
Ақ екені белгісіз,
Көк екені белгісіз.
Қабағы бар,
Қасы жоқ,
Табағы бар,
Асы жоқ.
Аяғы бар,
Басы жоқ.
Бір заманға кез келдік
... Неге екені белгісіз?

Ұзын емес,
Қысқа емес.
Накыл емес,
Нұсқа емес.
Көктем де емес,
Қыс та емес.
Қай мезгілі белгісіз.
Жыл ма,
Күн бе,
Апта ма,
Ай мезгілі белгісіз.

Аспанда емес,
Жерде емес.
Есікте емес,
Төрде емес.
Бесікте емес,
Көрде емес.
Тас та емес,
Гүл де емес.
Қанден де емес,
Піл де емес.
Аңқау да емес,
Сұм да емес.
Айтқан сөзің жұртына
Өтірік те, шын да емес.
Айкайласаң — ұқпайды,
Түртіп қалсаң — үндемес.
Айтатыным бұл да емес:
Ажыратып болмайсың,
Кімге — дұшпан,
Кімге — дос.
Пікір қосып пікірге,
Бере алмадым бір кенес.
Алалай да бұлалай,
Ала жирен, құладай.
Данышпан ба,
Дүмше ме,
Кім екенін сұрамай,
Түсінбедім — бұл қалай?!
Бірі бар да,
Бірі жоқ:
Түзелетін түрі жоқ.
Сыйқы бар да,
Сұры жоқ.
Әуені бар,
Жыры жоқ.
Айтатыным — бұл да емес:
Күлді — бадам,
Күл — көпеш,

Бір заманға тап келдік.
...Неге екені белгісіз...

Менен сенің нең артық?
Ақылың ба?!
Құдай сендей кез қылды-ау мақұрымға.
Жарақаттап жанымды,
Жәбір жасап,
Жарға келіп жықтың-ау ақырында!

Менен сенің нең артық?
Беделін бе?!
Қалмады ғой белгің де, бедерің де.

Қосылып кететұғын,
Қараторғай,
Сарыторғай —
Қос қанатым!

Онай емес
Ойлағанға тірлігім.
Біреуге — қас,
Біреуге дос, құрбымын.
Жайшылықта жарқыл қағып жүргенмен,
Жасырмаймын:
Менің де бар бір мұным.

САРЫАРҚА САРЫНЫ (толғау)

Сарыарқа
Сағындырған сайын далам,
Ежелден жазған хаттай жайың маған.
Желің бар,
Дауылың бар,
Бораның бар
Тағдырдың талқысынан тайынбаған.

Сарыарқа
Саркылмайтын сағынышым.
Жаралған маңдайымның бағымысың?!
Таралған тамырымның өн бойымен
Қанымның тоқтамаған ағынысың.

Сарыарқа
Сән-салтанат базарындай,
Айдында аққуы мен қазы арылмай.
Бұрқырап қысы-жазы жатқаның сол
Қайнаған қазының қазанындай.

Сарыарқа
Сарқыраған өзен-көлім.
Сен менің жан-сырымды сезер ме едің?
Кеудемді ақ самалға ашып тастап,
Алшандап кен даланды кезер ме едім.

Сарыарқа
Желкілдеген желегіңнен
Керемет ою-өрнек көремін мен.
Әуелден сен де жомарт
Мен де жомарт —
Аямай бойда барын бере білген.

Сарыарқа
Сикырың бар көзді арбаған.
Тауларын бір-бір тұғыр қозғалмаған.
Атынды әсемдеуге, әспеттеуге
Ақыннан артық-ауыс сөз қалмаған.

Сарыарқа
Сауырында кісі адасқан,
Қыдырттым қиялымды тұсамастан.
Жатсынбай жанның бәрін келген-кеткен
Үлкенге, кішіге де құшақ ашқан.

Сарыарқа
Сарқыраған бал бұлағың
Бір жұтсам құмарымды қандыармын.
Білемін, білемін мен
Хорландардың
Естайдай жігітті естен тандырамын.

Сарыарқа
Самал желім, салқар белім,
Дамылдап бабам жатқан дархан жерім.
Су алып иінағашпен қайтатұғын,
Көңілден кетпей қойды-ау қалқам менің.

Сарыарқа
Сені көрсем тамсанғандай
Құштармын құшағыңа ансар жандай.
Алыстан құлағыма үн келеді
Қосылып Ақан, Біржан ән салғандай.

Сарыарқа
Салсам шырқап сол бір әнді
Күмбірі құлағымда қалды мәңгі.
Сақтадым сені ғана...
Кешір мені!
Жоғалтып, желге ұшырып мол мұрамды.

Сарыарқа
Сен ғұмырды создың өн боп,
Бәрі де менен, сенің өз кінәң жоқ.
Түу баста перзентің боп жаралғанда,
Туғаным жоқ топырағыңды тоздырам деп.

Сарыарқа
Сені сыйлау парыз маған
Борышын өтер болса әр ізгі Адам.
Аздырып алған болсам
Әз Басынды
Алдында Уақыттың арызданам...

Сарыарқа
Сай-салана бақ тұңғасын.
Мен саған сірә бір сөз тактым ба сын?!
Қарамай алды-артыма құйғытсам ғой,
Алансыз қоя беріп аттың басын.

Сарыарқа
Салсам айқай «жарандар!» деп,
Сол сәтте көкірегімді самал кернеп.
Сен сонда разы боп жатсаң болды:
«Билетін қадірімді балам бар!» деп...

Сарыарқа желім, салқар белім...



Мықынынан ұстатпай ұшып кеттің
«Мықтап таяқ тағдырдан же!» делің бе?

Менен сенің нең артық?
Тұр-тұлаң ба?!
Мен — байтақпын,
Мен — кеңмін бір тұрғанда.
Шамырқанған шабытты
Шаттық күйді —
Сезе алмадым сұрқыннан, тұрқыннан да.

Менен сенің нең артық?
Талантың ба?!
Айырбастап жібердің мені алтынға.
Мұратымның шығардың құл-талқаның
Мұрша бермей жеткенде жан алқымға.

Менен сенің нең артық?
Баспанаң ба?
Баспананы ойласам жасқанам да.
Жаутаң-жаутаң қараймын жан-жағыма,
Бермесін деп бұл күйді басқа адамға.

Менен сенің нең артық?
Сүйенішің?
Соны ойласам жалындап күйді ішім.
Аспан-жерді билеген құдіреттей,
Мынау жалпақ әлемге иемісің?!!

ҚАРАТОРҒАЙ-САРЫТОРҒАЙ

Ұлытаудан
Ұласқан Қараторғай,
Бүршік жарып,
Гүл ашқан Қараторғай.
Жүзе алмадым,
Қайтейін —
Жалған дүние —
Айдынында құлаштап, Қараторғай.

Әрі жақын мен үшін,
Әрі шалғай,
Сағынышыма айналдың
Сарыторғай.
Сенің сұлу
Сындарлы қасиетінді,
Талайлар жүр
Бойына дарыта алмай.

Арғы түбі
Бұлақтан басталатын.
Армандасам
Жанардан жас таматын.
Ұшқан кезде жосылып кететұғын,
Қонған кезде

Ерте көктем салқынына іліктім,
Найзағайдың жарқылына іліктім.
Айтар сөзім —
Алқымға тіреліп,
Қор болам деп,
Қорықтым да үріктім.

Өзімді-өзім өтірікке сендірдім,
Өзімді-өзім өкінішке көндірдім.
Жағаластым,
Көп адастым,
Ақыры —
Не бітірдім,
Не тындырдым,
Не өндірдім?!

Қасиетін айырмадым асылдың,
Қасиетін танымадым Ғасырдың.
Бірлік кімде?
Билік кімде —
Біле алмай —
Бейбіт күнде берекемді қашырдым.

Елге сіңген
Еңбегімен санаспай,
Жан ұшырдым —
Жақсылармен жанаспай.
Мұрынынан тұрды тарих мінгірлеп,
Мұраларды желге ұшырып «Манастай».

Күндіз — күлкі,
Қалдым түнде ұйқымнан.
Жан шошыды көрген кезде сиқымнан.
Ірілері іріктеліп елімнің
Талшық қылдым, қалған-құтқан қиқымнан.

Талықсытып
Таусылғаны-ай амалдың
Тас түрмеге қайта-қайта қамалдым.
Діні бар деп ойламадым әкемнің,
Тілі бар деп ойламадым анамның.

Шайқалғандай
Шаңырағым — дарағым.
Емін іздеп жанға түскен жараның.
Ұрандадым
Тұра алмадым орнымда,
Өткеніме қайтадан бір қарадым.

Тарих тонын «шешіндірген» секілді,
Тоқыраған көшім жүрген секілді.
Талай жылдар
Талып қалып, тіл қатпай
Енді ғана есім кірген секілді!

Майкл Х.ХАРТ

Исаның соңынан ерген жеделдес замандасы болған Апостол Павел жаңа дүниеге келген христиан дінінің аса көрнекті жаршысы болды. Христиан дінін таратуға қызмет еткен көптеген жазушылармен және ойшылдармен салыстырғанда, оның христиан теологиясына ықпалы әрі ұзақ, әрі тиімді болды дей аламыз.

АПОСТОЛ ПАВЕЛ

(Біздің дәуіріміздің 4–64 жылдары)

Көпке белгілі Савл сияқты Павел да, христиан дәуірі басталардан бірнеше жыл ғана бұрын Тарсусе қаласындағы Сицилияда (қазіргі Түркия) дүниеге келген. Ол Рим азаматы бола тұра, нағыз еврейдің өзі еді. Жас кезінде Павел иврит тілін үйреніп, кейіннен еврейше білім алды. Павел сол бір тұста Иса сияқты Иерусалимде бола тұра, менің ойымша, бұл екі адам бір-бірімен кездесті деуге күмәнді сияқты.

Иса қазасынан кейін алғашқы христиандарға еретиктердей қарап, оларды құғын-сүргінге салған. Біршама уақыт Павелдің өзі сол құғын-сүргін салушылардың қатарында болды. Алайда бірде ол жолы түсіп Шам қаласына барғанда, оған Иса түсінде аян береді де, жаңа дінді қабылдайды. Бұл оның өмірін мүлде басқа жаққа бұрып жібереді. Бір кезде біраз уақыт бойы христиан дініне қарсы болған ол, енді жаңа дінді насихаттайтын ең бір өжет, ең бір ықпалды насихатшыға айналады.

Павел сонан кейінгі қалған өмірін ойшылдыққа, христиан діні туралы жазылған еңбектерге, жаңа дінге жаңа адамдарды тартуға бағыштады. Өзінің миссионерлік қайраткерлігі тұсында ол Кіші Азияны, Грекияны, Сирия мен Палестинаны көп аралады. Әрине, жаңа дін таратуда Павелдің жолы бола берген жоқ. Еврейлермен және басқа да ұлттармен кездескенде, оның жүріс-тұрысы, сөйлеу мәнері, әсіресе өз қандастарының шамына тигендей әсер ететін. Тіпті оның өмірінің қыл үстінде тұрған кездері де болды.

Қайта ол еврей емес басқа ұлттардың алдында сөйлеген кезде тіпті керемет табыстарға қол жеткізді, содан болар оны «Еврей еместердің апостолы» деп атап кетті. Христиан дінін насихаттауда ешкім де дәл Павелдей елеулі рөл атқарған емес.

Рим империясының шығыс бөлігін ұзақ созылған үш жыл ішінде сапарлап шыққан Павел Иерусалимге қайтып оралады. Ол сол сапар үстінде тұтқындалады да, ақырында оны сотқа тарту үшін Римге жібереді. Бұл сот процесінің немен аяқталғаны да, Павелдің содан кейін Римнен шыққан-шықпағаны да бізге белгісіз. Алайда оны дәлірек айтқанда, біздің дәуіріміздің 64 жылдары Рим түбінде өлім жазасына кеседі.

Христиан дінін дамытудағы Павелдің өлшеусіз ықпалының үш сәтін ерекше атаған жөн: 1) оның дін тарату қайраткерлігінде үлкен табысқа қол жеткізу; 2) Тауырықтың елеулі бөлігін құрайтын «Жолдамасы»; 3) христиан теологиясын дамытудағы оның рөлі.


Жиырма жеті кітаптан тұратын Тауырықтың кем дегенде 14 кітабын Павелге жатқызады. Қазіргі ғалымдардың болжамдарына сүйенсек, сол кітаптардың төрт-бесуін ғана басқа авторлар жазған көрінеді. Егер ол шын болса, онда Тауырықтың негізгі авторы өзінен-өзі Павел болып шығады.

Павелдің христиан теологиясына қосқан үлесін бағалау мүмкін емес. Оған мына төмендегідей қағидалар жатады: Иса тек қана жұртты өзіне қаратқан пайғамбар болып қойған жоқ, ол Құдайдың перзенті болды. Христос біздің күнәмізден дүниеден көшті, оның көрген азабы бізді аман алып қалуға тиіс. Өзін мүлде қатерден аман алып қалу үшін, әр адам тек Инжіл өсиеттерін ғана орындап қана қоймай, ол Исаға да құлшылық ету керек. Егер ол Исаға құлшылық етсе, оның күнәсі кешірілетін болады.

Павел сондай-ақ тұңғыш пайда болған күнә тұжырымын да жасақтады. (Римдіктерге жолдау, 5: 2—19) Адамзат баласының қатерден аман қалуын заңға бағыныштығын қамтамасыз етуі мүмкін емес болса, онда олар еврейлердің тағамға деген тәбетін шек-

теуіне, Моисей кодексіне орай бағытталған әдет-ғұрыптарды орындауға, тіпті сүндетке отырғызуға да міндетті емес. Ертеректегі христиан көшбасшыларының кейбіреулері бұл мәселе жөнінде Павелмен келіспейді, қалайда олардың көзқарастары үстемдікке ие болса, онда бүкіл Рим империясына христиан діні осыншалықты шапшаң тарамас еді ғой.

Павел мұны дәлелдеу соншалықты қиын бола тұра, ешуақытта үйленген емес, тіпті әйелдермен бірде-бір рет жанаспапты да. Оның Қасиетті жазуда көрсетілгендей әйелдерге мүлде көз салмай қоюы, кейін келе бұл мәселеге деген қатынасқа елеулі түрде ықпал етті. Оның осыған байланысты айтқан канатты сөзі мынадай: (Коринфтерліктерге бағышталған бірінші жолдауы, 7: 8, 9) «Тұрмыс құрмағандар мен жесірлерге айтарым: олар да мен сияқты болсын. Егер



оған шыдамдары жетпесе тұрмыс құрсын; өйткені өліп-өшкенше тұрмыс құрған жақсы».

Павелдің әйелдердің қоғамдағы алатын орны мен жағдайы туралы айтқаны тым қатал болып келеді: «әйел баласы айтқанды екі етпейтін бағынышты болу керек; олар күйеуіне ақыл айтпасын, оларды билеп-төстемесін, үнін шығармасын. Өйткені алдымен, Адам ата, сонан кейін барып Хауа ана жаратылған (Тимофейге бірінші жолдау, 2: 11–15). Коринфтерліктерге бағышталған Бірінші жолдауындағы (11: 7–9) оның осы тектес идеялары бұдан да қатқыл болып келеді. Әрине, Павелдің айтқандарынан алынған жоғарыдағы үзінді оның замандастарының көзқарасын білдіреді деуге болмайды. Өйткені еврейлер мұндай қатаң мәлімдеме жасамайтыны кім-кімге де аян болса керек.

Әу баста еврейлер сектасы боп құрылған христиан дінінің әлемдік деңгейге көтерілуіне Павелдің қосқан үлесі орасан. Бұл діннің негізгі өзекті идеясы Исаның құдайлық тегі мен оның сенімінің арқасында құтқарылуы болып табылады. Одан кейін өмір сүрген христиан ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосқан Әулие Августин, Фома Аквиский, Лютер мен Кальвиндер Павел Жолдауының үлкен ықпалында болған. Шын мәнінде, Павел идеяларының ықпалы зор болғаны сонша, тіпті кейбір ғалымдар христиан дінінің негізін салушы Иса емес, Павел деген пікірге дейін барады. Ал менің ойымша, мұндай мәлімдемелер жасау тым ұшқарылық. Павелдің алар орны Исамен теңесуі мүмкін емес бола тұра, бәрібір ол христиан ойшылдарының қай-қайсысынан да биік тұр.

Аударған Темірхан МЕДЕТБЕК

ОЙТАЛҚЫ

Жаратылысты жұбымен жаратқан Құдірет әйел баласына келгенде соншалықты жомарттық танытқан екен. Қамыққанда да, жабыққанда да, зарыққанда да, тарыққанда да, мейлі ол кім болсын, Ана құшағында жан тыныштығын табады. Қарындасыңыз бен қызыңыз қамқор пейілмен амандығыңызды тілеп жүрсе, жан жарыңыз махаббат пен мейірім шуағын шашады. Жер бетіне өмір ұрығын себетіндер де аналар. Сондықтан сыйынсақ, Ана деген Тәңіріге сыйынайық та, адамзат!



Сабырбек ОЛЖАБАЙ

ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ

Әлемдік әдебиеттерді қанша ақтарып қарасаңыз да әйел әлеміне батыл қадам жасаған қаламгерлерді таппайсыз. Қазақ әдебиетінде де әйел тендігі, ана махаббаты туралы көптеген кітаптар жазылып, қабілет-қарымын барынша пайдаланса да, биік белестерді бағындырған жазушылар сирек. Оның түрлі себебі бар. Жазушы адам жанының инженері дегенімізбен, адамның ішкі әлеміне кіру қашанда оңай болмаған. Әйелдің шынайы бейнесін жасап шығару үшін талант азық етеді. Ендеше, әйелдің жанын әйелден артық білетін адам табылмаса керек. Осы ретте қазақ прозасы мен поэзиясында шығармашылықтың сан алуан салаларында қалам тербеп жүрген нәзік жанды жазушыларымыз бен ақындарымыз таңсық тақырыпты қай деңгейге көтерді деген заңды сұрақ туады.

Қазақ прозасының бастапқы кезеңінде А.Досжанова, Н.Құлжанова, Д.Байқадарова, Ф. Ғабитова, С.Мыңжасарова, Ғ.Жұбанова, М.Мұқанкеліні еңбек жолын газетте бастағандарымен, қаламдарының ұшына көркем дүниелерді де іліктірді. Солардың ішінде Сара Мыңжасарованың «Қар қыздары», «Әйел бақыты» романдары қазақ қыздарының образдарын жан-жақты ашқан шығармалар еді. Ал Мәриям Мұқанкеліні мен Фатима Ғабитова ана, адал жар тұрғысында Алаш зиялылары туралы естеліктер жазды. Әрине, замана соқпағы оларға әйел тендігі, қазақтарды сауаттандыру тақырыптарын ұсынды.

Осы ана-жазушылардан соң әдебиетке келген бір шоғыр жұлдыз — М.Қожахметова, Ш.Құмарова, Б.Иманғазина, Ш. Бейсенова, С.Латиева, З.Елғондиева, З. Ахметова, С.Досжанова, тағы басқалары проза атты пыраққа мініп, өз биіктеріне көтерілді.

Мағира Қожахметованың «Күннің алтын сынығы», «Әлем — әуен», «Жылы шырай» атты кітаптары өз заманының озық туындылары болды. Осы кітаптарда қаламгер қыз қиялы мен ансар-арманы туралы үлкен тебіреніспен жазады.

Шәрбану Құмарованың «Қыз сыры», «Қос шынар», «Терезелер», «Сәуірдің ақ таңы», «Қазбауыр бұлттар» сияқты еңбектері қазақ әдебиетіндегі ерекше құбылыс. Жазушының осы аталған қай шығармасын алып оқысаңыз да, оларда нәзік жандылардың сырлы сезімдері мөлдіреп тұрады.

Бибігүл Иманғазинаның «Тауқымет» романы — күрделі сюжетке құрылған ауқымды дүние. Жазушы кейіпкері тағдырдың жазуымен жастайынан мүгедек болып қалады. Бірақ жарық дүниеге, жарқын болашаққа, жақсы күндерге деген үміт жетегі қызды алға сүйейді, талпындырады, қайраттандырады, жігерлендіреді. Сондықтан бұл кітапты жұрт іздеп жүріп оқыды десек қателеспейміз. 1995 жылы жазушының «Оқырман көп автор» атануы да тектен

тек болмаса керек.

Жазушы Шәрбану Бейсенованың есімі өткен ғасырдың сексенінші жылдарынан жарқырап көріне бастады. Оның «Тойға келген келіншек», «Сезімтал жүрек» атты кітаптары қазақ әдебиетіне қосылған үлкен үлес еді. Әдебиетке жаңа леп әкелген бұл кітаптарды оқырмандар әлі де іздеп жүріп оқиды. Ал Сара Латиеваның «Бұлбұл», «Мен соғысты көргенім жоқ» деген кітаптарының арқауы заман лебі болғанымен, шығармада әйел образы әдемі ашылады.

С.Латиева шетел қаламгерлерінің шығармаларын аударумен де ай-

налысса, А.Жағанова, Ә.Бөпежанова, З.Наурызбаева, Р.Мұқанова, А.Исмакова, Г.Пірәлиева, Г.Орда, тағы басқалары сын және драматургия саласында өнімді еңбек етіп келеді. Ал, Айгүл Кемелбаева өзіндік өрнегімен танылған қаламгер. Осы апа-әпкелеріне ілескен М.Омар, Л.Қоныс, А.Мантай, Б.Дәулетбаева, З. Жантасова, Ж.Шамұратова, Б.Ауданова, С.Ордашева, С.Әбдіғаниқызы, С.Шәтенова сынды соңғы буынның соны ізденістері, тілдік ерекшеліктері қуантады.

Көкірек күмбездері жырға да, сырға да толы, сезім мен мөлдір мұңға да толы нәзік-жандылар жүректерінің жарқылын поэзия тілімен қалықтатады. Айталық, соғыстан бұрын көрінген Мария Хәкімжанова, одан берідегі Зияш Қалауова, Тұрсынхан Әбдірахманова, Фариза Оңғарсынова, Марфуға Айтқожина, Ақшұтап Бақтыгереева, Қанипа Бұғыбаева, Ханбибі Есенқарақызы, Шәмшия Жұбатова, Гүлнар Салықбаева қазақ поэзиясына соны леп әкелсе, Баян Бекетова, Жанат Әскербекқызы, Жанна Елеусіз, Гүлнәр Өмірбекова, Айгүл Қалтаева, Зияда Исатайқызы, Сезім Мергенбай, Арайлым Мұратәлиева, Ақбота Бейбітбек және басқалары алдыңғы буын апаларының жолдарын жемісті жалғастырып келеді.

«Поэзия патшайымы» атанған Фариза апамыздың әйелдер жанының құпиясын, арманын, махаббатын жырлаған өлеңдері бейнелі тіл арқылы оқырмандарын еліктерді, сүйсінтеді. Ал Марфуға Айтхожинаны қазақ әдебиеті «Поэзия аққуы» деп қабылдады.

Қазақ қоғамы Ақшұтап Бақтыгерееваны «Жайықтың ақ шағаласы» деп еркелетеді. Оның нәзік иірімді өлеңдеріне Ө.Бәйділдаев, Ш.Қалдаяқов, Т.Бақтыгереев ән жазды.

«Гүлдер көзін ашқанда», «Шұғылалы шақ», «Қоштасқым келмейді» деген кітаптарының өзі жанашылдық танытып тұратын Қанипа Бұғыбаеваны қаламдастары «Қазақтың Қанипасы» деп бағалайды.

Күні кеше ғана арамьздан кеткен Күләш Ахметованы да жұрт «Поэзия ханшайымы» деп қастерледі

Жалпы, біз әдебиет айдынындағы аққуларды қалай бағалап жүрміз? Олардың кітаптарын шығару, шығармаларын дәріптеу жөнінде мемлекет тарапынан қандай қолдаулар болып жатыр? Ойлануы қарасам, осыған келгенде, әлі де кібірткіп қалады екенбіз. Біз ең әуелі экономика деп, идеологияны кейінге ысырып қойдық. Осы кенже қалған құндылық ішінде анаға деген құрмет те ұмыт қалды. Біз Отанды, Атамекенді, туған жерді анаға теңеген халықпыз. Ал анасын ұмытқан елдің болашағы жарқын болмақ емес.



Сұлтан ЫБЫРАЙ,
абайтанушы

Бізде тағы да «Paradigm shift» басталып кетті... Себебі ескі қоғамдық жүйе заңдары мен құндылықтары бұдан әрі қарай тиімді жұмыс істей алмайды. Өйткені әлем жаңа халықаралық тәртіпке, жасанды интеллект (ЖИ) заманына, IV өндірістік революцияға қарай жылжып барады. Климаттың өзгеруі, жылдам технологиялық өзгерістер, экономикалық тұрақсыздықтар, геосаяси дағдарыстар, гибридік соғыстар және қоршаған ортаның нашарлауы, психикалық денсаулық эпидемиялары, жалған ақпарат, азық-түлік қауіпсіздігі және киберқауіптер кез келген дайындықсыз қоғамды жүйелік күйреуге әкелуі мүмкін.

Осындай сыртқы және ішкі сынақтар мен сұраныс-талаптарға сай өзгере білген қоғамның ғана өмірі ұзақ болады, әрі ұлттың ішкі тұтастықта болуы, бірегейлікке ұмтылуы да мемлекеттің нығаюына әкеледі. Сондықтан «Парадигмалық ауысу» керек.

«Парадигманың ауысуы» деген термин қоғамдық өмірде қалыптасқан негізгі сенімдер мен құндылықтар жиынтығы және оны қабылдау тәсіліндегі түбегейлі өзгерісті білдіреді. Ол көбінесе дағдарыстармен, технологиялық жетістіктермен, жаңа ақпаратпен айқындалған шындықты (*реальность*) түсінудің мүлде жаңа тәсілдерін ұсынып, ескі дүниетанымдарды алмастырады.

XXI ғасырдың екінші ширегінде «Парадигмалық ауысудың» негізінде ғылым мен технология жатуы керектігі ешкімге күмән тудырмаса керек. ЖИ заманында кім ұтады, артықшылық кімде? Ең үлкен артықшылық — жай ғана бірінші болу. ЖИ-ді түсінуге, қолдануға, бейімделуге бірінші болып кірісу. Бұған білім керек, ғылым дамуы керек, ғылымның дамуында да алда болу керек. Оған әлемдік деңгейдегі озат университеттер мен жаңа технологиялар керек. Басқа жол жоқ.

Ғылым мен жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің мәліметіне сүйенсек, Қазақстанда жетекші шетелдік университеттердің филиалдары ашылып жатыр. Мысалы, Coventry University, Heriot Watt University, Berlin Technische Universität, Cardiff University, University of Arizona және т.б. Тарихта бірінші рет Қазақстан әлемдік озық университеттері бар 14 елдің ішіне кірді, осылай біртіндеп академиялық хабқа айналу жоспары бар, яғни Қазақстан білім экспорттаушы елге, білім беру бизнесін дамытушы әрі жұмсақ күш дайындаушы ел болмақшы. Ең алдымен, озық білім беру технологияларын, оқыту әдістерін, ғылыми ынтымақтастықты трансферттеу және отандық университеттерді халықаралық академиялық қауымдастыққа біріктіру, әлемдік жоғары оқу стандарттарына сәйкестендіруге мүмкіндік береді. Әлемдік озық университеттердің осылай тобымен елімізге келуі — қазақ тарихын-

да бірінші болып отырған феноменалдық құбылыс.

Қазақстан — мемлекеттік қызметтерді цифрландыруда да әлемдегі көшбасшылардың бірі. Орталық Азиядағы ең қуатты суперкомпьютердің Қазақстанға әкелінуі, цифрландыруға мемлекеттік деңгейде маңыздылық берілуі, жоғары оқу орындарында ЖИ міндетті пән ретінде оқу жоспарына енгізілуі, әлемдік көшбастаушы Google, Nvidia, Microsoft сынды ақпараттық компаниялармен бірлескен арнаулы курстардың жазылуы, қазақ, орыс тілдеріне аударылып, платформа мен контенттің жасалынуы да — осы үлкен өзгерістердің негізі.

Бұл ғылыми-технологиялық өзгерістерге Президент Қ.Тоқаевтың ерекше көңіл бөліп отырғаны еліміз мемлекеттің дамуы үшін аса маңызды стратегиялық бағытты дұрыс таңдағанын көрсетеді. ЖИ әлемдік жаңаша дамудың, жаңа экономикалық моделдің өзегі болатынына ешқандай күмән жоқ.

Әлемде қандай өзгеріс болса да оны жасайтын, жүргізетін, бақылайтын әрі дамытатын адам. Әлемнің дамуы бірінші кезекте адамзатқа керек. ЖИ-дің өзі сол адамзаттың белгілі бір даму кезеңінің көмекші құралы ғана. Өмірде орын алып жататын кемшіліктер көп ретте адами факторға байланысты, яғни жекелеген адамдардың білімі, жауапкершілігі, әділдігі пен мейірімінің аздығынан болып жатады. Сондықтан атап айттарымыз, ЖИ адамзатқа дұрыс қызмет ету үшін оны қолданатын адамның кісілік сапасы жоғары болуы керек. ЖИ-ді алаяқтыққа, жемқорлыққа, адамзатқа қарсы зұлымдыққа қолдануға да болады. Адамды әрқашан адами болмысы анықтайды. ЖИ дәуірінде адами капиталды дамытумен қатар тәрбие жұмыстары басты назарда болуы керек екені түсінікті.

Жасанды интеллект дәуірінде адам болу дегеніміз — біздің бейімделу қабілетіміз, шығармашылығымыз, жақынға деген жанашырлығымыз және даналығымыз сынды ерекше адамдық қасиеттерімізбен болып жатқан, болатын өзгерістерге төтеп беру дегенді білдіреді. Бұл бізге көмектесе алатын ЖИ құралдарынан қорықпаумен қатар, адамға ғана тән мейірімділік пен әділдік сияқты құндылықтарды ұмытпау дегенді білдіреді.

Сөз басында «Бізде тағы да «Paradigm shift» басталып кетті!» дедік. «Тағы да» дейтіндей ондай өзгерістер қазақ қоғамында бұрын-соңды болып па еді? Сонау XV–XVI ғасырлардағы Асан қайғы мен Бұқар жыраудан бері XIX ғасырдың екінші жартысындағы Абайға дейінгі уақыт жазушы Мұхтар Әуезовтің атауымен «Зар заман» деп аталады. Ақындар мен батырлар, билер мен шешендер бұқара халыққа ел басына төнген қиындықтарды зарлап жеткізгенімен, одан шығатын төте жолды көрсете алмады. «Зар заман» дәуірі ақындарының өлеңдеріне ұлттың мінезін өзгертетіндей, ұлтты сілкіндіретіндей үлкен идея болмады. Қазақ қоғамы үш ғасырдай сапалы өзгеріске түсе алмай, оның салдары тәуелсіздіктен айырылуға, бодандыққа, Абай тілімен айтсақ «Дәр ул харб» дәуіріне әкелді. Қоғамның көшбасшы, белсенді тұлғалары тудыратын, беретін ақыл-білім жалпақ жұртқа онсыз да белгілі ақпараттық (*информативтік*) деңгейде ғана болды. Ал қоғамды өзгеріске әкелу үшін ілім-білім трансформативті болып, адам санасында түбегейлі жаңа сенімдер мен құндылықтар қалыптастыра алуы керек еді. XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ қоғамында бұл «рухани кризистің»

шешімінің табылуына үлкен сұраныс туды, өзгерісті керек етті. Еуропадағы, әлемдегі ғылыми-технологиялық жаңалықтар, бірінші ғылыми-өнеркәсіптік революцияның сыртқы әсері, Ресейдің отарлау саясатының қадамдары жаңаша ойлап, еуропалық ғылым-білім алуға шақырған Абайдың және оның ізін басқан Алаш зиялыларының тарих сахнасына шығуына алғышарт болды.

Қоғамға пайдалы болуға негізделген білім беру жүйесінің басты шешімі —

АБАЙ және

позитивтік білім беру, адам сапасын өзгертетін пайдалы білім — шеберлік (*профессионализм*) пен дағды арқылы адамдардың, қоғамның сұранысын қанағаттандыру, адам капиталын дамыту. XX ғасыр басындағы Алаш зиялыларының барлығы дерлік жәдідтік үлгідегі медреселерден бастап, Ресейдің, Еуропаның алдыңғы қатарлы университеттерінде оқыды және бірнеше мамандықты қатар игеруге тырысты, ғылыммен айналысты. Ең жазабы сол алған озық білімдерін өз ұлтының қажетіне жаратуға тырысты. Бұл қазақ тарихындағы бірінші «Парадигмалық ауысудың» басы болатын. Бұл өзгеріс те сол кезеңдегі жаңа заманауи ғылым-білімге, халықаралық тәжірибеге негізделді.

Адам сапасы мен оның мінезін өзгерту жолындағы Абайдың жүріп өткен жолы мен ізденістері әлі де өзекті. Шынайы саяси еркіндікке жету үшін бірінші сана еркіндігі керек. Түбегейлі өзгеріс адамның санасында жасалу керек. Адамның басқа жанды жаратылыстан айырмашылығы — саналылығы. Сана (*consciousness-сознание*) көне түрік тілінде бүгінгі қазақшадағыдай сандарды санай білу қабілетін білдіреді. Сөз, жазудың пайда болуы, ғылым, проза, поэзия, технология салаларының дамуы — сананың жемісі. Сондықтан Абай бірінші өзіне «Адам деген кім?» деген сұрақ қойды. Адамның кім екенін біліп барып қана оны сапалы өзгертуге болатынына көз жеткізді, «Адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» дейтін тұжырымға келді. Сократ хакімнің жолымен қазақ тарихында бірінші рет сыни (*критикалық*) ойлауды қолдана отырып, пенденің адамдығын анықтайтын жүрек, ақыл, мінез, қайрат деген ұғымдарды терең зерттеуге барды. Бұл — таза психология ғылымының саласын анықтаушы ұғымдар. Өз заманындағы белгілі батыс психологиясымен де жақсы таныс болды, Мұхтар Әуезов өзінің «Абай Құнанабаев» атты монографиясында философ Рене Декарт пен Абайдың дуализмін (*жан мен тән, мен және менікі*) салыстырып жазады. Қырық үшінші кара сөзіндегі «жан қуатына» қатысты «подвижной элемент», «сила притягательная однородного», «впечатлительность сердца» деген ұғымдар философ әрі психолог Фридрих Бенекенің «Тәрбие мен оқытуға арналған іліміне жетекші нұсқау құралында» кездеседі.

Сонымен қоса Абай «тән» мен «жанды», «нәпсі ілімі» делінетін ислам психологиясы шеңберінде де терең зерттеген. Адам өлген соң жанның «ұшып кетуі» көне түркілік дүниетанымда да бар. Біз өлген соң «жан ұшып баратын»

жерді «Жұмақ» дейміз. «Ұжмақ» деген сөз айтыла келе «жұмаққа» айналды. «Ұжмақ» о баста «Ұшпақ» болатын. «Ұшпаққа шығарайын деп пе ең?» деген сөз тілімізде әлі қолданыста бар.

«Адам деген кім?» деген сұраққа Абай адамда сана болғандықтан ақыл мен ғылым сол адамдықты анықтаушы сипаттар екенін жақсы білген. «Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыт болады» (*Отыз екінші сөз*). М.Әуезовте «Абай ел мінезін сынағанда» деген сөйлемдер бар. Мінезге ерекше көңіл бөлген Абай адам мінезі жайында

«Тасдиқ кітабын» (*Отыз сегізінші сөз*) жазды. «Тасдиқ кітабы» — Абай қара сөздерінің шыны, ең көлемдісі. Қоғамға пайдалы адам тәрбиелеудің, «толық адам» негізін қалыптастыру жолын көрсететін төте әрі қысқаша әдістеме құралы.

Кітаптың тақырыбы адам мінезі жайында. Кітаптың мақсаты — адам тәрбиесі. Туғаннан бастап қоғамға пайдалы, шынайы патриот адам тәрбиелеу үшін қандай шарттар керек және нені оқыту керек? Адам танымы қандай категорияларды қамту керек және адамда қандай қасиеттер болуы керек деген үлкен сұрақтарды қамтиды.

«Тасдиқ кітабының» құрлымы: «Ұрпақ үшін жазылған мінез жайындағы жәдігер» дейді Абайдың өзі. «Толық адам» тәрбиелеу жолы.

Тұжырым: әрбір кісінің адамдығы оның ақылымен және білімімен өлшенеді.

Адамға ақыл мен білім үйрету үшін қойылатын шарттар мен әдістер:

1. Ақыл-есі мен денсаулығы дұрыс болуы керек;
2. Жақсы ата-ана, жақсы ұстаз, жақсы орта (*құрбы*) керек;
3. Бала өздігінен ізденгенше зорлап та, алдап та үйрету, ғылым-білімге талаптандыру, ынтықтыру, білуге ұмтылдыру керек.

Одан кейін үш танымдық категория (*танытатын объект*):

1. Жаратушыны тану; Құдайдың сипаттары: Біреу, бар, құдіретті, әділетті, мәңгі тірі, уақыттан тыс, барлығын көреді, естиді... Құдай адамды жаратушы болғандықтан, Ол сіздің жоспарыңыз бен мақсатыңызды ең терең деңгейде түсінуші. Құдайды тану — жеке дамудың, мәңгілік өмірдің және ішкі тыныштықтың негізі ретінде өте маңызды. Құдайды түсіну арқылы адамдар өмірдің мақсатын анықтайды, өзіне түскен ауыртпалықты жеңілдетеді және өмірдің қиындықтарынан қорықпайтын негіз табады. Бұл қарым-қатынас тұрақтылық көзі, өзінен жоғары күшке сене отырып адам өз өмірінің күрделілігін жеңуге мүмкіндік алады.

2. Өзін тану; Адам кім? Тән мен жан, менікі және мен (сана, тән, жан, рух, нәпсі). «Ең жаман нәрсе өзіңнің кім екенінді білмегенің» депті бір ғұлама. «Сыр мен сымбат екі түрлі» дейді Абайдың өзі. «Сыр» — адамның ішкі дүниесі, «сымбат» — сыртқы дүние, яғни тән. «Сыртқа қасиет бітпейді» дейді тағы Абай. Бүгінгі ғылым сана мидан бөлек өмір сүреді деген тұжырымға келе жатыр. Өзіңді тану — жеке дамудың негізгі алғышарты, ол сізге салмақты шешімдер қабылдауға, басқалармен

мағыналы қарым-қатынас орнатуға және шынайы мақсатпен өмір сүруге мүмкіндік береді. Негізгі құндылықтарыңызды, күшті жақтарыңызды және кемшіліктеріңізді анықтау арқылы сіз өмірлік қиындықтарды ойсыз әрекеттермен емес, төзімділікпен жеңуге мүмкіндік аласыз.

3. Дүниені тану. Дүние — жаратылыс. Жаратылыс, жалпы материя белгілі бір заңдылықтарға сүйеніп пайда болып, дамып, өзгеріске түсіп жатады. Дүниелік пәндерді игеру, (пәндер-фәндер, фә-

«Әділ», «Мейірімді», «Ғылымды-білімді» болу керектігін дәлелдеді. Осы дәлелдің дұрыстығын тексеру үшін «толық адам» сипатын жауанмәрттік (жомарттық-рыцарлық, жауанмард — парсы этикалық ұғымы, «ерлік», «батылдық» және «жанның асылдығы» дегенді білдіреді) сипатпен салыстырады. Хакім кітапта «Толық адамда» қандай қасиет болу керектігін көрсетіп берген және ақынның өз анықтамасы бойынша толық адам қатарына пайғамбарлар, онан соң әулиелер, хакімдер, ең ақыры

Білім, ғылым беру негіз ретінде «өзгерістердің қозғаушы күші» болып қызмет етеді. Ол адамдарға жүйелік теңсіздіктерді анықтау және демократиялық процестерге қатысу үшін қажетті сыни ойлау дағдыларын береді. Білімсіз әділдікті қорғау немесе түсіну мүмкіндігі жоқ.

Әділдік негіз ретінде: «Әділет барша ізгіліктің анасы» дейді Абай. Әділдік қоғам мүшелерінің бір-біріне қалай қарайтынын анықтайтын ережелер мен этикалық шекараларды белгілейді.

адам ақылы мен ислам ілімі арасындағы үйлесімділікті қалыптастыруға бағытталатын әрекет. Мысалы, Абай қолданған «тасдиқ», «тағриф» терминдерінің түп-төркінінің қайдан шыққанына үніле келе, ислам мантиғына (логикасына) тірелесіз. Ал логика — философияның құрамдас бөлігі.

Дәстүрлі ислам логикасының арғы жағы Аристотельдің логикасына «концепция» — «анықтама» мен «силлогизмге» — «пайымдау, тұжырымдауға» барып тіреледі. Әл-Фараби бабамыз грек ойшылдарын тәржімалағанда «тасдиқ» терминін бірінші қолданған.

Бүгінгі ғылым сана мидан бөлек өмір сүреді деген тұжырымға келе жатыр дедік жоғарыда. Абайдың «Өзін танудағы» «жан мен тәні», «тән жанның қонақ үйі», «мен және менікі» дейтін ойлары бүгінгі атақты нейрохирург, адам санасы кафедрасының меңгерушісі Джулио Тонони (*University of Wisconsin—Madison, Giulio Tononi*) мен алғашқы микропроцессор Intel 4004 мен «touch screen» сенсорлық экранды ойлап тапқан Фредерик Фаджиннің (*Federico Faggin*) сана жайындағы түсініктері, сананың тәннен, мидан бөлек бола алатындығы жайындағы деректері мен дәлелдері хакімнің ойымен қабысып жатқанына тәнті боласыз.

Абай өз ойының бастауларын Құран мен хадистерден алғанына күмән жоқ. Мысалы, Тонони «Адам санасы адам сергек отырғанда бірге болады, ұйықтағанда кетіп қалады, ояңғанда қайтып келеді» дейді («*Consciousness and sleep*», *Celpress, 1594 Neuron 112, May 15, 2024*). Құранда жан жайында (39:42): «Сондай-ақ өлмегендердің жанын ұйқыда алады (*сезім қабілеттері тоқтайды*.) Сосын өлуіне үкім берілгендердікін тоқтатады да, басқалардікін белгілі бір мерзімге дейін қайта жібереді» делінген (*Х.Алтайдың түсіндрмесі*). Бұл жерде Тонони адам санасын айтса, Құран адам рухын айтады. Біз бұдан аттары басқа болғанмен, адам санасы мен рухының арасындағы тығыз байланысты көреміз.

Ал физик әрі өнертапқыш инженер Фаджин өзінің кеудесінен ғаламат жарық энергия шыққанын, ол сонда «өзінің рухын, махабатты» көргенін айтады және «Сана — негізгі және азаймайтын шындықтың көрінісі, ол мидың қасиетіне жатпайды» деп тұжырымдайды (*Irreducible: Consciousness, Life, Computers, and Human Nature Paperback — June 1, 2024 by Federico Faggin*).


«Көк тұман — алдындағы келер заман» өлеңінде Абай:

«Әділеттік, арлылық, махаббат пен —
Үш жолдасың қабірден әрі өткенде», — дейді.

Жоғарыда айтылғандай елімізде «Парадигмалық ауысу» басталды, оның негізінде ғылым, білім, технология жатыр, бұл тарапта үлкен жұмыстар істелді. Әділеттілікті негізге алған әлеуметтік мемлекет құру керек деген мақсат та қойылды. Әрине, бұл істің басы ғана. Десе де Абайдың өз сөзімен айтсақ: «Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес» (*Отыз жетінші сөз*). Жан-жағында алып мемлекеттер әртүрлі геосаяси ойындар жүргізіп жатқанда, жекелеген мемлекетте толық өзгерістер мен реформа жасау оңай болмасы анық.

Болашақта бұл идеяны Орталық Азиядағы тілі, ділі, түбі бір елдермен бірігіп, әрі қарай жалғастырып, іске асырса көңілде ХХІ ғасырда тағы бір «Түркі ренессансын» қайталауға мүмкіндік болады деген үміт мол.

ҰЛТТЫҚ ДАМУ



нилік ғылым, Шәкәрім материалистерді «пәнішідер» деген), табиғат, физика, математика, география, биология, т.с.с. Дүниені тану ойлауды, салмақты шешім қабылдауды және еркіндікті дамытады. Дүниенің қалай жұмыс істейтінін түсіну, заңдылықтарды талдау, қабылданған түсініктерге күмән келтіру арқылы сіз қоғамға маңызды үлес қосу мүмкіндігіне ие боласыз. Бұл білім практикалық мәселелерді, күрделі жаһандық мәселелерді шешу және сыртқы пікірлердің оңай ықпалына түсуден аулақ болу үшін қажет. Адам баласы жасағандықтан, ЖИ да — дүниенің бір бөлшегі ғана, онда сезім, эмпатия, ерік бостандығы (*free will*) жоқ болғандықтан, тек белгілі бір алгоритмдердің симуляциялық жиынтығы.

Қосымша үйретуге: Өзінің адамгершілігіне нұқсан келтірмей пайда табу мен зияннан қашық болуды үйрету; жемқорлықтан қашу, адал пайда табу, өзіне, ортасына, қоғамға зиян келтірмеу.

Абай адам Аллаға ұқсау керек дейді. Хадис: «Алла адамды өзіне ұқсатып жаратты». Бұл — физикалық сыртқы ұқсастық емес, адам бойындағы Жаратушының тарапынан келген рух сипатының көрінісі. Құдай адамды Жерге өзінің орынбасары қылып жіберді. Хакім адамның көзге көрінбейтін ішкі табиғаты, рухы Жаратушыға ұқсағандықтан, сол Алланың сипаттарынан «толық адам» қасиетін «тағифтап» («*тағриф*» — ислам логикасында (мантиқ) анықтама дегенді білдіреді, яғни ұғымның, заттың немесе құбылыстың мәнін түсіндіру үдерісі), дедукциялап шығарады, яғни ислам фәлсафасын (мантиқ) қолдану арқылы «толық адам» үш қасиетке:

көміл мұсылмандар жатады. Жоғарыда аталған үш қасиет кез келген адамның бойында бар. Тек соны дамытудың жолында болу керек.

«Тасдиқ кітабын» дін мен философиядан гөрі, негізі адамды, адам мінезін қалыптастыру жолын көрсеткендіктен адамтану, жантану саласына жатқызамыз. «Толық адам» сипатын бойына сіңірген адамнан зұлымдық, жемқорлық, жалпы жамандық шықпайды.

Абай айтқан үш таным жақсы насихатталып, кеңірек түсіндірілсе, құндылық деңгейіне жеткізілсе түсініктер мен құндылықтар ортақтығы қоғамның, ұлттың бірегейлігіне бастайды. Таным ортақтығы ұлттық бірегейліктің негізі, діл ортақтығы.

Мына заңдылыққа назар аударайық, Абай айтқан «Толық адам» сипаты — әділет, мейірім, ғылым. Бұл — жеке адамның қасиеттері болғанмен, мемлекеттік макро деңгейде де қолдануға, іске асыруға болатын идея. Бүгінгі мемлекеттің ұстанған бағыты — әділеттілік, әлеуметтік мемлекет, ғылым, білім, технологияның дамуы. Мемлекеттің халқын әлеуметтік қорғау бұл сол елдік деңгейдегі мейірім болып табылады.

Абай 120 жылдан астам уақыт бұрын айтқан даму қағидасы бүгінгі әлемдік даму үрдісімен айнамай қабысып жатыр және сол жол бізге әлемдік тәжірибе арқылы келіп өзінің дұрыстығын дәлелдеп отыр. Білім беру, әділеттілік және әлеуметтік жүйе — бұл үшеуі дұрыс жұмыс істейтін қоғамның өзара тәуелді негізгі тіректері болып табылады, сондықтан олардың біреуін басқаларынан ажыратып қарау мүмкін емес.

Әділет — әр нәрсенің өз орнында тұруы. Бұл — әлеуметтік жүйенің әділдігін қамтамасыз ететін тетік. Әділетсіз білім беру қоғамға қауіпті, ал әлеуметтік жүйе күйреп, теңсіздікке ұласуы мүмкін.

Әлеуметтік жүйе негіз ретінде: Әлеуметтік жүйе (*үкіметті, мемлекеттік саясатты және экономикалық құрылымдарды қоса алғанда*) — бұл идеалдардың жүзеге асырылатын ортасы. Ол ресурстардың әділ бөлінуін, адамдардың еркін білім алуы және өмір сүруі үшін қажетті физикалық және институционалдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді анықтайды.

Бұл үш жүйе қауіпсіз, бейбіт және біртұтас қоғам құру үшін бірлесіп жұмыс істеуі керек. Біреуі сәтсіздікке ұшыраған кезде, мысалы, сот жүйесі әділетсіз деп қабылданған кезде, ол әлеуметтік жүйені тұрақсыздандырады және білім берудің құндылығын төмендетеді.

Жоғарыда Абай «адам Аллаға ұқсау керек» деп айтқан дедік. Бұны хакім өзі ойлап тапқан жоқ. Имам Әл-Бұхари (622) мен имам Мүслім (284) Әбу Хурайрадан жеткен хадис: «Алла адамды өзіне ұқсатып жаратты». «Сотворил Бог человека по образу Своему и подобию» (*Бытие 1:26—27*) деген христиандық түсінік те бар. Бірақ исламда Алланың өз жаратылыстарына мүлде ұқсамайтыны туралы түсінік сенім негізгі болып табылады.

Осы Жаратушының ұлы (*жалпы*) сипаттарынан Абай «толық адам» «әділетті», «ғылымды», «мейірімді» болуы керек деп, үш қасиетті (*жалқы*) дедукциялап шығарады. «Жалпыдан жалқыға» көшу — бұл дедукция әдісі, яғни жалпы ережелерден, заңдылықтардан немесе теориялардан жекелеген фактілер мен қорытындылар шығару процесі. Ойлаудың бұл түрі бүтіннен бөлшекке қарай бағытталып, ақиқат алғышарттардан қажетті нәтижені алуға кепілдік береді. Осы жерде «Абай дедукцияны білген бе?» деген заңды сұрақ туады.

Америкалық жазушы-саяхатшы (*George Kennan «Siberia and the Exile System» English. Published: New York, Century Co., 1891, I том, 175-бөм*) Джордж Кеннанның «Сібір және Қуғын-сүргіндік жүйе» (1891) атты кітабында Семей кітапханасында Абайдың Леонтьевтен «индукция мен дедукцияның» айырмашылығын сұрағандығы жайында дерек бар. Осы жерде жалпы Абай философ па деген сұрақ қоса туындайды. Батыстық философия мен ислам философиясының айырмашылығы бар, негізі фәлсафа (*пәлсапа*) деп ислам философиясын айтады. Ислам фәлсафасы —



Ғалым МҰТАНОВ,
академик, Қазақстан Жоғары
Мектебі Ұлттық ғылым
академиясының президенті,
Қазақстанның ғылым және
техника саласының еңбек
сіңірген қайраткері

Олжас Омарұлы сынды тұлғаның ұлт тарихында, қоғамда алар орнын айқындайтын көп теңеулерді қарастыруға болады. Әйтсе де адами қасиеттері өте жоғары, сан қырлы, ұлт мүддесіне айрықша адал азаматқа бір сөзбен лайықты баға беру оңай емес.

Кезінде, Қаз дауысты Қазыбек би дүниеден өткенде, оның қызы Камқа: «Төрт тіректің бірі едің», — деп жоқтаған екен. Оқырмандар қазіргі заманда ұлтқа тірек болатын басқа азаматтардың атын өздері айта жатар, мен үшін Олжас Сүлейменов — ұлттың рухани тірегі бола білген, өз болмысымен де, сөзімен де казак халқының абыройын асқақтатқан бірегей тұлға. Ол бойындағы «тек — тәрбие — талант» ұштағанының негізінде жастайынан-ақ өзіне үлкен жауапкершілік жүктеп, маған қарап менің ұлымды таниды деген қағиданы өмірлік ұстанымына айналдырды. Қай уақытта, қай жерде болмасын, ол өзін, мінезін, жүріс-тұрысын, сөз мәдениетін ұлтының айнасы ретінде қабылдады. Содан болар елімізде Олжекеңді өнеге тұтқан інілері, Олжас есімді жастар өте көп. Кейінгі жылдары маған Олжекеңмен жақсы қарым-қатынаста болу бақыты бұйырды. Олжас Омарұлының адами, азаматтық болмысын ашуда тәптіштеп өмірбаянын баяндамай, оның өмір жолының әр кезеңінде ашылған өзім білетін, куә болған кейбір қырларына тоқталсам деймін.

Олжас Сүлейменов кенес дәуірінде-ақ Одаққа ғана емес, әлемге танылған ақын болды. Оны көпшілікке танымал еткен алғашқы шығармаларының бірі — «Жер, адамға табын» атты поэмасы сол кезде бүкіл Кеңес Одағының мақтанышына айналды. Осы шығарманың жазылуы туралы ақынның жұбайы Маргарита Владимировна: «Сол кезде Олжас Мәскеуден оралып, жұмыссыз жүрген, материалдық жағдайымыз өте ауыр болды. Бір бөлмелі пәтерді жалдап тұратынбыз. Бір күні ол үйге жақсы көңіл күймен оралып, редакциядан тапсырма алғанын айтты. Кешкі астан кейін ас бөлмеде осы шығарманы жазуға кірісті. Таңға таяу ас бөлмеге барсам, бөлме толған көк түтін, еденде шашылып жатқан жазуға толған парақтар, үстел басында екі көзі қызарған Олжас шаршап отыр», — деп

еске алған еді. Ертеңінде, адамзат алғаш рет ғарышқа көтерілгенде, сол парақтар ұшақпен таратылып, жерге жауғанын білеміз!

Оның шығармашылығы қалыптасқан стереотиптерді бұзып, поэзияда жаңа жол ашты. Мамандардың бағалауынша, ол өлең құрылымына жаңалық әкелді. Әдетте ұйқас өлең тармақтарының соңғы сөзінде болса, Олжекеңнің өлеңдерінің ерекшелігі, әр жолы ұйқасып, үйлесіп тұрады. Оның

Оның алқалы жиындарда, Парламент мінберінде айтқан ойлары, афоризмге айналған сөздері ел тағдырына, жалпы адамзат болашағына бей-жай қарамаған, жан-жақты ойлайтын гуманист ойшыл, ірі қайраткер екенін көрсетеді. Олжекеңнін: «Тауларды төмендетпей, даланы асқақтатайық», «Бір қайықта болып, тек бір ғана ескекті есу — ешқайда апармайтын әрекет», «Тәуелсіздік — елдердің бір-біріне саналы түрдегі тәуелділігі арқылы

ҰЛТ ТІРЕГІ



өлең, поэмалары, жалпы шығармашылығы тек поэтикалық немесе прозалық әсер емес, үлкен танымдық тағылым береді.

Олжас Омарұлы тіл саласында, әдебиетте ғана емес, тарихта, саясатта ғылыми тұрғыдан ірі жаңалықтар әкелді. Әйгілі «АЗИЯ» кітабы түркі-славистикада тың бағыт ашқаны, тарихта жаңа көзқарас тудырғаны анық. Шетел зерттеушілерінің пайымдауынша, бұл қызыл империяның ыдырауына алғаш сызат түсірген шығармалардың бірі болып саналады. Түркі әлемінің тарихына, мәдениетіне жаңаша көзқарас қалыптастырып, көптеген халықтың рухани еңсесін көтерді.

Алғашқы мамандығы геолог болған Олжекең — ірі лингвист ретінде дүниежүзінде сөз әлемін тұтас қарастырып, ондағы заңдылықтарды, тілаларлық байланыстарды зерттеп, жүйелеп, жаңа деңгейге көтерген зерттеуші ғалым. Оның бұл еңбегін химия саласында барлық элементтің байланыс заңдылықтарын зерттеп, жүйелеген Д.Менделеевтің периодикалық кестесімен салыстыруға болады. Олжас Омарұлының шығармалары, солардың ішінде «Мың бір сөз» туындысы әлі де халықаралық деңгейде мамандардың лайықты жоғары бағасын алатынына сенімдіміз.

Олжас Сүлейменов — әлемдік деңгейдегі ойшыл, қайраткер тұлға.

болмақ» секілді терең ойлы сөздері тек афоризм болып қалған жоқ, қоғамдық-саяси өмірдің қағидатына, ережесіне айналды.

Олжас Сүлейменов — ұлтының ғана емес, адамзат алдындағы жауапкершілікті терең сезінген азамат. 1990 жылы Бакуде өз тәуелсіздігі үшін алаңға шыққан халықты кеңес әскері жаншып қанға бояп жатқанда, халық үніне құлақ асқан Кеңес Одағы депутаты Олжас Сүлейменов болды. Ол ауырып жүргеніне қарамастан, түнде әскери ұшақпен Бакуге барып, сонда жүрген Кеңес Одағының Қорғаныс министрімен жолығып, екіжақты мәмілеге келіп, үлкен қантөгісті тоқтатқанын көп жұрт біле бермейді. Әзербайжан халқының Олжекең деген ерекше зор құрметіне Олжекең арқылы қазақтарға деген құрметіне сол елде іссапарларда жүргенде куә болдым. Бір мысал, 2015 жылы Бакуде Біріккен Ұлттар Ұйымының ұйымдас-тыруымен, Бас хатшы Пан Ги Мунның, бірнеше елдің президенттерінің қатысуымен «Өркениеттер альянсы» атты әлемдік форум өтетін болды. Олжекеңмен бірге «Әл-Фараби — өркениет ойшылы» тақырыбында жеке секция ашуға қол жеткіздік. Межеленген күні жиналыс орнына келсек, Олжекең кіретін рұқсат қағазын қонақ үйде қалдырып кетіпті. Қайта оралып оны алып келуге уақыт тар, не де болса

рұқсат қағазынсыз кіруге тәуекел еттік. Күзет алаңына жақындағанымыз сол екен, сонда тұрған адамдар жаппай бізге қарай бет алды. Сөйтсек, олар Олжекеңді көріп, амандасуға асыға ұмтылған екен. Олжекең деген осындай құрметтің арқасында біздің де рұқсат қағазымыз керек болмай қалды. Қоршаған қауым бізді қошеметтеп секция өтетін жерге дейін шығарып салды.

Олжас Омарұлы — өзінің батырлығының, танымалдығының арқасында әлемде бірінші болып ядролық полигон жұмысының тоқтауына тікелей себепкер болған тұлға. Ол Одақтың Жоғарғы Кеңесінде нақты дәлелдермен Семей ядролық полигонындағы қалыптасқан сұрқия жағдайларды жариялап, қырық жылдай жасалып келе жатқан ядролық сынақтарды тоқтатуға әскерилерді мәжбүр етті. Оның бастамасымен «Невада — Семей» халықаралық антиядролық қозғалысы құрылды. Халық Олжекеңнің өзіне сеніп, сөзіне құлақ салып, осы қозғалыстың нағыз көшбасшысын танып, сонынан ерді. Бұл бастама әлемдік деңгейде ядролық сынақтарға қарсы халықаралық қозғалысқа серпін берді.

Олжекең — бойына ұлылық пен қарапайымдылықты қатар ұштастырған бірегей тұлға. Оның ішкі болмысын ашатын, өзім куә болған жайттармен бөлісуді жөн көріп отырмын. Бір шағын отырыста Олжекеңнің антиядролық қызметін жоғары бағалап, Жапония императоры биік деңгейдегі орденмен марапаттағаны туралы қуанышты хабар алдық. Осындай жоғары мәртебені ақпарат құралдарында жариялап, елге таратайық деген ұсынысымызға Олжекең келіспей, «Қажеті жоқ, кейбіреулердің күндестігін қоздырып қайтеміз» деп бізді тоқтатқан еді. Тағы бірде, оппозициялық бағытты ұстанатын республикалық газетте шындыққа жанаспайтын, Олжекеңді жамандауды мақсат еткен мақала жарық көргенде, оның қатты налығанына куә болдық. «Олжеке, оған налып қайтесіз, халық сізді жақсы біледі ғой» дегенімізде, «Шынында солай, бірақ жастар өсіп келе жатыр, олар басқаша ойлауы мүмкін ғой» деп ренішінің сырын айтты. «Жауап мақала жазайық» дегенімізде, «Қайтеміз, солардың деңгейіне түсіп, итпен ит болып жүреміз бе?» деп бізді тоқтатқан еді. Жүрегі жылы, жаны жомарт Олжекең — кімге де болса, қолынан келсе, өз көмегін аямайтын жан. Кезінде Желтоқсан көтерілісінен зардап шеккен бір топ жасқа кезекті кітабының қомақты қаламақысына пәтер алып бергенін де біреу білсе, біреу біле бермейді.

Олжас Омарұлы, қай уақытта болса да, елдегі жағдайды жіті бақылап отыратынына, жетістіктеріне қуанып, қиындықтарына күйзеліп, әр ахуалға бей-жай қарамайтынына да сан мәрте көзіміз жетті. Ұлт болашағына деген жауапкершілікті өзінің басты өмірлік парызы ретінде қабылдаған жан.

Әлемге танылған қайраткер, жан-жақты талант иесі, ұлтының сүйіспеншілігіне бөленген азаматтың өмір жолы мен еңбегі кейінгі ұрпақ үшін өнеге, ұлттың рухын биік ұстайтын берік тірек болып қала береді.

Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ,
Қазақстанның Құрметті
жазушысы, Халықаралық
«Алаш» әдеби сыйлығының
лауреаты

Иә, биылғы жылы айтулы жазушы-журналист, белгілі баспагер, «Құрмет» ордені мен Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жақау Дәуренбековтің туғанына 80 жыл толды.

Біз, осы Жақау бастаған, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, жазушы-драматург Баққожа Мұқай, «қос қанатты ақын» атанған, бірнеше орденнің иегері Шөмішбай Сариев, Қазақстанның Халық жазушысы, жазушы-кинодраматург Смағұл Елубай, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы-драматург Сұлтанәлі Балғабай қостаған бәріміз – Қазақ мемлекеттік университеті, журналистика факультетінің 1971 жылғы түлектеріміз. Одан бері де, міне, арада елу бес жыл өткен екен.

Мен болашақта қазақ журналистикасына ғана емес, сонымен бірге қазақ әдебиетіне олжа салар бұл азаматтардың қатарына Семей педагогика институтының филология факультетінде бір жыл оқып барып, сәл кейінде қосылғанмын. Ал бұл арада өмірімдегі осындай сәтті бір шақтың қалай болғанын тәптіштеп айтып жатқаным артық болар. Содан екінші курстың алғашқы лекциясы басталған шақта өңі қара торының әдемісі, келісті бір азаматтың қасына жайғаса қалған едім. Ол аман-саулықтан соң іле маған: «Иә, бала, қай жақтан келіп қалдың?» – деген. Түріне бажайлап қарасам, менен жасы сонша үлкен емес секілді. Бірақ өңіне жарасты мұрт қойып алған соң ішімнен «е, жас жағынан менен үлкен болса, болар» деп оған ағалап жөнімді айтқан болдым. Байқаймын, жаңа ғана танысып жатқан «ағайым» маған, жасы кіші «інісіне» риза секілді.

Будан кейін екінші бір сұрағын және алдыма көлденең тартқан, яғни өзімнен өкемнің совхозда сиыр фермасының меңгерушісі болып істейтінін біліп алып: «Міне, енді бәрі белгілі болды. Сонда факультет деканына неше сиыр бердіңдер?» – деп қарап тұр көзі сығырая күлімдеп. «Деканға неше сиыр бердіңдер дейсіз, аға. Соның біреуін ғана пойызбен жеткізу қиын шаруа ғой», – деймін мен. Ол менің бұл жауабыма тіптен риза кейіппен, мәз болып күлген. Ал түптеп келгенде факультет деканы – темірдей иілмейтін тәртіптің адамы Тауман Амандосов ағамызға сиыр бермек түгілі ресторанға шақырып сыйлап жіберу де ойға келмепті. Ондай ой болса да, ол кісіге ұсыныс жасауға жүрегіміз дауаламас еді. Баққожаға қайта оралатын болсақ, бұдан кейінгі жерде екеуіміз қиыспас досқа айналғанбыз. Сонынан анықтай келгенде Бәкем менен бір-ақ жас үлкен болып шыққан. Десе де, қай шаруама болса да атсалысып жататын ол мен үшін аға-дос болып қала берген. Бұл – кейінгі әңгіме.

Алғашқы таныстық барысында ол сөзін жалғай келіп, маған: «Бала, сонымен, бұйырса, журналист боламын де, – деп сәл тоқтап барып, – ал сен өзі Жақау Дәуренбековті білесің бе?» – деген. Жақауды пионер кезімнен «Қазақстан пионері», комсомол кезімнен «Лениншіл жас» газеттерінде үздіксіз жарияланып жататын мақалалары арқылы сырттай жақсы білетінімді айтып-ақ жатырмын. Менен сынақ алып отырған «ағатайым» жауабыма тағы да риза кейіппен: «Енді сен бұған дейін сырттай білетін сол Жақаумен бірге оқитын боласың», – дегені. Бұған аң-таң болған мен: «Ол кісі пионер, яки комсомол басылымдарының бірінің қызметкері болар», – деп Баққо-

жаның сөзіне сенбестік танытқанмын.

Ал расында ол бізбен, бізбен деймін-ау, мен бұрыннан сырттай танитын Жақаумен курстас болып шыға келгенмін. Сөйтсем, мектептен кейін ол өзі оқыған Арал ауданындағы Сексеуіл стансасындағы білім ордасында пионер вожатыйы, одан соң аудандық «Толқын» газетінде әдеби қызметкер болып еңбек етіп, бізге қарағанда үлкен өмірдің шет жағасын көріп келген азамат екен. Иә, сол жылдары журналистика факультетіне екі жылдық еңбек өтілі болмаса, құжатынды қабылдамайтын-ды. Менің мұнда семейлетіп барып Жақаулардың

батында былайша сабақтайды, яғни Шұға келін болып түскен әулет әдебиет пен мәдениетке жақын орта болып шығады. Атасынан бастап сандық-сандық жиналған кітаптардың ұйытқысы болыпты. Бүгінде жасы тоқсанға жақындап отырған Шыңғыс қария інісі Жақаудың жазушыға, әдебиетке жақын болып өсуіне бірден-бір себепші болған көрінеді. Содан бала Жақаудың мақалалары бесінші сыныптан бастап жергілікті басылымдарда, одан әріде республикамыздың пионер, комсомол басылымдарында жиі жариялана бастайды.

Осы орайда Жақау туралы мақа-

редакция алқасының мүшесі ретінде жалғастырған. Сол жылдары кейінде журналистика ғана емес, әдебиеттің жампозы атанған Оралхан Бөкеев, Фариза Оңғарсынова, Акселеу Сейдімбек, Серік Әбдірайымов, Кәдірбек Сегізбаевтардың сапында болған ол, хакім Абай айтпақшы, «соларға ұқсап бағуға» тырысқан. Соның айғағындай, бұл да сол жылдары журналистика мен әдебиетте жиі жарияланып жататын түрлі республикалық бәйгелердің төрінен көріне білген.

Бұдан кейінгі жерде оның баспа саласындағы жемісті еңбек жолы басталды. Ол бұл саладағы қызметін «Өнер»

КУРСТАС ҚАЛАМГЕР ТУРАЛЫ СӨЗ



Суретте: Студенттер Жақау Дәуренбеков пен Дәулет Сейсенұлы мына суретке осыдан алты жылға жуық уақыт бұрын түскен

сапына қосылғаным да сондықтан.

Ұзын сөзді қысқартып айтатын болсам, уақыт содырмай жағалап барып Жақана сәлем бергенмін және өзін баспасөз арқылы бұрыннан сырттай танытынымды айтып жатырмын өзімше. Бұған ол кәдімгідей риза болып қалды. Риза болғандығы шығар, арада көп уақыт өтпей мені өзімнен қызылордалық студент жерлестерінің кешіне ертіп барған. Сол шақтарда студент жерлестердің басқосуы жер-жерде өтіп жататын-ды. Айтпақшы, ол оған дейін мені өзімізбен бірге оқитын Шөмішбай, Сұлтанәлі, Амангелді сынды қызылордалық жігіттермен таныстырған. Соның ішінде оқуға түскенше Шөмішбай екеуі Арал аудандық «Толқын» газетінде бірге қызмет еткен көрінеді. Сонда менің курс тобындағы айналдырған жиырма бес студенттің төрт-бесуінің Қызылорда жағынан болғанына таңырқап қалғаным рас. Енді ойлап отырсам, оның себебі мынада ма деймін... Біріншіден, Қызылорда – ежелден қазақы өңір. Екіншіден деп айтсақ, сонау жиырмасыншы жылдардың ортасында осында еліміздің туы көтеріліп, астана болғаны және бар. Өзі де жанып тұрған абитуриент Жақаудың жазған шығармасы қолына тиген жасынан, ең алдымен, ғалымдығымен жалпы қауымның көзіне іліккен экземенатор оқытушы, кейінде әдебиеттің алыбы атанған Мұхтар Мағауин: «Сені оқуға алмағанда, кімді аламыз», – деген екен.

Ал Жақана қатысты әңгімені марқұмның Құдай қосқан жары Шұға ханым жолдасының сексен жылдық мерей жасына орай жақында республикалық басылымдардың біріне берген сұх-

ламыз тым ресми болып кетпесін деп бір жанды естелік айта кетейін. Жоғарыда оның балығы тайдай тулаған Арал өңірінен екенін айттық. Содан қысқы демалыста еліне жол тартатын ол қайтарда ортамызға бір чемодан балықпен оралатын-ды және біз көріп-білмеген балықтың түр-түрі баршылық. Бұл енді Аралдың болып-толып тұрған шағы. Ал қаяз дегеніңіз – қазыға бергісіз. Никольск базарының түбіндегі университеттің Виноградов көшесіндегі жатақханасының бір бөлмесінде бірге тұратын Жақау, Баққожа, Шөмішбай – төртеуіміз соның бірірін алып, орталықтағы «шахта» деп аталып кеткен кафе іспеттес асханаға жөнөп береміз. Барсақ, онда әдеттегідей әйгілі ақын Мұқа – Мұқағали Мақатаев, Баққожаның жерлес ағасы отыр екен. Сөйтіп, біз деген Мұқамен Жақаудың, Аралдың бал татыған балығының құрасында сыралатып, әңгіме-дүкен құрып отырғанымыз күні кешегідей есімде.

Солай дегенде, Жақау ішімдік жағына жоқ еді. Оның студент атанған соң қаламына тіптен де қамшы салдырмағаны тағы рас. Курстасымыздың арамьздан топ жарып университетті бітірмей жатып сол шақта әрбір журналистің арманындай болған республикалық жастар басылымы – «Лениншіл жас» газетіне қызметке орналасқаны да, «Бөгөнауыл балалары» деген атпен алғашқы жинағын жарыққа шығарғаны да шындық.

Аталған басылымда Жақау табаны күректі оншақты жыл қызмет етті. Мұндағы әуелгі қызметін қатардағы тілшіден бастаған ол кейінде бөлім меңгерушісі,

баспасында бөлім меңгерушісі болып бастап, сонынан Бас редактордың орынбасары болып жалғастырған. Ал егемен ел атанып, тәуелсіздікке қол жеткізген шақта сол кездегі Баспасөз министрі Алтынбек Сәрсембаевтың ұсынысымен «Ана тілі» басылымына директор болып барған. Оның ұлттық құндылықтарға, әсіресе тіл мәселелеріне бұрынғыдан да мықтап ден қоятыны осы кез. Солайша ол арада көп уақыт өтпей жатып ҚР Баспасөз және полиграфия ісінің қайраткері атанған. Бұл да арамьздан шыққан бірден-бір баспагерге лайықты құрмет деп білеміз!

Баспа демекші, ол осы салада еңбек етіп жатқан шақта мен Алматыға республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінің Семей өңірі бойынша меншікті тілшісі қызметіне бекітілуге келе қалғанмын. Сонда «Қазақстан» қонақүйіне орналасқан менің бөлмеме Жақау өзінің студент кезінен аса сыйлас достары Болат Асанбаев, Мәди Айымбетовпен берге келіп, батасын беріп кеткені де есте. «Социалистік Қазақстан» газетінің Қызылорда облысы бойынша меншікті тілшісі Байжігіт Әбдірақовты былайғы жұрт дене-бітімне ғана емес, жүріс-тұрысы, тындырымды ісіне қарай «қара патша» деп әспеттеп жатады. Тілші деген – абыройлы да жауапты қызмет. Билікке жақсаң – халыққа, халыққа жақсаң – билікке жақпай қалуың мүмкін. Ал ол кісі – қай ортада болсын абыройлы. Саған сол ағамыздың жолын берсін», – деген ол. Мұндай аталы сөзге қайтіп бас имессің! Ширек ғасырға созылған тілшілік еңбек жолыма мен өз тарапымнан курстас аға-жолдастың осы баталы сөзін басшылыққа алғанмын.

Содан беріде қанша жыл сырғып өте шыққан. Кәсібі бойынша журналист, нәсібі бойынша жазушы атанған, өмірінің соңғы жылдары баспа саласының білгіріне айналған Жақау – жасы келген шағында, нақтылап айтқанда, мерейлі 75 жасқа толғанда Мемлекет басшысы Қ.Ж.Тоқаевтың тарапынан мадақ, құттықтау лебізін естіп кеткен адам. Соған орай курстас аға жолдасымызбен хабарласқанымда көңіл күйі де, алдына қойған мақсаты да өте жоғары еді. Өкінішке қарай, сол шақта өршіп тұрған тәжтажал індеті арамьздан Аралдың абзал азаматын алып кетті. Бір жақсысы, артында мол әдеби мұрасы қалды. Жиырмадан астам кітаптарынан тыс тандаулы алты томдық еңбегі жарыққа шықты. Оларды саралап-талдау әдебиет сыншыларының еншісінде. Белгілі қаламгердің тартпасында қалған үш пьесасы мұның сыртында. Олардың сахнаға жол тартуы болашақтың еншісінде деп білеміз. «Асыл кездік қап түбінде жатпайды» демекші, курстас қаламгердің асыл шығармалары да «шаң басқан архивтерден табылып», оқырман кәдесіне жарай беретініне сенеміз!



Мырзан КЕНЖЕБАЙ

*Әулие Мөңке айтқаны,
Айнымай келді алдыма.
Бағымның неден қайтқаны,
Құдайдың көңілі қалды ма?
Елімді билеп алды ғой,
Кешегі келген қаңғыма.*

Бұл — Ақтөбе уәлаятының Шалқар аймағында дүниеге келген Сарышолоқ Боранбайұлының ғазалы. Ол бұл жерде «кешегі келген қаңғыма» дегенде «есіктен келіп, төр менікі» деп ойына келген ойранын салып жүрген патша заманындағы орыс отаршыларын айтып отыр.

Біз ашқан жаңалық емес, егер сен ең алғаш шақалақ дауысың шыр етіп, кіндік қаның топырағына тамған, Жаратқан Иеміз әуел баста сенің ата-бабаңның иелігіне шет-шексіз жомарттығымен жарылқап берген, ұшқан құстың қанаты, жүгірген аңның тұяғы талатын туған жерің ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетіп жатса, өзін шыбын жаның шыркыраған шын шайыр болсаң, осылай деп шерменде күйге түспегенде қайтер едің?! Демек, нағыз ақын — өзі өмір сүріп отырған заманда тамағы тоқ, киімі көк, билік жақтан берілген азын-аулақ жүлде-пұлде мен атак-даңқ-сымаққа, сый-сияпатқа мәз болып өмір өткізетін пенделерден мүлде басқа жаратылыс. Әсіресе жер-суына кез келген келімсек, о жар отаршы ортақтасып додаға салмақ болып жатқанда, қашан да нағыз ақын ғана жұртына, ұлтына басқа жұмыр-басты пенде атаулының бәрінен бұрын ұран тастайды. Міне, тәуелсіздігіміз Иса пайғамбардың жасынан асып кетсе де есімін әлі күнге елеусіз қалдырып, нағыз ел болып ескерерлік деңгейде көтере алмай келе жатқан есіліміздің бірі де бірегейі осы — Сарышолоқ Боранбайұлы деп табан тіреп тұрып айта аламыз. Әйтпесе:

*Қалмақтан қиын болды да,
Орыстың салған ойраны.
Қазақ деген сорлыға,
Батып тұр қатты «сайраны».
Алты ата Әлім баласы,
Он екі ата Байұлы.
Жағалбайлы Жеті ру!
Күнде жасып жүргенше,
Көзден аққан жас кепсін.
Орысқа құл болғанша,
Қанжығада бас кетсін, —*

деп мірдің оғындай отпанды сөздерін туған жерін нағылетті ниетпен аттаған ата жауының атын атап тұрып, Сарышолоқ Боранбайұлының қай кезде, қай ақын айта алып еді?! Ол — осы аты аталған Кіші жүз тайпаларының ішіндегі Әлімнің Шектісінің Тілеу деген, кеменгер жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов айтқандай, ең бір жаугер руының ұрпағы-тұғын. Оның «әулие

Мөңке» деп отырған елінің жүз жылдық болашақ тағдырын көзбен көріп, қолмен ұстаған, әулиелікпен болжап, сол болжамының бәрі бүгінде дәл келіп отырған Мөңке би Тілеуұлы да осы Тілеу руынан болатын.

Иә, Тәуелсіз заманды қайдам, бірақ қазақтың басынан өткен небір «зар-замандарда» жатжерліктер салған зорлық пен зобаланды зармен запыран ғып төгіп, төгіп қана қоймай, азаттық үшін жан алып, жан

*Ырғызбенен Қайыңды,
Ұлы Борсық, Біршоғыр,
Әлімтау, Тобылғы сайыма,
Орыс еркін жайылды.
Қылп еткенге түрмесі,
Шынжырлы бұғау сілтесі!
Шен үшін талас-тартыс боп,
Бүлінді елдің іргесі, —*

деп Ырғыз, Шалқар, Арал, Ұлы Борсық құмы алқабына орыс үстемдігі орнағаны аз болғандай «шен үшін талас-тартыс болып», қазақтың

жырында «орыс», «кәпір» деген сөздер жиі кездесетіні тәуелсіздік алғанға шейін Сарышолоқ Қорабайұлының атын айтқызбайтын кедергі болып келді. Ал, шындығында, Сарышолоқ бұл екі сөз арқылы бүкіл орыс халқын күстаналап отырмағаны, сол замандағы сөз қолданысы, стилі, ел ішінде қалыптасқан ешқандай жаман ниеті жоқ үйреншікті «орыс» деген атау арқылы қазаққа қорлық пен зорлықтың алуан түрін емін-еркін жасап отырған тек

ШЕРМЕНДЕ ШАЙЫР

беріскен ғазауат шайқасқа ең әуелі ең адал ұлдары — ақын-шайырлары шақыратын болған. Сол сияқты өткен ХХ ғасырдың бірінші ширегінде дүниеден озған Сарышолоқ шайыр туралы сөз қозғағанда, оның есіміне «шерменде шайыр» деген қосымшаны қосқың келеді де тұрады. Оның кеудесінде күндіз-түні тыным таппай дүрсіл қағып тұратын жұдырықтай жұмыр еті-жүрегі «елім», «жерім», «тілім», «дінім» деген шер мен шеменге толумен өтті. Оның өмірінің көбі патшалық Ресейдің қорлық-зорлығында өтсе, қалғаны кеңестік Ресейдің алғашқы жылдарының ырың-жырыңымен, ақ пен қызылдың алма-кезек алақұйын шапқыншылығының астында болды. Расында, мына біздің аталарымыз бен әкелеріміздің де өмірінің көбі солай өтті. Десек те соның бәрін дәл Сарышолоқ шайырдай бірде шер мен шемен қылып, бірде аттан салып атойлап айтқан ақынды өз басым естіген де, көрген де, оқыған да емеспін (*Махамбет ертерек кетіп қалды ғой...*). Оның біз айтып отырған шері мен шемені Ресейдің құрсауына түскен қос дәуір қоғамындағы қазақтың тілі, діні, мәдениеті, ұлттық ар-намысы сияқты рухани құлдыққа және жер-суынан айырылып, қанау мен тонауға, яғни рухани да, материалдық та құлдыққа түсуінен туған шер-шемен болатын. Дүйім бірнеше ғасыр қазақ душар болған адыра заманды қарһәлләзи жадыра заманға айналдыру өзі күн кешіп жүрген қоғамда да енді мүмкін болмай бара жатқанына көзі жеткесін қабарып қалған көріпкел көңілі жетімсіреп, жүректегі уытын жыр ғып төгумен өтіпті ол. Сондықтан да:

*Жүретін желіп, шаңғытып,
Ерлерім жүр қан құсып.
Қанды кек буып жүректі,
Бермей тұр Құдай тілекті.
Зығырданым қайнаумен,
Шапқынмен күнім құр өтті.
Отарба келді ойрандап,
Көк түтінін шұбалтып.
Әскері жүр тайрандап,
Шалқар көлден құр атып, —*

деп отаршылдықтың қабындап тұрғанына күйінсе, енді бірде:

*Кәпірден келген зауалдан,
Талай қыршыным жұлынды.
Алаң да алаң арыстар,
Мылтықты көрсе бұғынды.
Атжақсы мен Жайыңды,*

ұлттық, милеттік сана-сезіміне, мәдениеті мен ұлттық тәрбиесіне, тұтас руханиятына залал келе бастағанын ол сол заманда-ақ ақындық қырағы да сергек сезіммен болжап білген тәрізді. Болжап білген демекші, жер сатпақ немесе жатжерлікке пәлен жылға жалға жер бермек түгіл, қазақ даласының бір уыс топырағына орыс әскерінің етігінің ұлтаны тигеніне күйінетін ақын Шалқарға тақау маңдағы Жомарт көлінен орыстардың құс атып жүргенін көріп:

*Жомарттан ұшқан үйрек-қаз,
Орысқа болды-ау несібе.
Мақтанып оңшең ақылы аз,
Байлық айтады несіне?—
дейді де:
Біткен кезде жарқын жаз,
Қыс түседі есіне.
Жүк артқанға мәз болып,
Ілеседі байдың көшіне, —*

деп ел ішіндегі байсымақтардың ел қамын емес, қарақан басының ғана қамын ойлайтынына күйінсе, екінші жағынан, қарапайым, кітабан қазақтың ертеңгі ұрпағы кім боларын ойламай, ақжағалылар не айтса, соны қоштап, көшке ілесіп жүре беретін тайыздығына ашу-ызасы келіп, осындай қазақы болмысты бір түйреп өтеді. Олай болса, Сарышолоқ Боранбайұлының әр жыры қандай заман кетіп, қандай қоғам келіп орнығып жатса да сол заман, сол қоғам қазағының маужыраған ұйқылы-оюу санасына самал соқтырып, ұлттық сезімін сергітерлік өте киелі де қасиетті жыр-дұға, ұлттық намыс пен ұлттық кекке суарылған семсерсөз дүние емес пе?! Әттеген-ай... Ұтыры келгенде ұмытпай айта кетейік, тәуелсіздік алғанымызға соншама жыл өтіп, ақылы толысқан шаққа жетті десек те, Сарышолоқ шайырдың бүгінгі жас ұрпағымызға да, келер ұрпаққа да аса қажет ұлттық, тілдік, діндік, дәстүрлік, ақырында ақындық-азаматтық намыстың ұраны дерлік ұлағаттарды жырмен жазғаны туралы не мектеп, не жоғары оқу орындары оқулықтарында әлі де сынар ауыз сырлы сөз жоқ. Оның нақты себебі біздің ғасырлар бойы Ресей отаршылдығында болып, санамызға сіңіп қалған бодандық, құлдық мінезден әлі де болса толық арыла қоймағанымызда жатқанын жасырмақ болсақ та, жасыра алмаймыз. Әсіресе «ат үстінде өлсем арман жоқ» деп келетін бұл жаужүрек шайырдың әр

патшалық Ресейді ғана айтқаны сол кездегі бес жасар балаға да түсінікті болатын. Осы бір-екі ауыз атау септік арқылы-ақ ақын өзінің әлеуметтік-философиялық дүниетанымын көрсетіп отыр. Ол замандағы қарапайым қазақ ешқашан «жерімізді Ресей басып алуда» немесе «Ресейден жәбір-жаба шектік» деген емес, үйреншікті «орыс» немесе «кәпір» деген сол заманға тән екі сөзді қолданған. Мысалы:

*Ретті жерде ұмтылмай,
Орынсыз босқа сыңсыдық.
Қамытты өзіміз кигенше,
Өлгеніміз дұрыс жұлқынып.
Кәпірдің ойы не екен деп,
Ісінен бұрын құлқын ұқ.
Душпанға қарсы ер азайды,
Бас көтерсе құртылып.
Кәпірге жайған дастарқан,
Шұлғау болды-ау жыртылып.
Қалдырмай істі ертеңге,
Бастайық істі тындырып.
Ойқастап жаудың ордасын,
Салалық ерлер бір бүлік, —*

деп азаттық үшін орыс халқына емес, отаршылдыққа қарсы ашық айқасқа шақырады.

Тағы да ұтыры келгенде айта кетейік, Сарышолоқ шайыр бұдан басқа да, мейлі табиғат лирикасын, мейлі, махабат лирикасын жырына арқау етіп алса да, Алла Тағала оған ақындық атты өте киелі өнердің ауызбен айтып жеткізгісіз небір қыры мен сырына қанық шеберлікті аямай-ақ ағыл-тегіл бергені көрінеді де тұрады. Оның әрқайсысы — өз алдына көлемді тақырып қып талқылауға тұратын дүниелер. Біз бүгін оның тек өз заманында Ресейдің озбыр да о жар құлдық-отарлық саясатының құрбаны болып, қорлық-қасірет шеккен туған халқының зарлы, запыранды зарын жыр ғып төгіп қана қоймай, «азаттық үшін ат үстінде өлсек арман жоқ» деп ұлы күреске шақырған жырларын ұрпаққа үлгі болар деген үмітпен ұсынып отырмыз. Өйткені оның Ресей отаршылдығына, «орыс озбырлығына» қарсы бас көтеруге шақырған отты жырлары әлі де болса ел арасына кеңінен таныла қойған жоқ. Оның «озбыр орыс», «қаңғыма», «кірме», «кәпір» деген сөздерін, яғни сол замандағы әдеттегі атауды қалай өзгертіп беруді білмей «басы қатып» жүргендер әлі де бар. Ұмытпасам, 2000 жыл ма, әйтеуір Ресейден тәуелсіздік алғанымызға он жылдан астам уақыт

өткенде, Сарышолоқтың төрт-бес өлеңін таңдап алып, бір басылымның өзіме таныс қызметкеріне «Осыны жариялашы» деп бергенім бар. Арада үш-төрт күн өткенде әлгі досым телефон шалып: «Өлеңдері керемет екен, бірақ...» — деп ар жағын айтпай тұрып қалды. «Ей, не болды?» — десем: «Сен өзің де ақынсың ғой, мынаның ішіндегі «орыс», «кәпір» деген екі сөзді өзгертіп берші», — деп кара-а-а-п тұр. Не айтарымды білмей аузыма қазақ-

Еңірегінде жауларым

Көрсем-ау сонда сұрқыңды-ай.

Сарышолоқ шайыр осылай дей келіп, аңқау да момын қазақ елін орыс патшасының сұркия саясаты қалай өз ішінен ірітіп бара жатқанын сарабал сұңғылалықпен аңғарып:

Көрген соң ынжық түріңді,

Аяққа басып дініңді.

Шүлдірме қылып тіліңді,

Зар етіп шығар күніңді,

Айдап салды: «Үр, айтман!»

САРЫШОЛАҚ



Біріңе соғып біріңді,—

деп шерменде күйге түсіп шерлі жыр төгеді.

Жасыратын несі бар кешегі кеңестік дәуірде қазақты тілінен, дінінен, ең әуелі ұлттық салт-дәстүрінен, ұлттық тәрбиесінен безіндіру саясаты сол патшалы Ресей заманында-ақ басталса, оған қазақтың өз ішінен шыққан атқосшы алақүлік, екіжүзді сол кездің орысқұмарлары да қосылғаны растұғын. Соны ақынға тән сергек сезімді жүрек иесі Сарышолоқ та байқап:

...Өзіңе басшы сайлады,

Араңда жүрген залымды

Сұрамай алды малыңды.

Кешегі туған көрдемше

Сақалдан алды шалыңды, — дейді.

Шынтуайтына келгенде, кешелі-бүгінгі қазақ поэзиясында Ресейдің қазақ миллетіне жасаған шет-шегі жоқ қорлық-зорлығы туралы тиіп-қашқан бірлі-жарым өлеңдер болмаса, үш ғасырға созылған сол қасіретті отаршы елге деген кек пен өшпенділік көкірегің кернеп ақтарыла айтқан, дәл Сарышолоқ Боранбайұлынша жеткізіп айтқан ақын болды ма, білмейміз.

Өтті ғой ғұмыр жылаумен,

Патшадан теңдік сұраумен.

Ояз көрсек шұлғыдық,

Аяғын құшып құлаумен.

Ар да, ұят та қорлайды,

Сорлы көз соны көргесін,

Кеудемде кегім шарлайды.

Бір зұлыммат биледі,

Қазағым көрген жер-көкті.

Алдым — түпсіз, артым — жар,

Көзімнің жасын селдетті... —

деп зар илесе, одан әрі:

Әй, орыстар, орыстар,

Биік тең бе дөңеспен?

Еліме келдің қоныстап,

Патшаң берген кеңеспен.

Аштарыңды тоқ қылып,

Мекен берген мен емес пе ем?! —

Тойындың ба бұл қалай?

Дін-мұсылман дейді ғой:

«Адамзатқа қайғы ортақ».

Соны сендер білсеңдер

Бірігіп қам жемес пе ең?

Сендерде бар қайыршы,

Біздерде де жетеді.

Орысым, ойлап қарасаң,

Адамның жоқ бөтені.

Адам Ата ұрпағы,

Тату болса нетеді?

Адамзаттың бәрінің,

Құдайға жоқ бөтені, —

деп әрі басалқы терен, әрі тұңғыық, адамзат атаулыға ортақ ой айтады.

Ресей отаршылдығы хақындағы өлеңдері қазақты қорлау мен зорлауға қарсы қанды кекке ашықтан-ашық шақырып, ұран салған Сарышолоқтың атын атауға ресми орта әлі күнге дейін тартынады. 1947 жылғы 21 қаңтардағы «Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел кателер туралы» қаулысында Дулат, Шортанбай, Мұрат Мөңкеұлы, Әбубәкір Кердері, Ғұмар Қараш, Балқы Базар, Шәңгерейлердің «озар елді тозар қылатын» кертартпа-лар санатында есімдері жарияланды. Кейін, арада жылдар өткенде Құдай беріп солардың бәрі ақталды. Бірақ Сарышолоқтың есімі ешкімнің аузына іліккен емес. Оның мұндай «кешірілмес күнәһар» болуына өлеңдерінде «орыс» деген сөздің жиі ұшырасатыны себеп болғаны сөзсіз. Сол тұста «Ал ол «орыс» деген сол заманның қалыптасқан ешқандай ерсілігі жоқ сөз саптауымен патшалық Ресейді айтты ғой» деп бір ауыз араша сөз айтар тірі пенде, не ғалым не «ұлы жазушылар» шықпады. Иә:

Патша таққан айдардан,

«Бұратана» болдық болысқа.

Әскері көп қой демесең,

Ақымақ көп қой орыста, —

деген орыс ұлтына емес, Ресей отаршылдығына қарсы сол кездегі үйреншікті сөзді ол кезде қай «белсенді» қазақ құптасын?..

Алла Тағала ақындық қасиет берген адамның бойынан, егер ол шын ақын болса, әулиелік те, көріпкелдік те, болашақты болжап білетін сәуегейлік те қылаң беріп тұратын көрінеді. Тіпті Жаратқан Иеміздің сүйікті пенделері пайғамбарлардың ішінде де өлең жазғандар аз болмаған. Ал енді осы Сарышолоқ шайыр:

Дос болып келген кешегім,

Соңыма түсті найза алып.

Қару ұстап сайланып,

Жау болды бүгін алданып.

«Бұратана халық» деп,

Әр нәрсені ойға алып, — дегені

жатжұрттық отаршы, қанаушыдан күндердің күні болғанда сол «бұратана қазақтың» азаттық алмай көзі ашылмайтынын болжаған сынайлы. Оған оның Ресейдің қол астындағы ауыр хәлді суреттей келіп:

Таң атар әлі теңгерме,

Қан менен жастың сұрауы,

Ағыны қатты селден де,

Бәйтеректер де құлауға.

Сол кезде қазақ топтасар,

Асылдарын жоқтасар.

Кекқуар шығар елден де

Жазасын сосын тартқызар,

Менменсіген кердеңге, —

деуі оның ел келешегін, ұлт келешегін болжайтын көрегендігіне, Тілеу Мөңке биден тараған әулие тектес ұрпақ екеніне дау туғызбас дәлел болса керек.

Сарышолоқ Боранбайұлы — Абайдан сегіз жылдан кейін дүниеге келген екен, яғни Абайдың замандасы. Абай өз ұлтын орыстың ғылым-білімін үй-

рену арқылы онымен тенесуге үндеді. Қазақтың басындағы сол заманауи ауыртпалық атаулыны оқу мен ғылым үйрену арқылы аластамақ болды.

Ал Сарышолоқта неге ондай деген сыңар ауыз сөз жоқ. Бұны, бір жағынан, қос шайырдың екі түрлі ортада ес біліп, етек жапқанынан деп те түсінуге болатын шығар. Өйткені Сарышолоқ туып-өскен өлкеде орыс отаршылдығына қарсы ұлы жойқын көтерілістер дүркін-дүркін болып тұрған еді. Оның үстіне қаламы мен кекке суырылған қылышын қатарынан қару қылуға ант берген Сарышолоқтың ең басты ұраны өзінің аталасы, отаршылдыққа қарсы сол өңірдегі көтеріліс басшысы Мырзағұл би Шыманұлы губернаторға айтқан «бұл жер — әуелі Алланыкі, сосын қазақтікі» деген сөз болатын.

Несін айтасыз, өмірден осылай «қазағым», «миллетім», «жерім», «елім» деп, жаттың жәбір-жапасына көніп отыра бермей, «*Күнде жасып жүргенше, көзден аққан жас кепсін. Орысқа құл болғанша, қанжығада бас кетсін*» деп өмірі арпалыспен өткен Сарышолоқ Боранбайұлының есімін тәуелсіз елінің көгіне көтеріп, баршаға мәшһүр етуге енді исі қазақ атсалысса да артық болмас еді. Оның есімі Абай, Махамбет, Әбубәкір Кердері сипаттас ұлт алыптарының белортасында тұруға әбден лайық.

Өзім Сарышолоқтың ұлт-азаттығы жолындағы күрескерлігі Махамбеттен еш кем емес екенін ара-тұра бір-екі ауыз өлеңдерін білетіндерден бұрын да байқап қалып, тереңірек білуге қазақи «мойын жар бермей» жүрген болатын. Кейін оның өлеңдерін (*шамасы 15-17 баспа табақтай-ау*) дүниеден озған шалқарлық Нұрғали деген жерлес досымнан алып оқып едім. Нұрғали ол кезде Талғар қаласында тұратын. Сосын ол қолжазбаны інісі Нұрлығалидың қолынан көрдім. «Жарыққа шығарайық», — деп едім бермеді. Тағы бірде Сарышолоқтың кім екені айтылып: «Ақынның жырларын кітап етіп бастырайық», — деп жоғарыға, ел басқару жүйесінде жүрген қазақтың ұлттық мәдениеті мен әдебиетінің үлкен жанашыры болған азамат И.Тасмағамбетовке хат жазылды. Өне-міне деп жүргенде оның да сәті түспеді.

Бүгінгі әңгімеге тиек болып отырған кітапты сонау жылдары Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары, бір кездері Шалқар ауданын басқарған марқұм, әдебиет пен өнердің жанашыры, ұлтшыл азамат Жеткерген Оралмағамбет берген еді.

Біз бұл жолы ақынның бүкіл қазақ миллеті атынан адыра заманды жадыра қылуды арман еткен рухты жырларынан ғана үзінді келтірдік. Шерменде шайыр Сарышолоқтың ел азаттығын аңсаған азаматтық жырлары, жыл маусымдарын суреттеген сыршыл табиғат лирикасы, ұлттық тәрбиеге көбірек бет бұрғызатын жырлары мектеп, жоғары оқу орындары оқулықтарына енгізіліп, есім-сойын туған елінің көгіне көтере құрметтеп, ұлықтау керек. Өйткені оның бар ғұмыры қазақтың бүгінгі азат өмірін аңсаумен өтті.

Таяуда теледидардағы «Абай ТВ» телеарнасынан көрші Қырғызстан мен біздің елдің өнер саласында жүрген әншілердің біріккен «Қос қанат» хабарын тамашалап отырып, Тараздағы Кенен Әзірбаев атындағы облыстық филармонияның белгілі әншісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бақыт Шағырбаевтың баянға қосылып қырғыздың лирикалық әндерінің бірі Түгелбай Қазақовтың «Жаңбыр төкті» әнін нақышына келтіре орындағанын тамашалап, рахатқа бөленіп, өте риза болдым.

Иә, әр әннің өз орындаушысы бар. Бұл әнді бұрындары бірнеше белгілі әншілердің орындауында тыңдағаным бар-ды. Бірақ Бақыттың орындауынан ерекше әсер алдым, артта, ту сонау алыста қалған жас шағымды еске түсіріп, қалғып жатқан сезімді оятап, жүрегімді тербетті. Орындаушысын тапқан әсем әннің құдіреті қандай, шіркін! «Ән – көңілдің ажары», деп халық бекер айтпаған-ау, сірә!

Баяғыда бір ғұлама «Мен музыканы не үшін жақсы көрем? Себебі, музыка адамнан, қоғамнан шыншыл» депті. Қазақ музыкасын зерттеген Борис Асафьев «Қазақтың ән әуездерінің тамаша бір қасиеті – оның шын жүректен шыққан эмоциялық сезімталдығы мен сезгіштігі» деген екен. Ал Ницше болса «Егер музыка болмаса, мына әлем қате болар еді» («*Без музыки этот мир был бы ошибкой*») дейді. Шынында, адам өз көңіл күйін, сезімін, жүрек толқынысын ән мен күй арқылы сыртқа шығарады. Жақсы музыка әуені жаныңды баурап, жүйкеңді тыныштандырып, бойыңды сергітеді. Тіпті әсерлі музыка құдіретін бұрынғы емшілер мен қазіргі дәрігерлер кейбір науқастарды емдеуге пайдаланған, қазір де пайдаланып келеді. Оны ғалымдар музыкамен емдеу, яғни «музикотерапия» дейді. Музыка жүрегіңді қытықтап, жүйкеңді тынықтырып, жаныңды желпіндіреді. Ғажайып ән, әсерлі музыка әлемі болмаса мына кең дүние не болар еді? Біле білсек айналамыздағы табиғат «үні», оның әртүрлі әсем көріністері, құстардың күйкылжытып сайраған әртүрлі үні, желге тербетілген қайраған әртүрлі үні, жағаға соғылған теңіз толқыны, тіпті жауынның қақпамызды сабап жаууы және т.б. құбылыстар мен дыбыстар да музыка емес пе? «Музыка – жүрек тілі, ол – сезімдер мен көңіл күй әлемі. Ол дыбыстар арқылы бейнеленген жан сарайы. Егер сен музыканы түсініп сүйгін келсе, оны ыждағаттықпен тыңдай біл! Кейін сен оны міндетті түрде ұнататын боласың, бірте-бірте өзін белгісіз мезетте қалай үйренгенінді де сезбей қаласың, жақсыны жаманнан айыра алатын боласың. Осылай етсең сенде тамаша талғам пайда болады», деген пікір айтады орыстың белгілі композиторы Дмитрий Шостакович.

Расында солай, кейде музыка адамға жүз сөзден артық әсер ететіні бар. Әнші Бақыт Шағырбаевтың сахна төрінен аса шеберлікпен халық әндері «Қызылжар-Семей», «Бұлбұл», Шәмші Қалдаяқовтың «Арқалықтын ақ таңы», «Теріскей», Илия Жақановтың «Толағай», Алтынбек Қоразбаевтың «Сырғалым», Нышан Төлегеновтің «Бәйдібек баба», Ескендір Хасанғалиевтің «Атамекен» және де басқа әндер мен термелерді нақышына келтіре, күйкылжыта шырақанын концерттерден талай көрдім. Оның көмейінен шыққан ерекше жағымды дауысы, әндерді орындау мәнері көпті тәнті етеді. Тіпті бұрынғылардың сері азаматтарына ұқсап, бір мезгіл ел аралап, өңіріміздің шалғай жатқан ауылдарына барып, өмір серігі – жұбайы Айгүл екеуі ақысыз концерт кештерін өткізетін әдеті бар екенін естіп жүрміз. Таяуда сондай концерттік сапармен Меркі аймағында болып, 14 ауыл тұрғындарымен кездесіп, тамаша әндермен тербетіпті. «Меркі Родон» шипажайының директоры Серік Махамбетовтың шақыруымен демалушылар алдында екі сағаттық концерт беріп, еліміздің әр өңірінен келгендерді әсем ән мен жырға бөлеп, аса риза етіпті. Шипажайда маңғыстаулықтардың бар екенін біліп, солардың құрметіне «Маңғыстау» әнін орындағанын, мойынкұмдықтар үшін Ш.Қалдаяқовтың



Ән көзінде

немесе әнші Бақыт Шағырбаев туралы мөлтек сыр

«Мойынкұмда ауылым» әнін мәнерлеп шырақаны ерекше әсерлі болыпты. Оның сол жолғы татымды гастрольдік сапары жайлы журналист Серік Құралбай жергілікті «Меркі ақиқат» газетінде тәптіштеп жазыпты.

– Менің өскен жерім – қазыналы да киелі, тарихы мол Қаратау бөктеріндегі Тамды ауылы. Бұрындары Талас ауданының Шолақтау совхозының орталығы болатын. Мен көпбалалы отбасында өстім. Біздің Қысатай әкеміздің тарихы қызық. Әкеміз әжем Құндызай Түлкібастың балалар үйінен асырап алған. Күйеуі соғысқа кетіп, келмей қалған әжеміз Түлкібастың станциясында нан сатып жүріп, өтіп бара жатқан пойызға іліне алмай қалған 6-7 жасар баланы көреді. Содан баланың ешкімі жоқ екенін білген әжем баланы үйіне алып келеді. Бірақ ағайындары: «Ертең тұрмысқа шығасың. Аяғыңа тұсау болады ғой», – десе де көнбей өзіне тәрбиеге алады. Әжем ол кезде 24 жаста екен. Бірақ әжем жарықтық енді күйеуге шықпауға ант беріп, сол баланы бауырына басады. Бала ержеткен соң әжеміз өзінің немере ағайынының қызын алып береді. Екеуінен төрт-бес бала дүниеге келеді. Кейін ес білген Қысатай әкеміз өзінің елін іздеп, газеттерге мақала жазады. Содан әкеміз балалар үйіне өткізген ағайындары табылып, өз елдеріне алып кетеді. Сөйтіп, ағайын-туыстары Тамды ауылынан үй салып береді. Үй дайын болғаннан соң, 1962 жылы әкемізді көшіріп алып, Тамды ауылына қоныстанады. Мен дүниеге келгенде анамыз Қаратаудың ауруханасында жатып, сырқаттанып қалады. Сонда әжем Құндызай түнделетіп Тамды ауылынан 15 шақырым жердегі Қаратауға жаяу барып, етегіне мені орап алып, ауылға алып келіпті. Әжем түнде мені бесікке бөлегенде, біреу әкетіп қалмасын деп белтартпаны қолына қосып байлайды екен. Сөйтіп, біз – бес қыз, бес ұл әкеміздің бауырында өстік. Менде мектепке барғаннан кейін-ақ ән өнеріне деген қызығушылық туындады. Біздің отбасымызда әнге құмар жандар аз болмады. Әкем Қысатай сырнайда ойнап, анам Хадиша екеуі отырыстарда қосылып ән айтып, өнерлерімен көпшілікті таңғалдыратын. Әжем Құндызай да жайлап әндетіп жүретін. Ол белгілі жазушы Балғабек Қыдырбекұлының жақын әкпелері еді. Тіпті атақты композитор Нұрғиса Тілендиевтің әкесі Атабекпен менің шешемнің әкесі Аймахан біріне-бірі жақын немерелер болып келеді. Сол нағашыларымнан маған да бірнәрсе «жұққан», дарыған болу керек, сірә. Алғашқы кезде қазақтың қоңыр домбырасын менгеріп, ел аузында жүрген белгілі әндерді орындай бастадым. Одан кейін бірте-бірте Алтынбек Қоразбаевтың әндерін мәнерлеп шырақайтын дәрежеге жеттім. Көпшілік мені көрсө «Алтынбектің әнші інісі келе жатыр» деп қолпаштайтын. Кейін Сыр бойының белгілі әншісі Бексұл-

тан Байгелдиевтің баянмен салған әндеріне қызығып, ниетім баян-сырнайға ауысты. Міне, содан бері қаншама жылдар болды баянды өзіме серік етіп, ел алдында өнер көрсетіп жүрмін. Тыңдаушыларым менің орындаған әндерімді жылы қабылдайды. Өйткені мен қандай ән айтпайын жүрепкен айтамын. Сондықтан тыңдаушыларым әр әнімді жылы, зор ілтипатпен қабылдайды. Жүректен шыққан ән жүрекке жетеді. Өнер жолымда талай белгілі ағаларым мен мемлекет қайраткерлерінен бата алдым. Мысалы, Д.Қонаев, Қ.Көшербаев, С.Үмбетов, Ө. Байгелдиев, А.Сейдімбек, М.Жолдасбеков және де басқалар өнеріме тәнті болып, ықыласпен тындап, сүйсіне бата берген. «Батамен – ел көгерер» деп ата-бабаларымыз бекер айтпаған ғой. Елдің батасы мені әркез қолдап жүргенін сезіп отырам, – дейді Бақыт Шағырбаев өз өмір жолымен,

өнер жолымен қысқаша таныстырып. Сәл ойланып барып, әңгімесін ары қарай жалғастырды:

– Жезқазған мәдени-ағарту училищесінде білім алғаннан кейін еңбек жолым Қаратау қаласында аудандық мәдениет үйінде жеке дауыстағы әнші қызметінен басталды. Өмір ағымымен 2001–2006 жылдар аралығында Еуразия ұлттық университетінде «Қоңырқаз» ансамблінің жетекшісі болдым. 2006–2014 жылдар аралығында өнердің ордасы, шығармашылықтың шыңы саналатын оңтүстік астанамыздағы Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармониясында әнші болдым. 2014 жылдан бастап туған жерге қазығым қағылып, Жамбыл облыстық филармониясының дәстүрлі әншісі ретінде халыққа өнерімді тарту етіп жүрмін. Осы жылы ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталғаным туған жерімнің сыйы деп білемін. Өнердегі жолымды Тоғжан қызым жалғастырып, бүгінде өзіммен бірге филармонияда қызмет етіп жүр.

...Ертеректе алматылық өнер иелерінің шақыруымен аты елге кең таралған созақтық дүлділ күйші Сүгір Алматыға келеді. Бойындағы бар өнерін таспаға жазып бермек екен. Бірақ Алматыда отырған «дегдарлар»: «Кешіріңіз, бізде соншама шығарманы жазатын магнит таспа жоқ, кейінірек келерсіз», – деп шығарып салады. Өмірінде ешкімнен именбеген, қалағанынша жүріп тұрған Сүгір жаман қорланыпты. Ашу қысқан ол алды-артына қарамай ауылына қайтып кетеді. Кейіннен Талиға апай (Бекхожина) фольклорлық экспедициямен Созаққа барады ғой. Сонда магнитофонын көтеріп үйіне келген, консерваторияның бір-екі студенті бар, жетекшілері бар, бір топ адамды Сүгір табалдырығынан аттатпай, кері қайтарыпты. Сізді Сүгір күйші деп келдік қой дегендерге: «Мені Сүгір деп кім айтты, Сүгір баяғыда өліп қалған, сүйегі сол Алматыда жерленді», – деп жауап беріпті. Әрине, өзім көрген жоқпын, елден естіген әңгімем.

Сүгір мен Әйкен бірнеше рет кездесіп домбыра тартысқан ғой. Сол Әйкен тағы бір келгенде Сүкен: «Әй, Әйкен, баяғыда күйші келгенде ханның өзі тақтан түсіп, қарсы алады екен. Кейіннен, кедейден болған шондардың өздерінде бұрынғы төреден қалған жөн-жоба бар еді. Сен екеуімізді төбесіне көтермесе де өздерімен тең отырғызатын. Енді Алматыға барып концерт дегенін көрдім. Әншісі бар, күйшісі бар, белдемшесі белінде, бес кесесі қолында төрелерге қызметші құл мен күн есебінде екен. Басымыздан дәурен өткен екен, Әйкен», – депті жарықтық.

Сол айтылғандай қарапайым адамдарға деген кертартпа мінезден, кесепаттықтан әлі ажырамай келеді емес пе кейбір шекпенділер. Осы Бақыт Шағырбаевтың

«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» деген атаққа ие болуы да бір ерекше хикая. Сол кездегі еліміздің Мемлекеттік хатшысы қызметінде жүрген, халық қамын көп ойлайтын Қырымбек Көшербаев біздің Жамбыл облысына іссапарға келеді. Ел-жұртты аралап келгеннен соң делегация-топ мүшелеріне кешкі шай бермек болып дастарқан жайылады. Сол кешке облыстың атақты бірнеше әншісін шақырып, ән айтқызады. Әлгі ән айтқандардың арасында Бақыт та болып, бірнеше қазақ әндері мен термелерді баянға қосылып, нақышына келтіре шырақайды. Оның қайталанбас ерекше жағымды дауысына, орындау шеберлігіне Қ.Көшербаев тәнті болып, облыс басшылары мен мәдениет басқармасының бастығына: «Мына жігіттің тамаша өнерін елге неге танытпайсыздар? Ел-жұрт арасында бағы жанбай, көлеңкеде жүрген әлі қаншама таланттар жүр! Қолданыздар мына жігітті. Менің атыма ұсыныс жасап, ұзаққа созбай жіберіңіздер. Қолдан келген көмегіңді жасайын...» – деп құлаққағыс етеді. Содан өңір басшылары: «Ой, ол консерватория немесе өнер университетін бітірмеңі, қалай оған «еңбек сіңірген қайраткер» атағын береміз», – деп шекелері тырысып, онша жөнді ниет білдірмейті. Сонда біздің Бақыт Қысатайұлы ертеректе белгілі композитор Шәмшінің (Қалдаяқов) басынан өткен мына бір оқиғаны айтып беріпті.

Шәкеңнің әндері телевидение мен радиодан күндіз-түні беріліп, сахналар мен жастар бас қосқан жерде үзбей орындалып жатқан шуақты күндер екен. Шәкеңнің достары оның «қолтығына су бүркіп»: «Шәке, сен неге Қазақстан Композиторлар одағына өтпейсің? Бар жағынан жөні келіп тұр емес пе?» – деп ұсыныстарын білдіреді. Содан Шәкең қажетті қағаздарын жинап алып, Композитор одағына салып ұрып барады. Оның төрағасы ол кезде Еркеғали Рахмадиев екен. Бұрыннан бірін-бірі жақсы білетін екі композитор құшақтасып амандасады. Аман-саулықтан кейін Шәкең келген жұмысын баяндайды. Сонда Е.Рахмадиев қызарып, алдындағы қағаздарын ары-бері парактап отырып: «Бәрі дұрыс қой, Шәке. Сенің өнеріңді бағалап, дүйім халық «вальс падишасы», «вальс королі» деп ардақтап, аузынан тастамай жыр ғып айтып жүр. Кез келген композиторға одан артық бақыт бар ма?! Бірақ сен ренжіме, досым, өнер университетін немесе консерватория бітірмегенің бар, сені қалай Одаққа қабылдаймыз. Ойланшы, төртіп пен талапты қалай бұзамыз? Композиторлар одағына шығармашылық өнерінде еңбегі бар, консерваториялық жоғары білімді кісі ғана қабылданады...» – депті күмілжіп. Ондай жауапты күтпеген Шәкең: «Әй, Еркеғали, олай десең анау Кенен Әзірбаев, атақты Құрманғазы қай консерваторияны бітіріп еді? Олар да композиторлар одағына мүше болды емес пе?! Нені қыртып отырсың, мына кресло-таққа шіренген болмасың болсын...» – деп ашуға басып, кабинет есігін тарс жауып кете барыпты.

Б.Шағырбаевтың бұл сөзі сүйегіне өтердей болып, облыстың мәдениет басқармасы жоғарыға ұсыныс қағазын қинала-қинала жіберіпті. Сөйтіп, әділдік жеңіп, халықтың сүйіспеншілігіне бөленген талант иесіне «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» деген төсбелгі сәл де болса қиындықтарға, кедергілерге жолығып, кештетіп берілген екен.

Ғұлама хакім Абай Біржанның өні тыңдап: «Әй, Біржан, сендей енді қазақтан әнші ұл тумайды ғой», – дегенде Біржан: «Абай аға, мендей әнші ұл туса туар, бірақ сіздей тыңдаушы тумайды ғой», – деп бір-бірін жарасымды бағалаған екен. Сол айтылғандай, құдіретті өнерімен ел-жұртты тәнті етіп бүгінде ортамызда жүрген, тыңдаушыларын сүйсіндірген талантты, дарабоз әнші Бақыт Шағырбаев – шынында ән әлемінде өз орнын тапқан ерекше өнер иесі.

Лайым, көпшілік ән орындау шеберлігі мен талантына ыстық ықылас білдіріп, ризашылықпен қол соққан, бүгіндері ән көзінде жүрген өнерлі де өрелі Бақыт Қысатайұлының қанаты талмай, саз биіктерінде ұзақ қалықтай берсін!

Сағындық ОРДАБЕКОВ,

медицина ғылымдарының докторы,

профессор,

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Айгүл КЕМЕЛБАЕВА

Таңдаулы «Фолиант» баспасынан арасына он жыл салып сурет өнеріне арналған қос том шығарған Жеңіс Кәкенұлы қазіргі уақыт өлшемімен алса ауыр жүк, артық салмақ арқалаған альтруист болып шығады. Энциклопедия сипатты танымдық қос кітап жазудың сыры неде, ол кәсіби суретшіге не береді? Жеңіс Кәкенұлы қазақ халқының бейнелеу әлемін суретші көзімен бағалауды шынымен мақсат тұтқаны сананы ауысып кеткен құндылықтар жаулап алған дилетанттық дәуір үстемдігіне наразылығынан бұрын, биік өнерге деген асқан сүйіспеншілігінен туғаны айқын. Жас ұрпақтың санасын арзан даңғазға еліктірмей, эстетикалық сұлулыққа тарту, текті мұрат-мүддеге баулу ұлтқа қызмет етудің шынайы үлгісі болып саналады. Ол суретші мен көрушінің тандемін қалыптастыруға мүдделі.

«Ақ зер» кітабы маған қалай әсер етті әрі қандай идеялар тудырды? Жазу мен сызу өнері – егіз, мақсат-мұрат, панорама әрі тақырыбы ортақ акын-жазушылар мен суретшілер бір-біріне мұқтаж екені даусыз. Екі өнер бір-бірін құнарландырып, толықтыра түсуге тиіс. Кітап мазмұнын сурет өнері керім бердесе, суретші қауым көркем әдебиеттен нәр алып, ой-өрісі дамып, қиялы



шалықтай түседі. Міне, ғажап тандем! Ең әуелі Қазақстанда мұндай іргелі еңбек болашақта иллюстрация жанрының өркендей түсуіне бастайды деп үміттенемін. Балалары кітап оқитын озық ұлтқа айналу үшін көркем мәтінмен қоса сурет өнері қатар келуі аса маңызды.

Семейлік акын Мұратбек Оспанов «Прозаны оқымайды ақындар» деп жыр жазғаны шындықтан алшақ кетпейді. Құстың қос қанатындай қатар біткен поэзия мен проза бір-біріне селқос қарағанда, суретші Жеңіс Кәкенұлы бейнелеу өнерінен тыс қолжазба – сөз өнеріне терең бойлап, эссеистика жанрында мұқият қалам ұстауы мадаққа бек лайық. Қазақ халқының рухани есеюі, ұлттық мәртебені өсіретін осындай мезеттерді қамтиды.

Мен білетін суретшілердің ішінде әдебиетті терең білетін Нұрбұлан



бейнелеу өнерінің ішінен бөлек қос тіккені – ерекше мәрттік құбылыс. Ерте-реkte «Буырқанған бояулар» атты эсселер кітабын белгілі сөз шебері Жарылқап Бейсенбай жарыққа шығарды, басым бөлігі шетелдік суретшілерге арналған және қазақтың үш тұлғасы бар.

«Ақ зер» – Жеңіс Кәкенұлының «Менің суретшілерім» сериясымен шыққан циклдік екінші кітабына (2023) 18 шебер енген, суретшілер, зергер, гобеленші, мүсіншілер. Орал Таңсықбаев, Әбубәкір Ысмайылов, Ғалым Қаржас, Ғани Баянов, Райгүл Ахметжано-

АҚ ЗЕР.

АЛТЫН ТІЛЛӘ



Өтепбаев, Сейсенхан Маханбет, Жеңіс Кәкенұлы болса керек. Оның үстіне, «Ақ зер» кітабында автордың қылқаламнан жаратылысы бөлек сөз энергиясын игерген жазу қабілеті айқын көрінеді. XIX ғасырда ұлы график суретші Гюстав Доре кітаптарына иллюстрация салған Данте, Рабле, Сервантес, Шарль Перро, Байрон, Бальзак сияқты классиктердің шығармашылық бағы зорая түсті. Еуропада кітап безендіру өнері кітап саудасын күшейтті.

Бізде Совет заманында басталса да кенжелеп, ойсырап тұрған сала – иллюстрация. Жазушылар және суретшілер өз әлемінде жеке-дара жасап жатыр, өзара байланыс аз, тандем жоқ, бір-біріне қайырылуға мұршасы, дәлірегі, қаржылық мүмкіндігі жоқ болар. Балалар әдебиетін безендірудің қас шебері Латиф Қазбеков өзге мәдениеттің бағына туған қазақ екен. Қазіргі заманғы иллюстрация жанрының қас шебері Лиза Айсато болса, оған сериялық суреттерге тапсырыс беру үшін Батыс Еуропа және Америка жазушылары кезекке тұрады. Жеңіс Кәкенұлы менің «Қоңырқаз» атты әңгіменің желісімен 40 шақты сурет салды, өзі бірнеше дана шығарды, әйткенмен бұл жоба әзірге эскиз күйінде.


Суретшілер туралы суретшінің табанды түрде талмай зерттеп жазуы өркениеті озық өзге жұртты қайдам, дәл біздің қазақта жоқтың қасы. Жеңіс Кәкенұлы – бұл ретте бірегей автор. Суретшінің әдебиет әлемін терең білуінің өзі – қисапсыз қазына. Автор өзі айтқандай, игерілмей жатқан сурет өнерінің айтулы тұлғаларын елге таныта түсу үшін

тапқан, графика мен кескіндемені қатар иемденген. Жапанға біткен жануар, мүйізі көкке шаншыла біткен тұр – жабайы бұқалар бейнесін салады, Торғай даласының атауы содан шыққан деседі. Қазақстанның сурет өнерінің әлемге таралу жолдарын, бұл салада жасалып жатқан мемлекеттік істерді автор сөз басында айттып өткен. Бейнелеу өнерінде жүйесіздік мендеп бара жатыр деп қынжылады. Теориялық талдау, зерттеу жазу үшін сырт көзден гөрі сол саланың маманы жазғаны, суретшінің суретшілер туралы жазуы неткен мұқият көру, детальдарды қалт жібермеу, бейнелеу өнерін ашатын сөздік қор, әр суретшінің эпостық қарымын, фольклорлық зерлесін, мифтік ойлау жүйесін, классикалық, сюрреалистік, модерндік қолтаңбасын анық тану болып саналады. Жеңістің сөз саптауында жыраулар сарыны бар. Автордың жазу ерекшелігі – риторикалық сауалдармен жазуында. Ол Ералы Оспановтың қолтаңбасын былай сипаттайды: «Жан торсық төңкерілгені қандай, тасбақаның домалағаны қалай? Қарғаны ителгі тебе ме, аттары кісінеп, көкке үні жете ме? Жактың адырнасы үзіліп, қорқауды ілбісін жара ма?». Суретші-зергер Берік Әлібайдың шығармашылығын талдауда қазақ халқының күміссіз күн көрмеген баяғы қазыналы әлемі көзге елестейді. Сембіғали Смағұловтың төрт ат жеккен мүсіні Даши Намдаковтан несі кем?! Қыршын жас Федор Васильев классикалық орыс әдебиетін қылқалам құдіретімен толықтыра түскені ғажап. Дүниеде Никола Октав Тассар сияқты біз білмейтін небір керемет суретшілер бар. Ойшылдық қасиетін тани түсіп, Жеңіс Кәкенұлын оқу арқылы түйгенім, баяғыда сүйегі қурап қалған нағыз суретшілерді, Құдай қаласа, уақыты келгенде бұқара халыққа қайта ашатын суретшілердің нақ өздері болып шықты.

Зер – қымбат металл, алтын тіллә. Екінші мағынасы зейін, ықылас, көңіл, қазақ зер салды дейді. Кітап атауы деп, автор қыруар ақыл-ой, ынта-жігерін қос кітапқа төгіп, қазақтың интеллектуалдық қоржынын толтырды. Айналып келгенде, өзі үшін емес, жұртшылық үшін тер төкті. «Көгеріс өрнек салу» деген сөзді алғаш рет біршама жыл бұрын өмірден озған график суретші Нұрбұлан Өтепбаевтан естіген едім. Ескіде көгерген шөп, гүл бейнесін оюлап өрнектеуді айтса керек.

Назерке қызым кәсіби суретші болғасын соңғы онжылдықта сурет әлеміне, иллюстрация салуға есім кете қызығатын болдым, түп себебі үйдегі кескіндеме өнері энергетикасы – сурет, мүсін өнеріне қажетті құралдар, небір бояулардың таңғажайып әсері екен. «Сынықтан басқаның бәрі жұғады» деп бекер айтпаса керек. Бірақ бұл – мен

үшін ұмсынсам қол жетпес киелі өнер. Өз басым 12 суретшінің шығармашылық портретін жаздым, онда V курста жеке сурет көрмесі өткен өз қызым да бар, соның бірі – Жеңіс Кәкенұлы («Жылқы бекзат жануар», «Қазақ әдебиеті», №8. 21.02.2014; А.Кемелбаева. «Панурус», 2020). Жеңістің өз шығармашылығында таңбалы тас элементтері, сана түпкіріндегі түйсік, тектік қасиеттер мол көрініс



Солтүстік Кипрден шыққан миллионер Суат Гюнсель мырза Жерорта теңізінің жағалауында Никосияда «Қазіргі заман өнер музейін» тұрғызып, жүздеген қазақ суретшілерін өз қаржысына шақырып, музей қорына картиналар салғызып алғанын Жеңіс Кәкенұлы сүйнішпен жазады. Спонсорлық неден туады? Ой аристократиясынан, сана бекзаттығынан туады. Меценат, Атымтай Жомарт сияқты аттары өшпейді, олар жарлылық мендеп, жыртқалашықта қор болған қас дарындарды жарты әлемге танытуға бастайды.

«Ақ зер» атты қос кітап менің құрдасым, таңдаулы суретші Жеңіс Кәкенұлының теңдесі жоқ спонсорлық қайраткерлігі деп қабылдаймын.



Ұларбек ДӘЛЕЙҰЛЫ

Әлқисса, тауарихтын бір парағы осылай аударылды. Мың да екі жүз жиырма төртінші түрік жыл қайырымы бойынша мешін жылы Шыңғыс қаған қалың қолын алып, Еміл, Суырлы тау, Тарбағатай бойын қыстап, көктем туа үстірт сахараға, Онан даласына бет алған. Бұл шақ Жошы ұлысы шаңырақ көтеріп, Ұлытауда, Қаракенгір бойындағы Орда-Базар қаласында ұлұғ ұлысы туы тігілген шақ еді.

Өткен жылы көктемде Ұлытаудан аттанған ауыр қол мамырлай жылжып, Көкшетеніңден өтіп, Алакөлі айнала жол тартқан. Суырлы жасыл таудың ықтасын қойнаулары мен мал отына жайлы сай-саласында қысты өткерген болатын. Көктем туа сол сапар қайта жалғасты. Батыс пен шығыс арасы ұзыннан-ұзақ шұбаған атты қол дерсіз. Бас-аяғына көз жетпейді. Мұздай қарумен құрсанған мыңдық шарлаушы кезіктер алдын Есүңке — Есей мерген бастаған. Одан кейін ат шаптырым аралық тастап, Желме ноянның темір түмені баяу еріп келеді. Жеңіл тасатарлар мен қамалға отты күбілер лақтыратын серіппелі қарулардың өрмекшідей арбиған кескіні де үрейлі-ақ. Самсаған ту, самсаған тудан кейін ұзын сүңгілері батар күн алдында біздіген найзалы мыңдықтар легі. Желме түмені күдір белдерді таптап, ақ шаңын шығара тегістеп өткен қия жолдар сорабын баса, Шыңғыс қағанның арбалы жорық ордасы келе жатыр. Он екі қанат ақ шаңқан киіз үй, алты үзік, қос белдеу тартқан айбарлы орда.

Орда маңын күзеткен қарулы кешіктендердің қаһарлы сұрына қарауға кім-кімнің де жүрегі дуаламас... Арбалы орда соңынан кезек-кезегімен шұбаған Белгүтай, Буыршы, Найқа, Шылағұн нояндардың темір түмендері. Көшпенділер қолы Хорасан тарабын селдей жайпағанда, Жебе ноян түмені Мазандеран өлкесіндегі Илал бекінісін қоршаған. Сусыз қамалда тірідей қолға түскен шах анасы Түркен қатын бастаған тұтқындар Белгүтай түменінде келеді.

Айдаудағы тұтқындар мен хашар есебінде байлаулы келе жатқан зіңгіттей жігіттер қарасының өзі әлденеше шақырымға кетеді. Оларға қатарласа Сартауылдың даңқты қалалары мен кент-қышылақтарынан тартып алған қисапсыз соғыс олжасы жүздеген өгіз арбаларға тиелген.

Жеңіске мастанған қалың қол былтырғы қыс соңында Самарқандтан аттанар алдында тарих жадында мәңгі қалған бір оқиға болды. Қаған жарлығымен, әлде, өз еріктерімен... Намазға қақпасының алдында Түркен қатын келіндері мен ұлы Мұхаммед сұлтанның қыздарын қаз-қатар тізіп қойып, зарлы жоқтау айтқан еді. Тұтас Хорезмнің сай-сүйегін сырқыратып... Зарлы қатын ол жоқтауын әлі тоқтатқан емес. Сол жолда ғой, Сайрам қамалынан өткен соң, Тараз шаһарына жетпей Қараханид дәуірінің күмбезді дүрбелерінің қасынан өтерде қалың қол сәл кідірген. Кідірткен осы Түркен-қатынның қағанға айтқан бір ауыз өтініші-тұғын. Ауыр қолды күттіріп қойып, Айша бибі кесенесіне барып, ұзақ отырған. Тұңғыық, мұнды шұңғыл жанарынан бір тамшы жас та тамған жоқ. Жылаған тек қасындағы қыздары, немерелері мен келіндері. Әсем бақтары, миуалы гүлзарларын өрт шалып, Сейхүн басы мен Жейхүн бойы, тіпті Ғазна мен Пәрван, Нишапур тарабына дейін қызыл өрт шалды. Ел мен

жер торғайдай тозып, қамалдар қирап, кей қалалар үйіндіге айналды. Онай ма, «Ел анасы» атымен туған елін осындай халде амалсыз тастап, кіріптар тұтқын күйінде, аттылардың арасында дәрменсіз пенде болып бара жатқаны? Қайта келіп тұтқындар күймесіне отырған соң-ақ тастай бекіп алған. Біржола...

Екі жыл бұрын таулы Илал бекінісіндегі үңгірде бірнеше ай берілмей жатып, амалсыз қолға түскеннен бері көз жасы бір тыйылмаған еді. Жауын суымен-ақ неше ғасыр бойы сусындап келген Илал қамалын көшпенділер қолы келіп қоршағаннан-ақ қырсық басты. Басынан бұлт арылмайтын, бір түнгі нөсермен-ақ үңгір-бекіністегі алып күбілер толып қалатын. Сактық үшін жасырылған су бес айға жетті. Соңғы айда аспаннан дым тамбай қорғаушы жасақтар мен ханша-ханзадалардың мазасы әбден кетті. Шарасыз бағынышқа келіп, атты қол алдында заһар шашқан қатулы Жебе ноянның маңына жете бере-ақ, тұтас аспанды кара бұлт басып, жер-дүние күнірене найзағай ойнап, нөсер жауын төпелеп әкетпесі бар ма? «Хорезмнен бақ қайтыпты» деген еді сонда. «Хорезмнің күні батты...» деген тағы. Содан бергі өмірі тұтқында өтіп келеді. Шах анасы ретінде құрметтеліп, қол-аяғы байлаудан босаса да, бәрібір кіріптар тұтқын...

Мұхаммед сұлтанның бәйбішесінен туған екі қыздың үлкені Хансұлтан Жошыға ханымдыққа берілген. Ол Ұлытауда, қыпшақ даласында қалды. Екінші қызы Айшешек қасында. Қартайған шах анасына қарайлап, айналып-толғанып келе жатқан да — сол ақылды да сұлу Айшешек қыз. Ауыр қосынның тұтқындардан құралған орта бөлегі демесеніз, бас-аяғы күнде мереке, күнде сайран. Әр қоналқыға тоқтап, кешкі астарын ішкен соң жігіттер лаулаған мың сан отты айнала отырып, сауық құрады. Күнренген қобыз, күмбірлеген күй, баксылар сарынына еліткен тері күрмелі бишілер. Шеткеректе қаны қызу жас сарбаздар балуан күресін бастайды.

Жасақтардың бойын көктемгі желік бұған. Қанды жорық, ұйқысыз шабынды аяқтағалы екінші жыл. Оның үстіне, Өтүкен даласына, Керулен мен Онан бойына, атамекендеріне бет алған жігіттердің қуанышында шек жоқ. Жайқын Онанды, мөддір Керуленді, асау Орхун мен тынып аққан сұлу Селенгіні кім сағынбасын? Бес өзен бойын жағалай қонған киіз үйлі күрендер мен туып-өскен даласын, тай үйретіп, ши оқ атқан бел-белесін әр жүрек қалай сағынбасын?

Май тоңғысыз көктем. Өзен-су басы толған үйрек пен сарыала қаз. Кенет су бойына жапырлай қонған құстарды үркіте, шоқыта желген бір топ атты Есей мерген тобына келіп жүздесті. Бұлар Керулен бойындағы кара шаңырақта күзетте қалған қағанның кенже інісі Темуге отшыген жіберген хабаршылар екен. Олардың жолын бөгеместен, қасына адам қосып берген Есей мерген Шыңғыс қағанға жіберді. Сәлден кейін жорық орда маңынан шауып шыққан атты хабаршы алдыңғы лектегі Есей мерген тобына келіп жарлық берді:

— Қаған бұйырады! Алдыңғы қол жол ашсын, ұлы Шыңғыстың жорық ордасы алдыға озады. Қоныста қалған мәртебелі қатындары мен немерелеріне жүздеспек!

Үш мыңдық кешіктендер мен қорушындар қоршаған қағанның өгіз арбалы ордасы қақ жарыла жол ашқан қалың жасақ ортасынан, Есей жасағының қасынан өтті. Аттарынан түсе, бір тізерлей тағзым еткен қалың нояндар мен жасаққа арба үстінен айбарлана көз салған қаған Есей мергенді қасына шақыртты.

— Есей ұлым, — деді қаған. — Біз моңғол даласынан кеткелі бақандай бес жыл өтіпті. Бөрте қатын бастаған ханымдар мен немерелерім Айман-қой асуында бізді қарсы алуға келе жатыр екен. Оларға кездескен соң жүрісті жылдамдатындар. Алда Бұғылы-Шашақ пен Бұқашошыған жай-

лауында ұлы дүбірлі той, жасақ жаттығуын өткереміз. Палуандар мен мергендер, жүйрік аттар дайын болсын! Төрт төңірекке сауын айтып, ат тұяғы жетер жердің бәріне хабарландар!

Ертесі күн шыға Темуге отшыген бар, ұлұғ ордан шыққан Бөрте қатын бас болған, Есуген мен Есулін қостаған қаған ханымдары, өзге де атакты нояндар — төрт күлік пен төрт сырттанның үйелмені түгел келген екен.

Шыңғыс қаған салтанатты топтың алдынан ерекше көзге түскен екі немересі — кенжесі, ұлұғ ноян Төленің екі ұлына таңырқай қараған. Он жасқа енді

1 Шыңғыс қағанның төрт күлігі — Буыршы, Мұқалы, Борағұл, Шылағұн. Төрт сырттаны — Құбылай, Желме, Жебе, Сүбітай нояндар.

ҮШ ЖҮЗ ОТЫЗ

толған Құбылай мен сегіз жасар Құлағу атасына арнап атып әкелген аңдарын құла түлпарларының қанжығасына байлапты. Айман-қойдың орманды қырқаларынан Құбылайдың жебесіне қоян ілініпті де, Құлағу ірі тауешкі атып алған екен. Қатты риза болған қаған жорық ордасынан шығып, қос немересін құшырлана иіскеп, бауырына басты. Тұңғыш ұл Жошыдан тарайтын, Орда-Ежен мен Бату бастаған немерелер де, Үгетайдың ұлдары Күйік бастаған жас нояндар да, Шағатайдан туған Білгеші мен Сарабан да, Төледен туған үлкен ұлы Мөңке де қағанмен бірге Сартауыл жорығына қатысты. Жасақ ішінде Шағатайдың үлкен ұлы Мүтүкен ғана жоқ. Ол Бамиян түбіндегі шайқаста оққа ұшқан-тұғын. Сол жалғыз немересінің құнына өтеу ретінде бір шаһар жермен жексен қиратылып, құлазыған қу молаға айналған жоқ па?..

Ал мына екеуі жасы кішілігінен жорыққа шықпай, әжесі мен шешелерінің қасында, Керулен басындағы Көде аралында қалған.

— Орданы, өгіз арбаларды бүгін осында доғарындар! Нояндар мен түменбасы, мыңғандар түгел жиналсын. Немерелерімнің атасының алдында өткерген тұңғыш аңшылығы үшін бармақ майлаймын, — деп бұйырды қаһарлы Шыңғыс.

Әлекедей жаланған қалың жігіт әп-сәтте бәрін дайындады. Бөрте қатын ардақты ана Өгелін үжіннен қалған ошақты ала келген екен. Қу арша жағылып, ошаққа ақ май тамызды. Құлағу атып алған тауешкінің ішін жарып, бүйрек майын, Құбылай қоянының бір санын кесіп әкелді. Екеуіне аса риза көңілмен қараған Шыңғыс қаған қанжарын суырып алды. Қос немере қос қолдап ұсынған қоян саны мен тау ешкінің бүйрек-бауырын қанжарына шаншып, лапылдай жаңған арша отына аунатып алды. Қызыл қаны күрең тартып, пысылдай жиырылып, шала піскен бүйректен алдымен өзі ауыз тиді де, екі немересінің бас бармақтарын майлады.

Сол сәтте мінезі жұмсақ Құбылай атасының оң жақ бас бармағын аялай қысып, жайымен ұстап тұр еді. Адуын Құлағу сол бармағын сықырлата қысып, тосын бір қылық көрсетіп қалды. Анталай қарап тұрған қатындар мен нояндарды суық тер басқан.

Қарқылдай күлген қаған:

— Мына Құлағудың пәлесін қарай көр! Жарты ғаламды шенгелдеген қолымды ауыртып, бас бармағымды сындыра жаздады. Сен түбі атаңнан өткен қатыгез жауынгер боласың-ау... Ал сен, Құбылай, айналасын аяп ұстайтын, бірақ аяймын деп балақтағы жауынды басына шығарып алар, сазды жер сияқты тым жұмсақ болар

ма екенсің? — деді қарқылдай күліп.

Айнала сасқан жұрт демде жадырай қалды. Арттағы елмен аман қауышқаны үшін көл-көсір дастарқан жайылды. Шыңғыстың сонау Қыпшақ даласында, Жошы ұлысының Орда-Базар қаласы маңында, Сарысу бойында мәңгілікке қалған Құлан қатыннан өзге ханымдары түгел еді. Қоңырат қызы, бас бәйбіше Бөрте қатын, одан кейін татар Еке-Шереннің апалы-сіңілі қыздары Есуген мен Есулін, оларға ілесе таңғұт пен қытай патшалары сыйға тартқан орда ханшалары жағалай өз ретімен отыр.

Ауыр қол ертесі қайта қозғалды. Шыңғыс жарлығына сай алға озған Жанай ноян Бұғылы-Шашақ тауындағы Бұқашошыған жазығында өтетін дүбірлі той, кіші

Құрылтайға дайындық қамын жасауға кеткен.

Нөпір жасақ Бұқашошығанға жеткенде алдымен келген қаған ордасы бұлақ қайнарында отырған. Шыңғыс жарлығымен бұл жол тек арнайы салтанатта ғана тігілетін қағанның алтын шатыры бой көтеріпті. Ішіне екі жүз адам еркін сыятын, іші алтын зерлі көк қамқаман, сырты күміс зерлі ақ шағимен тысталған осынау алтын шатырдың айбаты да, салтанаты да өзгеше.

Ұлы думан ертесі-ақ басталып кетті. Он екі түмен қалың қолдың Шылағұн ноян бастаған артқы лектері әлі жетпесе де, дайындыққа ілесе, дүбірге дүбір жалғасқан. Шах анасы деді ме, әлде, өзге бір қысасы бар ма, Шыңғыс қаған Түркен қатын бастаған тұтқын әйелдер тобын өз ордасына тақау, бұлақ аяғына жайғастырды.

Ұлытауға кеткен хабаршылар Жошының ертеде Мұхаммед сұлтан жауып тастаған сауда жолдарын қайта ашу үшін Сыр бойын жағалап, Кердері, көлін айналып, Хазар, теңізі жаққа кеткенін, осындағы Құрылтай мен тойға арнайылап Жошының бәйбішесі Бектұтмыш пен Кет-Бұқа күйші бастаған нояндардың келгенін жеткізді. Өткен жылы көктемде, анығы 1223 жылы қытайды шауып жүрген әйгілі жалайыр Мұқалы ноян қаза болған еді. Оның інісі, Жошының бас батыры Бұқа ноян бұл шақта шүршіт тарабында, Шәнсі жерінде ағасының соңғы істерін реттеп жүрген. Сондықтан осынау Құрылтайға Жошы да, Бұқа ноян да қатыса алмаған-тын.

Айналасы үш күнде тұтас қолдың бас-аяғы түгел жиналып, атүсті ойындары басталып та кетті. Танабұлақ аталатын үлкен бастау маңында күніне екі жүз жылқы, екі мың қой сойылған. Қан кешу жорықтар мен тынымсыз жүрістен қажы бастаған қалың жасақ бір аунап барып, сілкініп тұрған жылқыдай сергіп сала берді.

Қыпшақ даласы төрт түлікке, әсіресе жылқыға бай еді. Кезінде Құбылай ноян мәмілеге келтіріп, соңыра Жошы ханзада мен Сүбітай баһадүр біржола бағындырған ұлы дала Сартауыл жорығы басталмай тұрып-ақ ұлы қағанат құрамына өткен. Осынау ұлы той басталардан бұрын ат жетер жердің бәріне сауын айтылған. Дүбірге ат қосқандардың ішінде Алмалық пен Қайылық әмірлері, бектері де бар.

Алғашқы күн ат бәйгесімен басталған. Атакты нояндар мен қолбасылар әр топқа бөлініп, ат ойындарының шусыз өтуін қадағалады. Жылқы құмар көшпенді баласы көкпар болсын, аударыспақ немесе бәйге болсын, дау-дамайсыз қалған емес. Жеті белдің арғы жағына жіберілген бәйгеден жалайыр Бала ноянның бүкіс бел күрең аты келсе, балуан күресінде Няка ноянның

ұлы Жетей-Бурыл балуан бас бәйгені қанжығасына байлады.

Түмен ішінен мыңдық, мыңдық ішінен жүздікке бөлінген қалың жасақтың ендігі күткені жақ атып, жай тартудан өтетін дулы жарыс еді. Көшпенділер өмірінде, күнделікті тіршілік пен жаугершілік сәттерінде ең ес қататын қаруларының бірі — садақ-тұғын. Жақ тартуда атағы шыққан ұлы Жебе ноян мен Жошы ханзада түмені осы уақытқа дейін аңыз болып келген. Кеше ғана, айналасы үш жылға жетпейтін уақытта аяқтаған Сартауыл жорығында Есей мерген мен Дүрбай-Доқшын ноян мыңдықтарының даңқы жер жарды. Шайқас заңына сай, әр көшпенді жасағының қанжығасында екіден-үштен садақ жүреді.

ғана қалды. Бірі — маңғыт Мөңке-Қалжа, екіншісі — қоңырат Тоқұшар мергеннің інісі Күнгей, үшіншісі — қият Есей мерген.

Әуелі түз мысығының терісін бақанға байлатқан маңғыт Мөңке-Қалжа әуелгі кезекті алды. Кәктай ноянның белгі беруімен атына мініп садағын сайлай, алыстау жерге барып шауып келді де кілт тоқтай қалды. Шірене тартқан тізгіннен тік секірген астындағы тұлпары алдыңғы екі сирағын көтере, тұра қалған қып-қысқа сәтте садағын шірей тартқан Мөңке-Қалжа бақан ұшында желбіреп тұрған мысық терісін жалп еткізді. Жасақтар құлашын кере, тізіліп өлшеп еді, үш жүз екі құлаштан атқан екен. Елеуреген қалың жасақ дабыл ұрып, даңғара соғып, кикү салды.

ның шағала бозын мінген бір қыз мергендерге қарай шауып келе жатты. Найзаларын бұлғай, қанжығасын қамшымен қаққан қалың жасақ дүрлігіп кетті. Бұл келе жатқан Хорезм сұлтаны Мұхаммедтің екінші қызы Айшешек-тұғын. Өткен жылы Келес бойында қалың қол «Үт амалының» қарлы боранына ұрынып, аялдап қалғаны бар. Сол кезде айдаудағы тұтқындар ішінен бүлік туып, қосын біраз әбігерге түскен. Қаған арнайы жарлық шығарып, сұлтан әулетіне қарасты тұтқындардың күзетін Есейге тапсырған. Аты батыр болғанымен заты жұмсақтау жас жауынгер Түркен қатын тобына ерекше ықыласпен қараған. Бойларын үрей мен қасірет буған бірнеше ханша сырқаттанып та қалған еді. Қаған ордасының емшісі һәм кеңесшісі кидан Елүй Чуцайды шақырып, арнайы емдеткен. Сөйтіп жүргенде, Айшешек пен мерген арасында белгісіз от та тұтанған. Оңаша сәт келсе, бірер ауыз тіл қатысып та қалатын...

Соңыра Құланбасы Құрылтайы өтіп, Шыңғыс қаған төрт ұлына қызыл қанға суарып жүріп, жаулап алған жерлерінен енші бөлді. Тұңғыш ұл Жошы ханзада Қыпшақ даласының ханы болып, Ұлытауда қалды. Мереке аяқтап, қалың қол сақараға қайтпақ болды. Сол кезде қаған Есей мергенді алдыңғы лектің аға қорғаушы нояны етіп тағайындап жіберген. Айшешек пен мергеннің содан кейін жүздесіп тұрғаны осы. Ал Жанай ноян мен Есей үнемі қол алдында жүргендіктен, араларында аға-бауырлық сыйластық, жақындық бар-тын. Сондығынан болар, Жанай ноянның Айшешек қыз айтқан өтінішін қағанға жеткізіп, тұлпарын мінгізіп жібергені.

Ұзын оқты Есей мерген адырнасы ілбіс терісінен, оқтығы Селенгі қайыңынан иілген ай садағын алып, атқа қонғанда манадан бері тынып тұрған жасауыл іші дүрбеленге айналды. Ортаға шауып шыққан Кәктай ноян дабыл ұрып, ұлу керней тартқан жасақтарды белгі беріп тоқтатты да, мәлін терісі ілінген бақанды атты жасаққа көтертті. Сол кезде Есей мергеннің қасына келген Айшешек бөз орамалын шешіп, ортасынан қақ айырды. Бірін бақан басындағы мәлін терісіне, екіншісін Есей мергеннің садағына байлады. Қыз жанарынан жарқ еткен ұшқын алақызған Есей баһадүрдің қолқа жүрегін солқ еткізген...

Мәлін терісі байланған алты құлаш ақ бақанды іліп алған еңгезердей жасақ сонадайға, текше жиегіне апарып қадады. Есугей атасынан қалған құла жылқы үйірінің ішінен тандап мінген тарпаны ауыздығымен алысып, жер тарпи оскырынады. Күн төбеден әлдеқашан ауып кеткен, кешкі мезет те жақын.

Төбініп қалып, қаған атасы отырған тік дөңесті бөктерлей шапқан Есей мерген айналып көздеулі жерге жақындады да тізгін тартты. Қанжығасын қағып, ат үстінде мойындарын соза қиқулаған жасақ дауысы жер төсін жарардай. Қайтадан төбініп қалып, қүйғыта шапқан бойы Кәкітай ноянға жақындады да, садағын толғай тартып кеп жіберді. Тымық ауаны қақ жара ұшқан кейбүр жебе4 көз ұшында қалықтап тұрған, Айшешек қыздың бөз орамалы байланған мәлін терісін жерге «топ» еткізді. Іле екінші жебесін адырнаға қондыра, шауып келе жатып атқан еді, оның қайда тигені белгісіз болды.

Қалың жасақ дүрк көтерілген. Құлашын кере қол ұстасқан қорушындар есептеп еді, екі оқтың бірі үш жүз отыз бес құлаш жердегі қабылан терісін ұшырса, екіншісі бақан ұшына қадалыпты. Айнала алқа-котан қолпаш, дүркіреген ұран. Шыңғыс қаған Есейді қасына шақыртты.

— Есей балам! Қайран Қасар інінің көзіндей болған қадірлі ұлым! Қасқыр мінез Қасар мен жаужүрек Жебе нояндарымын көзі тірі болғанда, сендей мергеннің сондарынан өсіп келе жатқанын көріп, жанына

тыныштық алар еді... Жебе нояннан кейін мұндай мергендікті бірінші рет көрімі! Дәл тигізген екі жебе үшін екі жүз тұлпар сыйладым!

— Қаған ата, «Адырнаны тартқан қолдың күші мен атқан адамның ақылы бір тоғыстан шыққанда оқ ешқашан мұлт кетпейді» деген. Батыр болсам да, мерген болсам да, сізге тартып туған — боржығын қанынан! Үмітіңізді әлі ақтармын...

— Есей ұлым! — деді қаған тағы да. — Шауып барып, садағына орамалының қақ жарымын байлаған анау қызды да саған сыйладым. Қаласаң, тойынды осында өткерейік...

Жүзін қызыл жалын шарпыған жас мергеннің жүрегі кеудесін жарып кетердей аласатты. Ес білгелі, ат жалын тартып мінгелі көріп келе жатқаны соғыс. Соғыс даласында туды, соғыс ішінде ержетті. Әлі де соғыса бермек. Дегенмен өзінің әлі жас жігіт екенін, кеудесінде алып-ұшқан жүрек барын, міне, енді сезініп тұрған жоқ па? Көшпенділер бұл сәтті не деп атаушы еді өзі?

Батыс жиекке иек артқан алтын күн баяу батып барады. Көлденең сұлаған алып таулардың басына қып-қызыл күрең қан ұйып қалған сияқты. Онсыз да қанға бөккен Сартауыл жұрты сонау күн астында қалған жоқ па?..

Ертесі жарлық шығарған Шыңғыс қаған арнайы тас ойдырып, Есей мергеннің жебесі тиген бақан түбіне ескерткіш қойдырды. Баяғы бәдізші Өртегей шалдың ұлдары тасты түнімен қашап, төмендегідей жазу жазды:

«Шыңғыс қаған Сартауыл елін ағалап бағындырып, Бұқашошығанда Құрылтай шақырғанда, барлық мергендерді жинады. Сол сайыста Қамұқ Моңғол ұлысының нояны Есүңке Онтүдүрүн үш жүз отыз бес құлашқа оқ қадады5».

Осыдан тура сегіз ғасыр бұрын Жошы ұлысының шығысында өткен осынау ұлы дүбірлі тойда даңқы шартарапқа кеткен Есей мергеннің хикаясы осылайша тас бетіне таңбаланған екен. Оған қоса, бұл бітіктас Есей мерген мен Айшешектің тосын тұтанған сезімдеріне қойылған белгі екені де даусыз.

Содан бері сегіз жүз жыл өтті дейді қария уақыт. «Біз соғыс пен апаттың ортасында өтіп кеткен ғасырмыз, біз де күйіп-жанғанбыз, біз де сүйгенбіз. Біз солай өттік, бірақ атымызды сағыныш пен мынау дала сақтап қалды» дейді ескі балбал...

Алматы. 16.06.2024 жыл

Қысқаша сипаттама:

Шыңғыс қаған 1219 — 1223 жылдары Хорезмге жорық жасап, айналасы бірнеше жылда Мәуреннаһр мен Хорасанды, Ауғанстан шегі мен Хазар-Каспий бойын түгел жсаулады. Соғыстан қайтар жолында Құланбасыда ұлы Құрылтай өткізіп, тұңғыш ұлы Жошыға Қыпшақ даласын еншіге берді.

Сол жорықтан мекеніне бара жатып, 1224 жылы терістік Алтайда ұлан-асыр той жасайды. Тойда мергендер жарысында Қасардың ұлы Есей мерген (Есүңке) 335 құлаш алыстағы нысанаға оғын дәл тигізіп, «Сұрмерген» атаныпты. Бір құлашты мөлшермен 1,6 метр деп есептегенде, Есей мерген 536 метр, яғни жарты шақырымнан астам жерден атқан оғын дәл тигізген. Осы жеңіс мерекесіне арнап қойылған ескерткіш тас бүгінгі күні Ресейдің Санкт-Петербург қаласындағы Эрмитаж музейінде тұр. Көне заманғы армян деректерінде көшпенділерді «атқыштар елі» деп атауы да тегіннен тегін емес еді.

Бірде ел тарихының жанашыры, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Ерлан Қарин ағамызбен бағзы дәуірлерден жеткен балбал тастар, дала садақкерлері жайлы әңгіме толғадық. Үш жүз отыз бес құлашқа оқ жеткізген Есей баһадүрдің ғаламат мергендігі осынау хикаяға арқау болып, қолыма қалам алған едім.

5 Мәтін моңғол тілінің білгірі Жүкел Хамайдың аудармасы негізінде алынды.

бесінші құлаш

(ДЕРЕКТІ ӨНГІМЕ)



Ондаған жебе түрлері мен мүйіз жақты соғыс жағдайына сай кезегімен қолданатын. Аттылардың кез келгені мерген болатыны содан. Бұқашошығанда ертең-ақ өтпек ұлы сайысқа ең атақты мергендерден сайланған үш жүз жігіт дайындалды. Сайыстың бас биі — руы ұрұт Кәктай ноян.

Терістік Алтай беті мамыражай көктемнің шуағына шомылып, мейірілі күн ана құшағында мүлгіген сай-сала аттылардың дүбірмен ерте оянған. Күн көтерілмей-ақ дабыл қағылып, Бұқашошыған төскейі абыр-сабыр күйге түскен. Көптен күткен жақкерлер додасы да басталып кетті. Алтын тағын тік дөңеске қойдырған Шыңғыс қаған ханымдары мен немерелерін, құмаларын2, қарт нояндары Желме мен Буыршыны қасына алып, сайысты тамашаламақ. Одан төменде Түркен қатын бастаған мәртебелі тұтқындар. Мәртебелі дейтініміз, көшпенділер салтында қандай жау болмасын, дұшпан санаған елдің ханының ата-анасын өлтірмейді. Тұтқынға түскен хан әулетін өз ретіне қарай қарауға алады. Жазасы ауыр деп шешсе, хан тұқымының еркек кіндіктері түгел өлтіріліп, әйелдері мен қыздары, келіндері жаулаушы әулеттің ерлеріне әйелдікке беріледі. Сол жосынға сай, Жошы хан мен оның ұлдарына берілген Хорезм ханшаларынан өзгесінің бәрі осында. Мұздай қарулы, диодай сұсты кешіктендер қоршаған төбе маңынан суық ызғар еседі...

Сайыс шарты бойынша, кім алысқа атады және нысанаға дәп тигізеді, сол жеңімпаз. Жүлдеге жүз сәйгүлік, қол басындай құйма алтын тігілген. Түс ауа үш жүз мергеннен іріктеле келе үш жақкер

Шыңғыс қаған орнынан тұрып кеткен екен. Мөңке-Қалжаны қасына шақырып, қошеметін жаудырды да соғыс олжасынан елу сәйгүлік тарту етті. Қағанға алғыс айтып, ұзақ ғұмыр тілеген Мөңке-Қалжа мергендер тобына қарай шауып кетті.

Келесі кезекті қоңырат Күнгей мерген алған екен. Ол да бас би Кәктай ноянның ишарасымен сәл алыстап орағыта шауып келіп, бақан ұшына ілінген екінші мысық терісін нысанаға алған. Садағын үш толғап, соңғы толғамында адырнаны шірей тартқан ол атып қалып еді, «су» етіп ұшқан ағаш оқ теріге барып қадалды. Жел шайқап тұрған соң, оның үстіне, алыстан талып жеткеннен болар, қызара бұлғақтаған тері бақан ұшында қалып қойған екен. Тізіле қалған қорушындар3 құлашын кере аралықты өлшеп еді, тура үш жүз он төрт қадамнан тигізіпті. Шыңғыс қаған оны да шақырып алды да, алқау сөздер айтып, сол жерде елу сәйгүлік сыйлады.

Ендігі кезек осынау дүбірлі шайқастың оқ атар соңғы мергені Есүңкеге — Есей мергенге келіп жетті. Шулаған жасақтар мен нояндар сілтідей тынған. Кіреуексін шешіп, жеңілденіп алған ол қос білегін парсының жұқа шағыымен мықтап оратты. Атына мініп, ағаш өзекті, мүйіз астарлы, жон иіні тарамыс желіммен тартылған ай садағын қолына алды. Анығында, Есей мергенде садақтың отыз шақты түрі бар-тын. Қан майданға кірерде үшеуін алып жүреді. Қосын ішіндегі Күкү шешеннің інісі, атақты шебер Сүкү-тайшыға арнайы жасатқан садақтары қаншама жаудың жанын жай таптырған.

Сол сәтте оқыс іс болды. Қағаннан рұқсат алған болуы керек, Түркен қатын бастаған тұтқындар тобынан Жанай ноян-

2 Құма — Ежелгі көшпенділер салтында билеушінің жасуланған жұрттан тартып алған әйелдері. Оларда ресми ханымдық мәртебе болмайды. Тек, ханның құмарын басу үшін пайдаланған. Олардан туған бала да билік бөлісінде есепке алынбайды.

3 Қорушын — Қағанның, ұлдарының және атақты нояндардың жеке күзеті. Той-томалақта тәртіпті қадағалайды.

4 Кейбүр жебе — қашқан жауды немесе алыстағы адамды атауға арналған ұштығы да, сабы да ұзын жебе түрі.

**Қасымхан БЕГМАНОВ**

(Басы 1-бетте)

Мезі болған сыбыр менен күбірден,
Қырқып қанша тастағандай түбірден.
Уақыттан да озып кеткен, жүгірген,
Ғимарат бұл арып-ашып ардағым,
Кіріп келген оралғанда сібірден.

Сөз сөйлеген қаншама рет ғұламам,
Қазағына мәңгі теңдік сұраған.
Осында кеп қанша дарын жылаған,
Жек көретін болмысыңды, тегіңді,
Суық қарап тұрады ылғи бір адам,
Кіріп-шығып жүрген жерге ғұламам.

Кітаптарда ұлы дала тағысы,
Жүректер мен жүректердің қағысы.
Қатар жүрген тұлпары мен жабысы,
Сезілетін сәйгүліктер шабысы.
Осы жерде ғасырлардың ағысы,
Осы жерде кемшілігі, табысы.

Кезектескен көктемі мен бораны,
Кездесетін жомарттары, сараңы.
Дәрігерсіз жазатын жер жараны,
Еске салып, алыс ауыл, қораны.
Қазақстан Жазушылар одағы,
Алыптардың айқасатын алаңы.

Қазақстан Жазушылар одағы,
Қасиетті, біздің қара шаңырақ.
Күндіз майдан, түнге қарай қаңырап,
Тарихы тұр сыр жасырып аңырап.
Бабалардың жазылмаған заңы ұнап,
Өңменіңнен өтердей боп қарайды,
Суреттерден – Аруақ.

Бабалардың ақ үмітін арқалап,
Қатігезден халқымызды қалқалап.
Көзін тіккен, сөзін күткен шартарап,
Жамандама, Жазушылар одағын,
Талай жайсаң шыққан жер бұл шалқалап.

Миллиондаған жүректерді жаулап қал,
Ғасырлардан ғасырларға лаулап бар.
Қара ниет өзі-ақ түбі аулақтар,
Кезек-кезек Кеңсайдан кеп одақты,
Мәңгі-бақи күзетеді аруақтар.

ӨТЕБИКЕ, АЙЖАМАЛ

(Қасиет қонған ардақты әжем
Өтебике мен аяулы анам Айжамалдың
асыл рухына)

Әкем қалған Үлгілінің қырында,
Шешем қалған менің шерлі жырымда.
Жолдың жыры тарқатылған бұрымда.
Түрлі-түрлі күй кештірген, жылатқан,
Әжем қалған сурелердің сырында,
Өтебике, Айжамал.

Өтебике, Айжамал,
Бірі – әжем, бірі – анам.
Солар менің мәңгі бақи ғұламам,
Солар мені бір Құдайдан сұраған.
Алыс-алыс сапарларда, жырақта,
Көңілімде тұрады ылғи бір адам.

Өтебике, Айжамал,
Ескі қора, қабырғасы құлаған.
Ана жерде етпетімнен құлағам,
Мына жерде өксіп-өксіп жылағам.

Әлі күнге қоңыр кеште ғайыптан,
Көңіліме оралады бір адам.
Өтебике, Айжамал,

Айтқан сөзі, салған әні ұнаған.
Ескі қора қабырғасы құлаған,
Жаңбыр жауып, дауыл соғып тұр оған.
Елден жырақ кеткенімде алыста,
Көңілімде тұрады ылғи бір адам,
Өтебике, Айжамал.

Өтебике, Айжамал,
Сәби кезгі менің мұңлы елесім.
Қиырларда көз алдыма келесің,
Кейде, кейде елеске де ересің.
Аңсап жүрмін олар жатқан дамылдап,
Сертке асатын Үлгілінің белесін,
Өтебике, Айжамал.

Жүрегімде күнде менің дүрбелең...

Өскем ыстық алқабында Сауранның,
Етегінде қарауытқан таулардың.
Өмір бойы жібермеді еркіме,
Өтебике, Айжамалдан ауған мұң.

Еркіме бір жібермеді, баурады,
Төбемізден уақыт шіркін аунады.
Әжем, шешем егін еккен, арық сап,
Игілікке жаңбыр сонда жаумады.

Өтебике жүзін қайрап кетпеннің,
Тұрған сәті... ол да қазір өткен күн.
Терезеден ауыл жаққа жалтақтап,
Алматыға поезбенен кеткенмін.

Кеткем жалғыз, жабырқағам, мұңайғам.
Кафе жақта өксіп-өксіп жылайды ән.
Өтебике, Айжамал ол алмасқан,
Аумайды екен, шыққан, батқан күн, айдан.

Жалғыз-жалғыз мәңгі азап шеккендер,
Қара түнде көздің жасын төккендер.
Мен, сендерді, түсінемін жаныммен,
Бір-біріне қосыла алмай кеткендер.

Қосыла алмай, іштей азап шеккендер,
Жандарыңды аялады көктемдер.
Саялады жүректерің тынышымай,
Оңаша бір көздің жасын төккендер.

Бойлатпайтын,
ойлатпайтын тылсым-ай,
Өмір сыры, жырсың-ай бір, сырсың-ай.
Қосыла алмай кеткен,
қайран, ғашықтар,
Қақ төбеңде мәңгі жылап тұрсын Ай.

Сол сәтті... шыққан ерке елік үйден,
Уақыт бізден ап қойған.
Мөп-мөдір шағым, өртеніп сүйген,
Өткен күндерде қап қойған.

Көргендер бар ма,
Сол күндерімді,
Тәтті мұң тербеп шайқаған.
Уыз сезімдей сол түндерімді,
Бере ме уақыт қайтадан.

Еркімді, шіркін, қалай жеңді екен,
Тойлар мен ойлар ормандай.
Бәрін жоғалтқан жалғыз мен бе екем,
Адасқан жолда сормаңдай.

Шын ғашық болған сол бір шақтар-ай,
Оралар ма екен қайтадан.
Жанарды жасқа толтырсақ талай,

Қайталай сол ой шайқаған.

Баяғыдайын айтып бермейді,
Санаға сырды сап қойған.
Ол сезім енді қайтып келмейді,
Өткен күндерде қап қойған.

Жалтақтамастан әр таныстарға,
Ғарышқа сапар шеккендер.
Қап қойған бізден, қалтарыстарда,
Жылдар мен сол бір көктемдер.

... Баяғы сол студентке бір көргеннен
ғашық болған едім. Сол кезде мен сенің тек
студент екеніңді ғана білдім.

Мен сені ұзақ жылдар бойы сағы-
натынмын... Әсіресе көктемде, өзіңмен
танысқан сәуір айы туғанда терезеден

аққан тамшыларға қосылып жылай-
тынмын...
«Сенен келген хаттардан...»
Сен, оны ұмыт, асылым,
Ол енді мәңгі келмейді.
Жүректе қалған жасырын,
Елестер ғана өлмейді.

Есіңде бәрі қалған ба,
Артағы жылдар, белестер.
Санаңды шырмап алған ба,
Жастық шақ, ескі елестер.

Есіңде бәрі қалған ба,
Артағы жылдар, белестер.
Санаңды шырмап алған ба,
Жастық шақ, ескі елестер.

Күдерді неге үзбейсің,
Өзіңді салма табанға.
Бекер-ақ оны іздейсің,
Айналған басқа адамға.

Жылдарды өткен сезбестен,
Жайқалған нәзік гүлсің бе?
Кездейсоқ саған кездескен,
Студентті іздеп жүрсің бе?

Тырсылы ғана жоқтасқан,
Жаңбырға қарап құрбың да.
Сәтінде қимай қоштасқан,
Сыртынан қарап тұрдың ба?

Көзіңмен іздеп күттің бе?
Ішінен тасқын нөпірдің.
Үстінен жалғыз өттің бе?
Су ағып жатқан көпірдің.

Айтылған сол бір сырлардың,
Азабын жалғыз шектің бе?
Алыстап кеткен жылдардың,
Артынан іздеп кеттің бе?

Түсіне алмас кез келген,
Айтуға қорқам, жасқанам.
Қатыгезденген, өзгерген,
Ол қазір мүлде басқа адам.

Сен оны енді іздеме,
Ол күндер қайтып келмейді.
Өзгеріп кеттік біз неге,
Ескі елес қана өлмейді.

Арайлап мынау таң атқан,
Шумаққа жастық сырын сап.
Аяй көр, мені Жаратқан,
Есіме түсті-ау шырын шақ.

Сол сезім қалған күндерде,
Көкірегімде туды арман.
Түсіме кірген түндерде,
Жастығым жас боп суланған.

О, несі-ей, шешем ұрысты,
Еркек басымен жылаған.

Төсегім тұрған бұрышты,
Пана ғып үнсіз құлағам...

Пенде екенмін, пенде екенмін пендемін,
Қарағым-ай, жоқ екен ғой сенде мін.
Кемшілігім шашымнан да көп еді,
Өлеңімдей өңдедім.

Суайттарға, аярларға сенбедім,
Ататұғын жарық таңым сен бе едің.
Дәл осындай күйге, қалқам, тең бе едім.
Жоқ екен ғой, жоқ екен ғой сенде мін.

Түзетпек боп құлышынғанға көнбедім,
Сүйіп кетті, күйіп кетті еңбегім.
Қолаптада өшпей қалған шоқ едім,
Сөндірем деп ұмтылғанда сөнбедім.

Мына жолдар өткен күнге соқпайды,
Сүйген жандар бірін-бірі жоқтайды.

Ештеңе де мәңгі емес, қарағым,
Соғып тұрған жүрегің де тоқтайды.

САРАЙШЫҚТА

Құстар кетті, кетті, әне, тізбектелген,
Құлазып тұр, көңілім күзді өткерген.
Тізе бүккен парызым өтеліші деп,
Ер Қасым хан, басыңды көтерші деп
Қасымханға басыңа іздеп келген.

Дөңгелегін уақыттың кері бұрған,
Күткендей боп осында мені бір жан.
Беу, Сарайшық, не дейсің сырын бүккен,
Қанша ғасыр Жүмекен жырын күткен,
Өзегім – өрт, қайтейін, серігім – ән.

Көзім көрді кепкенін талай шықтың,
Қанды қасап, қыспақтан қалай шықтым.
Ғасырлардың тепкіні... сазы қап бір,
Құм суырып, жел тербеп, азынап тұр,
Қабырғасы қайғылы боп Сарайшықтың.

Сақталыпты кірпіші қыры сынбай,
Мұңға батып бір шетте тұрысымды-ай.
Сырысындай, Сарайшық, мұңға батты,
Ғасыр өтті, жөңкіліп жылдар ақты,
Исатайдың жарқылдап қылышындай.

**ЖЫЛЫМ ИТ, АЙЫМ
АРЫСТАН**

Жаралған жанмын намыстан,
Уақытпен жыры жарысқан.
Опасыздықпен алысқан,
Неліктен менің, ағайын,
Жылым ит, айым арыстан.

Қазақтың мынау бағы үшін,
Тастама мені, намысым.
Кеудемде жатқан барысым,
Маңдайдан осып жіберген,
Ауылда қалған қамшыым.

Тартып жіберер қақ бастан,
Жағымпаздарға жақпастан.
Таң болып елге атпастан,
Қалың елімнен бір бақыт,
Кетіп барамын таппастан.

Қайтемін саған ақталып,
Өліп кетуге шақ қалып,
Қалған ол менде сақталып.
Жүрекке біткен намыстың,
Арымды сақтап келемін,
Жері жоқ қалған тапталып.
Жатса да жерді жай атып,
Жүзімді жасқа боятып.

Жақсылықтарды таятып,
Итімді менің үргізбе,
Арыстанымды оятып.

Итімді менің үргізбе,
Етекте желге түргізбе.
Жеткенде тағы бір күзге,
Сертімде берген тұрмасам,
Маңыңнан қайтып жүргізбе.

Көшеңде анау біз өткен,
Сөзімді кім бар түзеткен.
Арыстанымды оятып,
Итімді менің үргізбе,
Арымды мәңгі күзеткен.

Алматының сағындың ба көшесін,
Бұл шаһарда рухани өсесің.
Жарқыраған даңғылыңда даладай,
Қилы-қилы сезімдерді кешесің.

Кезіп келе жатып алуан көшесін,
Жағдайыңды өзің ғана шешесің.



Толтырамыз қалай, немен, жарығым,
Өткен жылдар, кеткен күндер есесін.

Көрші қарттың қолшатырын сұрап ап,
Алма ағашы сыңситуғын мына алап.
Ана жерде сені алғаш көргенмін,
Мына жерде шарап ішкем тұра қап.

Өтті бастан қанша сынақ, неше сын,
Бұл шаһарда өсесің не өшесің.
Айтшы, маған, жарығым-ау, жасырмай,
Сағындың ба, Алматының көшесін.

Жүрегімде күнде менің дүрбелең,
Ұйықтай алмай дөңбекшимін түнде мен.
Құшақтайды, сыр айтады жанашыр,
Пышақтайды қу жанымды күндеген.

Билік бізді сұрыптады, талғады,
Уақыт асқақ армандарды жалмады.
Күйбең қақтым, күйбең-күйбең, күй-
беңмен,
Өмірімде мән-мағына қалмады.

Өтті бастан қилы-қилы, қилы күн,
Уақыт бізге жүргізеді билігін.
Сыйлығымен түрлі-түрлі мезгілдер,
Қоғамының құшағына сыйды кім.

Мен де сыйдым, сырттай ғана сыйғанмын,
Санам менен нәпсімді күрт тыйғанмын.
Алла өзі реттейді, аяулым,
Мені ажалға қиған күн.

Болмасам да мен сенің өміріңде,
Қап қойғанмын мәңгілік көңіліңде.
Жолаушыдай поезға мініп кеткен,
Қалайша ұмытқанмын сені мүлде.

Мен сенің қалып қойғам көңіліңде,
Бір рет кездескен жан өмірімде.

Адастым, басқа жолмен кетіп қалғам,
Қалмады достарым да, сергім де.
Ол жылдар артта қалған, ұмытылған,
Жүрек пен жанарымда сыры тұнған.
Мен емес, жарығым-ау, басқа адам ғой,
Алдында тірі тұрған.

Қайнаған тіршіліктің базарында,
Тылсым бір сыр тұрады ажарымда.
Елес боп көз алдыма сен келесің,
Бойымды жазарымда...

Сары уайым санамды сансыратқан,
Жылдар анау өзендей шанышыла аққан.
Басын изеп жанымнан өте шығып,
Ұзай берді арулар қанша ұнатқан.

Адамдар-ай біртіндеп, ұзай берген,
Қайран, ауыл жүз кетіп, жүз-ай келген.
Уақыт менің еркімді тартып алған,
Жалғыз асып кеткенмін Қызай белден.

Көктем кетті мөлдірей күліп тұрып,
Күліп тұрып ...кетті ол да сыр ұқтырып.

Асқақ-асқақ ақындарды көрдім мен,
Кеңсай жаққа кетіп қалған біртіндеп.

Төңірегі көмкерілген гүл еді,
Көшесінде періштелер жүреді.
Беу, Алматы, сендей қала көрмедім,
Ақындармен бірге соққан жүрегі.

Мен түбінде естелікке айналам,
Жоқ болады көкке құлаш жайған ән.
Жоқ болады бар бақытқа сай ғалам,
Той ғалам бұл, құшағыңды жай, балам
Бір кездері мен де сендей ойлағам.

Естелікке айналамын түбінде,
Рақмет, жарық дүние, бүгінге.
Жеңіл емес арқалаған жүгім де,
Қаңсып қалған қорқада тұр күбің де,
Мен аманмын кеткен жоқ қой түгім де.

Жер бетінде қалады тек естелік,
Сенбегендер көрсін өзі тексеріп.

Тарам-тарам таралған қара жолдар,
Бәрін қалай жіберген ұмыттырып.

Шіреніп шалқайғанмен,
Ұлы істі тарта алмайды.
Адамдар қартайғанмен,
Көктемдер қартамайды.

Көрмекке туылады,
Адамдар өліп кеткен.
Жаңбырмен жуылады,
Көктемдер келіп кеткен.

Өмірім-ай, уақытпен өлшенбеген,
Өлшенбеген дегенге ел сенбеген.
Сағыныштан сарғайған санамдағы,
Ата-анамды тағы бір көрсем деп ем.

Өлшенбейді уақытпен ақындығым,
Ақындығым халқыма жақындығым.
Бала кезгі қиырлар қиялдағы,
Маған сенсең, жанымға жақын бүгін.

Сеземін ғой тағдырды шешетінін,
Жарық дүние бір күні өшетінін.
Белгілі ғой, қарағым, мына елге,
Жер бетінен менің де көшетінім.

Өмірім-ай, уақытпен өлшенбеген,
Өткен күнді қайта бір көрсем деп ем.
Көшер болсам бір күні жер бетінен,
Мәңгі өлмейтін жыр жазып өлсем деп ем.

Арулары еркелеуге ерінген,
Ақ бұлттары күндік жерден көрінген.
Алматыны жан-тәніммен сүйем мен,
Алатауға шалқасынан керілген.

Қонып кеткен баяғыда бір күн кеп,
Армандайды қайта көрсем, шіркін деп.

Көрсендер, кетсеңдер де жек көріп,
Ешкімге мен көрген жоқпын кектеніп,
Кешіріңдер, кеткен болсам, кеш келіп.

Жердің беті адамзаттың базары,
Жердің асты өлгендердің мазары.
Ай, ана Қайластан аққан тірі су,
Жаңартатұғын ағзаңды,
Ауды бүгін өзіңе адамзаттың назары.

Топырақ түбі құндақтар,
Шешілмей жатқан жұмбақтар.
Жанымды менің тербеді,
Адалдығымды көрмеді,
Бұл тобыр ертең сырғақтар.

Сырластым қанша,
Тауларымен Қайластың,
Өйткені мен,
Арыстанмен айласпын.
Қиялыммен айды астым,
Қара жолдармен қабырғалас жүйіткідім,
Ормандармен ойластым.
Менің жырым сырларындай, жұмбағындай
Қайластың...

Таптамасын итеріп тастамасын,
Жасқамасын міндет қып асқан асын.
Қаптап кеткен не қылған Қасымдар бұл,
Соңғы Қасым мен болам, ей, дүние,
Қазаққа енді келмейді басқа Қасым.

Кедергісін келтірген зиялығың,
Қиянатқа сезесің қияды кім.
Билігіңнің алдында беделің жоқ,
Кітабың да, өзің де керегің жоқ,
У-шу еткен қоғамға сияды кім.

Ойлауға да қорқасың әрі қарай,
Сілкілеген түндерде ары талай.
Ұнамаған, бірі кеп сұрамаған,
Жағдай айтып бастыққа жыламаған,
Бұл Қасымның бүгінгі халі қалай.

Қасында жүр күншілдер көре алмаған,
Көре алмаған, бір үміт бере алмаған.
Қайран жүрек, кеудемде бұлқынасың,
Ей, ит, дұшпан, жеңем деп жұлқынасың,
Қасымдарды ғасырлар жеңе алмаған.

Даласында жоғалған соңғы дәстүр,
Жасырынған көзінде соңғы жас тұр.
Текке талап тастаған, кекке балап,
Қара түнде ұлиды көкке қарап,
Соңғы Қасым секілді соңғы қасқыр.

Күресіңге итеріп тастамасын,
Дос санаған сатқанда қасқа басың.
Қаптап кеткен не қылған Қасымдар бұл,
Соңғы Қасым мен болам, ей, дүние,
Қазаққа енді келмейді басқа Қасым.

Тағдырдың көрдім талай ауыр сынын,
Кеш ұқтым көңілдегі дауыл сырын.
Жоғалттым қанша қымбат асылымды,
Қалмады қаға-қаға қауырсыным.

Қалмады, қалмады ғой, қала алмады,
Бармады, бармады ғой, бара алмады.
Жауласқан, жағаласқан, дауласады,
Адамзат бір-бірімен жаралғалы.

Боранда жалғыз өзім қалғанымда,
Тапталды үмітім де, арманым да.
Өмірде бәрімен де қоштасасың,
Нем қалды жоғалтпаған жалғаныңда.

Нем қалды бұл дүниеде айырылмаған,
Дос кетті, таныс кетті қайырылмаған.
Жайылмаған дастарқан секілдісің,
Сен, аман бол, ер қазақ, сайын далам.

Жол қашады алдыңнан ширатыла,
Шаһар шығар жоқ болған қиратыла.
Қара жолда бәрін де жоғалтасың,
Бірте-бірте жетесің зиратыңа.

Балалық шақ, көп баланың бірісің,
Үлкендерге ұнамайды жүрісің.
Күндіз-түні ойынмен таң атырған,
Жоқ боп кетіп уайымға батырған,
Кешір, ана, пісіп қалған күбісің.

Бабайқорған гүл жамылған белесі,
Сағындырған, табындырған жер осы.
Сол бір сурет көз алдыда тұр әлі,
Үлгілінің тоғаны мен бұлағы,
Ескі күннің елестейтін елесі.

Талпынғанмен көкке жетпей құлашым,
Шерлі жүрек ақ жаңбырдай жыласың.
Ауладағы шешемнің сол жүрісі,
Жасырынған ескі үйдің бұрышы,
Әлі күнге көз алдыда тұрасың.

Кешір, ауыл, ақтамаған үмітін,
Қайран, шешем, түткен жер бұл түбітін.
Мені әкеткен вагондардың солқылы,
Неге саған хат жазды деп сол түні,
Қарындастың сабап кеткен жігітін.

Өткен күндер өкініші өшіпеді,
Еңбектерім тағдырымды шешпеді.
Оңашада мұңаятын шағым көп,
Бұлдыр күндер артта қалған сағым боп,
Кешір, елім, кешіріңдер, кеш, мені.

ӨТТІ КҮНДЕР

Ұнатып ем сыр тыңдауды бұлақтан,
Өтті күндер атар деумен бір ақ таң.
Кездеспедік, алыстасың, аяулым,
Жолдар, жылдар жүрегімді жылатқан.

Қайран көңіл бір үмітін үзбейді,
Көктемнен соң, қайта келсін күз мейлі.
Жылдар жылжып, айлар өтсін арада,
Жүрек шіркін әлі күнге іздейді.

Көкіректе тұнып тұрған сырмысың,
Жұлдыздардың арасында тұрмысың.
Көп болды ғой көрмегелі өзінді,
Арманым-ау, аман-есен жүрмісің.



Серікқали БАЙМЕНШЕ,
филология ғылымдарының
докторы, профессор

Көрнекті ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор ұстазымыз Хайыржан Бекхожин университеттегі баспасөз тарихы туралы лекциясында облыстық газеттерге тоқталып, соның ішінде бір кезде өзі де редактор болған Қостанай облыстық газеті жайында айтқанда (кейін «Қазақ баспасөзі тарихының очеркі (1860–1958)» монографиясында жазылғандай): «1925 жылы Бейімбет Майлин Қызылордадағы республикалық баспасөзге ауысты. Жұмаш Еленов та сонда кетті. Сондықтан газетке хабар жазып, қаламы төселген тілші Меңетай Жақсылықов «Ауыл» газетіне әдеби қызметке алынды» деген еді.

Ол кезде студент-жастар арасында Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романы, оның кейіпкері Меңетай есімі кең жайылып тұрды. Әз-ағанның Меңетайына ұқсас әрі бір-ақ әріп айырмашылығы болғандықтан шығар, Меңетай деген есім сол шақтан санада сақталып қалыпты. Кейін Бейімбет Майлин шығармашылығына байланысты зерттеулер арқылы жазушының төл шәкірті Меңетайға жақындай түстік.

Меңетай Жақсылықов (1900 жылы туған) — Қостанайдың Меңдіқара өңірінің қазағы; ең алғаш үш жылдық ауыл мектебінде сауат ашып, медреседе дәріс алған. Бұдан кейін Орынбордың мұғалімдер институтында білім алып, саяси сауаттандыру мектебінде оқыған. Еңбек жолындағы бірінші белесі — ауыл мектебінің оқытушысы болуы. Осы кезде Қостанайдың «Ауыл» газетінің жергілікті тілшісі ретінде үзбей мақала жазып, Бейімбеттей танымал тәлімгердің кәсіби мектебінен өтеді, журналистика әліппесін үйренсе бастайды. Сөйтіп, көп ұзамай газет редакциясының табалдырығынан аттап, шығармашылық әлеміне келіп кіріп, мәңгілік мамандығын табады.

Меңетай газетшілік еңбегін енді бастаған тұста, редакциядағы әріптестері Бейімбеттің дәстүрін сақтау мақсатында, ел ішіндегі жер-жердегі тілшілердің күшімен «Ауыл» газетінде «Жедел карт» деген арнаулы сын-сықақ бөлімін ашады. Оның тізгіншісі Меңетай болады. Газет «Жедел карттың» көзімен ел ішіндегі ерсі қылықтарды өткір сынап, жаңа қоғамның күш алуына көмектесіп отырады. «Жедел карт» газеттің, осы бөлімді жүргізушінің және басқа да жас газетшілердің шығармашылық тұрғыда жетіліп, өсуіне игі ықпал етті.

Бейімбет пен Меңетай былайғы өмірде де ағалы-інілі болып, рухани жақындықта ғұмыр кешкен. Бейімбеттің өзі жақсы көретін, жақсы білетін достарының, құрдастарының, замандастарының есімін шығармаларының кейіпкері, бөгде есім етіп пайдаланатын әдісі бар. Алғашқы өлеңдерінде, баспасөз бетіндегі бастапқы жарияланымдарында, кейінгі прозалық туындыларында бұл әректі көп байқалады.

Мысалы, «Биғаншаның хаты» әңгімесінде әріптес шәкіртінің есімін

былай пайдаланды:

«Меңетай шал азырақ бөгеліп тұрды да:

— Осы да жөн-ау. Ішерлігімізді колхоздан алдық, үкіметке бермей оны қайтпекшіміз? Колхоз жоспарынан тысқары жарты десте салып едім, 50 пұт астық қорым да тұр. Жазындар, соны түгелімен беремін, — деді ол».

Бейімбет, негізінен, «Ауыл» газетінде біршама қолданған «М-тай» бүркеншік есімі Меңетай бауырының есімін қысқартудан пайда болған. Жазушы «Серттес-

ратылған соң, Меңетай Жақсылықов газет басшысы ретінде «Ауыл» газетін Торғай ауданына (1928–1956), аудан орталығы Торғай селосына (қазіргі Қостанай облысының Жангелдин ауданының орталығы) көшіріп әкелген көштің басында болып, осы жерде газет шығару ісін жолға қояды.

1930 жылдың қазан айынан «Ауыл» болып қайта шыға бастаған сол газет жылдар өте келе, талай кезеңді бастан өткіріп, атауын бірнеше мәрте өзгертіп, қазір «Біздің Торғай» деп аталады. Жур-

отырып таразылағанбыз).

Меңетайдың газеті бұдан кейін Бейімбет Майлин мен Ғабит Мүсірепов жазған, «Социалды Қазақстан» газетінде жарияланған «Батыр-большевик Амангелді» атты ұзақ очеркті бірнеше нөміріне көшіріп басты.

Сол сияқты Бейімбет Майлиннің 1936 жылы «Әдебиет бетінде» берілген «Бакыт» әңгімесі жазушының белгісіздеу шығармасының бірі еді. Мұхтар Әуезовтің «Ән сөзі» әңгіме-мақаласы танымдық тұрғыда өз ерекшелігімен көрінді.

МЕҢДІҚАРАНЫҢ

кендер», «Былай қылсақ қайтеді?», «Займ помыш» секілді оқшау сөздеріне, «Мұхаметжан Серәліұлы», «Есенбай», «Өше ме десен, өрши түседі», «Ауылдың» жылдық тойы», «8 март күні» секілді шағын туындылары мен кейбір өлеңіне «М-тай» деп қол қойды. Бейімбеттің бүркеншік есімі аз емес; ал аз ғана уақыт қолданған «М-тай» ауыл тілшісі Меңетай бауырының есімін өзімісініп пайдаланған газетшілік ғұмырдың бастапқы кезеңіне тура келеді (бұдан ұлттық баспасөздегі бүркеншік есім тудырудың өзіндік бір тәсілін көруге болады). Меңетайдың өзі «М-тай» есімін сирек қолданды, көбіне «Метей» деген бүркеншік есіммен жазды.

«Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің байырғы қызметкері, белгілі журналист Есхан Есетовтің «Мырқымбай» деген деректі әңгімесі бар. Мұнда Қостанайдың «Ауыл» газетінің редакторы Меңетай Жақсылықов Мырқымбай туралы өлеңдердің тууына себепші, жазушы мен кейіпкер арасын жалғастырушы тұлғасында көрінеді, яғни шығармашылық тәсіл ретінде Мырқымбайдың Бейімбетке «жазған хатын», жазушының Мырқымбайға «арнаған хатын» (өлеңдерін) бір-біріне жеткізу жолы таңдап алынады.

Автор оны былай сипаттайды:

«Меңетай Жақсылықов. Бұл — осы Бейімбеттің Қостанайда қалған ізбасары. Бұрын Бейімбеттің өзі істеп кеткен сондағы округтік газеттің қазіргі редакторы. ...Меңетай кеше келіп манағы Мырқымбай хатын да өз қолымен әкеп тапсырып кеткен. Сонда сол хатты беріп жатып, «Мырекеңе жауабын да өзім ала кетемін ғой» деп Бейімбетке наз нышанын білдірген.

Меңетай да — каламгер жігіт. Оның бет-әлпеті, ұзынтұралау талдырмаш бойы, қайырған шашы, селкем ғана білінетін шешек дағы да осы Бейімбет тәріздес. Бірақ мінезі өзгешелеу. Бейімбеттей тұйық емес, серпіле сөйлеп, аңқылдап отыратын апайтөстеу, ақ көңіл жігіт. Бейімбеттің өзімен үзгенілес келе жатқан көптегені таныс, аралас-құралас, елдес адам...»

Меңетай өнерге құмар жастардың бірі болды. Бұл құмарлық сол кезде, әсіресе ауыл мұғалімдерінің шығармашылық қабілетін көрсетуінің бір жолы болып көрінді. Бейімбет Майлиннің ертеректе Қостанай жастары арасында кең таралып, жиі қойылып жүрген «Неке қияр», «Қаламқас», «Бетім-ау, құдағи ғой», т.б. шағын пьесаларына Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзақов, Жұмаш Еленов сияқты т.б. талантты жастармен бірге, мұғалім Меңетай Жақсылықов та қатысып жүрді.

Александр Затаевич қазақтың мың әні мен күйін жинап жүргенде, сол кезде Қостанай уезінің Ара қарағай болысында тұратын Меңетай Жақсылықов оған «Сексембайдың әні», «Перизат бауырым» әндерін өзі айтып жаздырған. Бұл әндердің нотасы (сөзімен бірге) А.В.Затаевичтің атакты кітабында берік қатталғаны белгілі.

1930 жылы Қостанай округі та-

налистік дәстүрді жалғастырған «Ауыл» газеті Торғайда 1936 жылға дейін өз атымен (кейінірек «Социалды ауыл» болып) шығып тұрды.

Меңетай Жақсылықов отыз үш жасында Ақтөбенің облыстық «Социалистік жол» газеті редакторының тағдырлы тізгінін қолына алып, Шеген Құдаманов, Максұт Жанышев, Тұмыш Сарғожаев сынды ізашар арыстардың ізбасары болды және аталған қызметті басқа әріптестерінен біршама көп уақыт атқарды.

Меңетай Жақсылықов басшылық еткен жылдары жас газет өзінің қоғамдағы орны мен рөлін күшейтуге ұмтылды, басылымның халық арасында кең таралуына, оқырманның ықыласына бөленуіне баса назар аударылды. Бұл үшін басылымның жалпы мазмұнын жақсартып, жанартуға, газет сөзінің пәрменділігін арттыруға, оқырманға жедел жетуіне ерекше мән беріліп, ішкі ұйымдастыру-шығармашылық жұмыстары жетілдірілді. Әсіресе очерк, өлең, деректі әңгіме түрінде көркем-публицистикалық жанр өрлеу жолына шықты. «Фельетон», «фельетонсымақ», «фельетонша», «оқшауша орнына» айдарларымен өткір сынға өріс ашылды.

Меңетай тізгін ұстаған тұстағы тақырып аясының кеңеюі, шығармашылық еркіндік, жазуға деген құштарлықтың артуы осы бір отыз екінші-отыз үшінші жылдардан басталып, отыз жетінші жылға дейін созылған аз уақыттың аясында газеттің қалыптасу-даму қадамын тездетіп, мазмұнын айтарлықтай жақсартып, материалдардың пәрменділігін күшейтіп, журналистер шеберлігін шындаған шынайы кезең болды.

Жаңа редактордың келуімен төрт бет болып шыға бастаған газет алғашқы күннен әдебиет, өнер мәселесін тұрақты жазуға көшті. Мысалы, Меңетай басқарып отырған газетте 1934 жылғы 20 қаңтарда елімізде «Қазақ әдебиеті» газетінің жарық көруіне байланысты алғашқы №1 «Әдебиет беті» ашылды. Арнаулы беттегі «Әдебиетіміз жаңа дәуірде» деген редакциялық мақала, «М.Ж.» бүркеншік есімімен жазылған «Ән, күй шеберлерінің өлкелік слеті болады» деген кеңейтілген ақпарат Меңетайдың өз қаламына тиесілі екені сөз саптауынан анық байқалады.

Осы күннен бастап «Әдебиет беті» нөмірленіп, 1937 жылдың аяғына дейін жүйелі шығып тұрды. Оқырман назарына жергілікті авторлардың туындыларымен қатар, белгілі каламгерлердің көрнекті шығармалары ұсынылып, қазақ көркем әдебиетін насихаттау кең өріс алды.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің 20 жылдығына орай газет Қазақстанның басты жазушысы Бейімбет Майлиннің «Жалбыр» атты жаңа повесін бірнеше нөмірге түгелге жуық жариялады (мәтінін профессорлар Темірғали Нұртазин мен Сейділда Ордалиев алғаш рет үйірге қосқан «Жалбыр» повесінің шығармашылық тарихын кезінде нақ осы сақталу сапасы жақсы жарияланыммен салыстыра

Газет көрнекті ақын Ілияс Жансүгіровтің әдеби құбылыс болып танылған атакты «Құлагер» поэмасын бірнеше нөміріне тұтас жариялады.

1936 жылы газеттің кезекті нөмірінің қос беті қазақ кеңес әдебиеті көшбасшыларының бірі Сәкен Сейфуллиннің шығармашылық қызметіне, жекелеген әдеби туындыларына арналды.

Осы жылдары А.С.Пушкин шығармашылығын насихаттауға ерекше мән берілді. Ілияс Жансүгіров аударған «Гавриилиада» поэмасы «Габрайылнама» деген тақырыппен газеттің бір бетін алып жарияланды.

Бұдан кейін Ілияс қазақша сөйлеткен «Евгений Онегин» оқырмандармен тілдесті.

Қадыр Тайшықов аударған «Капитан кызы» да газет арқылы көпшілікке жетті.

Тайыр Жароков аударған «Кавказ тұтқыны» газеттің тұтас бір бетін алып жатты.

Меңетай Жақсылықовтың редакторлығы тұсында, газеттің 1934 жылғы бір нөмірінде алғашқы қазақ заңгері, мемлекет және қоғам қайраткері, ағартушы, демократ Бақытжан Бейсәліұлы Қаратаевтың (1863–1934) дүниеден өткені туралы азнама жарияланды.

Батыс Қазақстан өңіріндегі Қаратөбе жерінде дүниеге келген Бақытжан Қаратаевтың есімі көпшілікке жақсы таныс және өмірбаян деректері де кеңінен мәлім. Ел құқығын қорғау жолында аянбай еңбек еткен айтулы заңгердің қазақ халқын аштыққа ұрындырған Өлкелік комитеттің бірінші хатшысы Ф.Голощекиннің қылмысын бетіне басып, қарсы шыққан ерлігі ұрпақтан-ұрпаққа жайылып келеді.

Өмірінің соңына дейін Ақтөбе қаласында тұрып, жетпіс бір жасында дүниеден өткен Бақытжан Қаратаевтың қазасы туралы хабарлап отырған газет ақпаратын бақытжантану жайындағы тарихи жарияланымның бірі деуге болады. Мұнда оның өмірбаянына тереңдемей (патша заманындағы заңгерлік қызметі, 1927 жылы діни көзқарасы үшін большевиктер партиясына мүшеліктен шығарылғаны сияқты), негізінен, кеңестік заман лайық көретін өмір кезеңі туралы айтылады.

«Қарт қызыл партизан Бақытжан Қаратайұлы ағұстың 24 күні қайтыс болды, — деп жазды газет. — Бақытжан 1860 жылы Батыс Қазақстан облысында туды. Бақытжан — Қаратай сұлтанның тұқымы.

Бақытжан 1904 жылдан 1914 жылға дейін Кадет партиясында болып келді, жиһангершілік соғысы басталар алдында бөлшевиизм жағына шыққан.

1917 жылдан 1918 жылға дейін бөлшевиктің тапсырған міндеті бойынша Батыс Қазақстан облысында қызмет істеген. 1918 жылы Орал қаласында абақтыға түсіп, қызыл әскердің күшімен босаған.

Абақтыдан босаған соң жергілікті елден ерікті атты әскер ұйымдастыруға кіріскен. 1919 жылы бірнеше ай бойы батыс майданында 4-қызыл бригадасы әскерінің саяси бөлімінің бастығы болып қызмет істеген.

1919 жылы үйел айында Қазақстан өлкесіндегі төңкеріс комитетінің мүшесі болып тағайындалған. Қазақстанда азамат соғысы тарихы материалын ұйымдастыруда еңбек сіңірді. Соңғы 2 жыл ішінде ұзақ науқасқа шалдығып төсекте жатты».

1937 жылғы мамырда бірінші хатшы Айтмұхамбет Мусиннің төрағалық етуімен өткен Ақтөбе обкомының бірінші пленумында Менетай Жақсылықов облыстық «Социалистік жол» газетінің редакторы болып бірауыздан қайта бекітілді, обкомның бюро мүшелігіне

сотталып жатқан «контрреволюцияшыл-ұлтшыл, диверсанттық-зиянкестік ұйым» мүшелерімен газет редакторының бірге қонақ болғаны – жазасыз қалмайтын қылмыс. Кез келген бас қосуды басқаша түрлендіріп, ұлтшылдыққа ұрындыра салуға себеп жетіп жатыр еді. Осы тұста НКВД «куначество» деген терминді ойлап тауып, қазақтың өз қонақжайлығын өзінің сорына айналдырды.

Сот шешімімен ырғыздық тоғыз адамның алтауы «партия мен халықтың жауы» ретінде ату жазасына кесілді, үшеуі

жолдар бар:

«Социалистік жол» газетінің бас редакторы Меңетай Жақсылықовқа барған. – Мені корректорлыққа алсаң қайтесің? – Айналайын, Мәриям-ай, мен де қыл үстінде тұрмын ғой, – деп жауап қатқан ол. Артында бір ай өтпей оны да партиядан шығарып, қызметінен босатты. Облыстық тұтынушылар одағы председателінің орынбасары Айжан Тоқмағамбетова екеуін қатар шығарды партиядан. Бір күні түнде есік қағылды. Айжан екен. «Мәриям, бүгін Меңетай да, мен де сендердің тобыңа кіріп отырмыз. Қажығали (інісі) екеуің кезекке тұрып, билет алып, елеусіздеу бізді шығарып салмасаңдар, қамаламыз», – деді. Түнімен билеттің кезегін тосып, оларды пойызға отырғызып жібердік».

Бейімбеттің белгілі шәкірті, «пойызға отырып кеткен» Менетай Жақсылықовтың тағдыры әлі күнге белгісіз. Кейбір жарияланымда қуғын-сүргін жылдары ату жазасына ілінді деген де пікір ұшырасып қалады, бірақ мұны дәлелдейтін дәйекті дерек әзір кездесе қойған жоқ.

Бізге қаламгер Меңетай Жақсылықовтың әртүрлі тақырыпты қозғайтын мақала, фельетон, т.б. журналистік жарияланымдары белгілі, бірқатарының мәтіні қолымызда бар. Мәселен, Бейімбет ұстазының ықпалы мен өнегесі жазу-сызуынан сезіліп тұратын Менетай мұрасының ішінен «Домбыра мен патефон» (патефон) очеркі оның қолтанбасын жақсырақ тани түсуге көмектеседі. Мәдениет мәселесін жазуға бейім Менетайдың тәлімгеріне тән жазу мәнерін ұстанып өткені байқалмай қалмайды.

Абайдың бір шумақ өлеңін («Құлақтан кіріп бойды алар...») эпиграф ретінде алған очерк: «Қонжар МТС-ның тұрған жері – Михайловский пәсәлкесі Темірден 75 шақырым деседі. Бір жұмыспен осы МТС-қа баруға тура келді. МТС-қа барсаң, ар жағында «Ашшы құдық» қалқозының төбесі көрініп тұр. «Ашшы құдық» аудандағы қазақ қалқоздарының ең тәуірі, бетке ұстаған қалқоздарымыздың бірі» дейді аудан басшылары. Солай болғанын бұл қалқозды біздің де көргіміз келді» деп басталады.

«Ашшы құдық» қалқозына барғанда автормен МТС-тың партия ұйымдастырушысы әрі директорының орынбасары Медеубаев және аудандық «Социалды майдан» газетінің редакторы Сыздық Омарханов (қостанайлық жерлесі, кейін «отыз жетінің» отына күйген) сапарлас болады.

Меңетай әдеттегі қызметтік іссапардың мазмұнынан қалқозшылар өміріне жаңалық болып енген патефон арқылы күйтабақ тыңдау құбылысын тандап алады және сол әдіспен екінші жағынан қазақ өнерін насихаттау көзделеді.

Міне, қалқоз төрағасы Сапи Сакбаев іске қосқан патефон күйтабағы халық әні «Қанат талдыны» қалықтата жөнелді. Автор осы сәтті былай бейнелейді: «Қанат талдыны» желдетте, құтырға соқты. «О, пәлі!» деді отырғандар. «Баяғы Сексембай марқұм өлеңді салған жерден осылай іліп жетуші еді-ау, білесің бе», – дейді Сыздық» (Бұл арада сөз кезінде Меңетайдың өзі Александр Затаевичке айтып жаздырған, Қостанай өңірінде айтылатын «Сексембайдың әні» деген шығарма жайында болып отыр. – С.Б.).

Патефон күйтабағы «маймаңдатып» «Сырғақты» әнін бастайды. Автор әннің бір шумағын келтіреді:

Әуде ұшып жүрген қара шыбын,
Нәрсенің қолдан шыққан бәрі шығын,
Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
Жүрмісің аман-есен, қарашығым!

Бұл күйтабақтың соңын «безілдетіп-безілдетіп апарып, мұны да бір-ақ түйді» деп түйіндейді. Бұдан соң осылайша әр өнге өз бағасын бере отырады:

«Алқымы кеуіп, тістеніп «Алтайға» басып Елубай кетті. Әнінің аяғын «шаттанғандай, шаттанғандай» деп қайығанда тандайы тақ-тақ етеді»; «Қиылып, қалықтаған дауыспен Күләш

шықты». «Даусының өткірін-ай, құлағыңды жарып кетеді» дейді тыңдап отырған қалқозшылар; «Сұрша қыз» бен «Дударайға» салып Сара шықты».

Кезек «Қойшының әніне» келеді: Аята бар, барсаң сәлем Шұға жанға,
Аямай әкең сатты сені малға.
Болғанда сен ол жақта, мен бұл жақта,
Дариға-ай, сен де арманда, мен де арманда.

Аққу едің көлдегі,
Сұңқар едің шөлдегі,
Амалым бар ма, өттең, тәңір-ай
Аха-хау, шөлдедім!

«Біз де сый қонақ екенбіз деп тымсырайып отырмадық. Екі жағымыз да құрғақ сыпайыгершілікті қойып, кәдімгідей шүйіркелесіп сөйлесіп, патефонның қызығына түстік... Патефондағы әншілердің әніне елтіп, ауыздарының суы құрып, дөбесі қозып, әрқайсысын әртүрлі көтермелеп отырған осы ауылдың қалқозшылары еді», – дейді Менетай бұдан әрі қарай.

«Көңіл жадырап, шайдай ашылған» сәтте кезек күйге келеді. «Айжан қыз», «Адай», «Шалқыма» күйлері орындалады. Ферма бастығы болып жүрген жас қалқозшы Бимекен «Шалқыманы» патефоннан үйреніп алып, айнытпай қайта тартатын болып шықты.

«Мынау ғажап екен! Пластенкедегі күйді айнытпай домбыраға түсіріп алуға үлкен еп, асқан шеберлік керек-ау! Патефондағы күйді қағып алған домбырашы жігітті көргіміз келді» дейді автор. «Қутығай қара» ферма бастықпен жүздесіп, өнерін тамашалаған соң Менетай ол туралы: «Бабы келіссе анау-мынау шаршы тобыңа ұялмай-ақ белсеніп түсетін сазы бар. Тікірейген қара муртының жөбесі, жұқаша келген еріні, жылтырап, күлімдей қараған өткір көзі талағында биті бар екендігін айтпай-ақ сездіріп тұр» деп жазды.

Халық арасынан шыққан талант Бимекеннің өнеріне сүйсінген Менетай: «Тышан дейтін кісі орысша білмегеніне назаланып: «көкірек біледі, тілмаш нету» деген екен. Сыздық екеуіміз домбыраны көкірегіміз білгенмен, қолымыз тарта білмейді деп ерте туып, кеш қалғанымызға өкіндік» деп және бір қайырады.

Мәдениетке бет бұрған қалқозшылар патефонға елігу арқылы өнер-білімнің кереметімен, мәдениеттің жетістігімен көзбе-көз ұшырасып отыр дегенге саятын авторлық идеяны очерк тілі былай түйіндейді: «Радио, патефон ауылға келді. Домбыра, қобыз, сыбызғы мәңгі аңсап күткен достарын құшақ жайып қарсы алды... Домбырадан, патефоннан шыққан «құлақтан кіріп бойды алған жақсы ән мен тәтті күй» социализмнің қамына, еңбекші елдің бағына жұмсалсын. Көсіл, домбыра. Сайра, патефон, Ағыт жаңа жырды. Аңқыт күйді. Шырқа әнді. Гүлденсін өмір. Көтерілсін көңіл. Заман біздікі. Іркілме? – Ой, пәлі-ай!».

Өмір дерегі жеткілікті жария болмаған Менетай Жақсылықовтың Қостанай, Торғай, Ақтөбе жерінде (әлі нақтыланбаған дерек бойынша Жезқазған жағында) журналистік, редакторлық қолтанбасы қалды. Бірақ бұл өңірлерде Менетай есімі көп атала бермейді. Баспасөзге қатысты кейбір жарияланымнан аты-жөні оқта-текте жалт беріп қалатыны бар...

Әдебиет пен өнердің жанашыры болып өткен газеткер Менетай Жақсылықов өмірінің айтылмаған ақиқаты мен ашылмаған ақтандағы аз емес. Қостанай жағына жол түсіп, меңзеулі Менетай Жақсылықов туралы сөз қозғаған сәтімде әріптес-замандасым «қазір өзі мұндайды керек қылатын кісі де қалмады ғой» деп қамықты. Расында да, белгілі қаламгердің белгісіз ғұмыры туралы баяндау бүгінде кімге керек?! Әлде... кешегіні көрген, бүгінгіні бастан кешіріп жатқан, аға ұрпақтың адал ісіне әркез құрметпен қарап, сүйсіне еске алатын ескерімді быынның зейін-зердесі ескірмеген сіз бен біз секілді өкілдері үшін ғана қажет не екен?!

МЕҢЕТАЙЫ



кандидат болып сайланды.

Меңетай осының алдында обкомның өкілі ретінде Ырғыз ауданында іссапарда болып қайтқан. Оны кейіннен «халық жауларымен» байланыстыруға осы Ырғыз сапарының бір ұшы тиді. Ол былай болған еді: 1937 жылғы күзде бүкіл Ақтөбе аймағын дүр сілкіндірген сот болды: онда «Ырғыз ауданындағы контрреволюцияшыл-ұлтшыл, диверсанттық-зиянкестік ұйым» мүшелері жауапқа тартылды. Айыптау қорытындысы «НКВД-ның облыстық басқармасы Ырғыз ауданында контрреволюцияшыл ұлтшылдық көтеріліс жасамақ болған диверсиялық ұйымның бетін ашты және ол ұйымды таратты» деп басталды. Онда аудандық атқару комитетінің бұрынғы төрағасы Үмбетияр Асқаровты осы «ұйымды» басқарды деп, оған қоса тағы сегіз адамды (аудандағы жауапты қызметкерлер Сүлеймен Тасболатов, Жолболсын Ақшолоков, Шотбай Ембергенов, Жолмағамбет Айызақов, Қамаш Алқамбаев, Әнапия Шынтеміров, Досмұқан Тоқмәмбетов, Баймағамбет Байкин) сотқа тартты. Мұнда әрбір айыпталушыға қатысты көп нәрсе айтылды, олардың жауаптары берілді.

Мысалы, «айыпкер» Әнапия Шынтеміровтен сот отырысында алынған жауапта былай жазылды:

«Әпрелдің 28-і күні Асқаров біздің бәрімізді қонаққа шақырды. Қонақта Тасболатов, Айызақов, Алқамбаев, Ембергенов, Тағаев (халық жауы болған оқытушы), Демесінов (аудандық қаржы бөлімінің бастығы), Жақсылықов (облыстық «Социалистік жол» газетінің редакторы), Садықов (аудандық партия комитетінің қызметкері), Есболаев (аудандық атқару комитетінің председателінің орынбасары), Дайрабаев (алашордашыл оқытушы) болды. Қонақтың аяқ шеніне таман бірқатар адам кетіп қалды. Соның ішінде Жақсылықов бірге кетті...»

Ол заманда обкомның өкілі ретінде ауданға арнайы іссапармен келсе де, қазақ дәстүрмен бейтаныс азаматтың дастарқанынан нан ауыз тиіп шықса да,

ұзақ мерзімге бас бостандығынан айырылды. Редактор Меңетай Жақсылықовтың басына да қара бұлт үйіріліп, табаны тайғанақтай бастады.

Обкомның кезекті пленумында сөз сөйлеген Меңетай Жақсылықов: «Қазір Ырғыз ауданында өтіп жатқан контрреволюцияшыл ұлтшыл-фашистерге қатысты процесске байланысты баспасөзде менің де аты-жөнім аталды. Мені осы бандамен бірге той-тойлады делінген. Бірақ мәселе былай болған еді: мен ауданға келіп, ау-партком хатшысы Тасболатовқа кірдім. Кірсем, әлгі адамдардың бәрі сол жерде ішіп, жеп отыр екен... Менің кәтелігім, осы топтың ішінде кімдер бар екенін тексермей, орталарына барғаным еді», – деді.

Дегенмен «халық жауларымен» байланыс ізсіз қалмады. Меңетай қара тізімге ілінді. 1937 жылғы 14 қарашада газетке ең соңғы рет редактор ретінде қол қойды. Келесі күні қызметінен босатылды және көп ұзамай партия қатарынан шығарылды. Ақтөбе обкомы 1938 жылдың бас кезінде облыстық партия комитетінің бюро мүшелігіне кандидат Меңетай Жақсылықовты «халық жауларымен байланысып шырмалған» адам ретінде өз құрамынан шығарды. «Отыз жеті» мен «отыз сегіздің» қаншенгел күндерінде партиядан шығу мен жұмыстан босаудың актық жолы абақты еді. Меңетайға сол сәт жақындап келе жатты...

Осы кездің жағдаятын қазақтың көрнекті ақыны Мәриям Хакімжанованың естелігінен білуге болады. Мәриям апай сол бір қиын-қыстау кезде, Табын (қазіргі Байғанин) аудандық НКВД бастығы болып істейтін күйеуі Серғали Бермұхамбетов ұсталып кеткеннен кейін, екі баласымен күн көруі қиындап, еш жер жұмысқа алмай, Ақтөбе қаласында қатты қиналып жүрген шағында, әріптес-жерлес ағасы, облыстық газеттің редакторы Меңетай Жақсылықовтан көмек сұрай барады. Жазушы Мағира Қожахметова қағазға түсірген осы естелікте мынадай

ОТБАСЫ ОМБУДСМЕНІ ҚҰРЫЛАДЫ

«Отан отбасынан басталады» деп қазақ бекер айтпаған. Әр адам баласының қоғам дамуына кірпіш болып қаланар негізі отбасынан басталады. Отбасындағы тәрбиенің, ата-ананың, отбасындағы әр жанның баланың саналы азамат болып қалыптасуына қосар үлесі орасан.



Заманның сұранысына қарай, ана мен бала құқықтарының қорғалуы да айрықша маңызға ие болып отыр. Осыған орай Қазақстанда Отбасы мәселелері жөніндегі омбудсмен институты енгізілетіні қоғам үшін де мәні зор бастама болмақ. Бұл туралы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты жиында жариялады. «Неке – ер мен әйелдің мемлекеттік заңға сәйкес тіркелген ерікті және тең құқықты одағы» деген норма алғаш рет бекітіліп отыр. Мұндай заң ережесі балалардың құқықтарын қорғауға, сондай-ақ әйелдер мен аналардың отбасындағы ролін нығайтуға мүмкіндік береді. «Неке және отбасы, ана, әке мен бала мемлекет қорғауында болады» деген норма заманға сай жаңа мазмұнмен толықты. Құқықтық тұрғыдан анағұрлым дәл тіркестер арқылы қыздарды тұрмыс құруға мәжбүрлеу секілді ұят құбылыстарға Конституцияда тосқауыл қойылады. Отбасын қорғау мәселелері жөніндегі уәкіл қоғамдық лауазымын енгізу адам құқықтарының қорғалуы мен отбасы институтын күшейтетініне сенімдімін. Отбасы омбудсмені Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия төрағасының бірінші орынбасары ретінде қызмет етіп, атқарылған істер туралы Мемлекет басшысына есеп беріп отырады. Мұндай жүйе тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу шараларын кешенді түрде жолға қоюмен қатар, отбасы саясатындағы басқа маңызды түйткілдерді шешуге мүмкіндік береді», – деген Мемлекет басшысының сөзіне зер салып, Отбасы омбудсменінің демографиялық саясатта, отбасылық берекені сақтауда бекем күш болатынын көреміз.

ТҰРАҚТЫЛЫҚ пен ДАМУ КЕПІЛІ

Елімізде жүзден астам ұлт пен ұлыс өкілдері тату-тәтті өмір сүріп келеді. Бұл – тәуелсіз Қазақстанның ең үлкен жетістіктерінің бірі. Ұлтаралық келісім мен қоғамдық тұрақтылық мемлекет дамуының маңызды факторы болып саналады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биыл қаңтарда Сыр бойында өткен Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында елдің тұрақты дамуы үшін барлық этностардың құқықтары мен мәдени ерекшеліктері құрметтелуі тиіс екенін айта келіп, «Біздің басты күшіміз – бірлікте. Қазақстан халқының татулығы мен келісімі – мемлекетіміздің ең басты байлығы» деп атап көрсетті. Бұл сөздер еліміздегі этносаралық саясаттың негізгі бағытын айқындайды. Қазақстанда түрлі этностардың мәде-



ниеті мен дәстүрін дамытуға ерекше көңіл бөлініп келеді. Этномәдени бірлестіктер жұмыс істейді, түрлі фестивальдер мен мәдени іс-шаралар өткізіледі. Мұның бәрі халықтар арасындағы өзара түсіністік пен достықты нығайтуға бағытталған.

Елімізде ұлтаралық келісім мен татулықты сақтау – қоғам дамуының басты қағидаларының бірі. Ежелден қонақжай, кенпейіл қазақ халқы тарихтың қилы кезеңдерінде Қазақстан жеріне келген түрлі этнос өкілдеріне пана болып, оларды бауырына басты. Қолындағы барымен бөліскен бауырмал халқымыздың жанашырлығының арқасында өсіп-өнген сол ұлттардың өкілдері бүгінде еліміздің дамуына өз үлесін қосып келеді.

Қорыта айтқанда, Қазақстандағы ұлтаралық келісім – тәуелсіздігіміздің тірегі әрі жарқын болашағымыздың кепілі. Ел бірлігі мен татулығын сақтау – баршамызға ортақ міндет. Өйткені бірлік бар жерде – ырыс, береке бар, яғни елдің тұрақты дамуының негізі берік болмақ.

Арайлым ТОҚТАСЫН,

Тұран университетінің 4-курс студенті

Ауылды гүлдендіруге бағытталған өркенді өзгерістер

Мемлекет басшысы жыл сайын Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында ел дамуының басым бағыттарын айқындап, қоғам назарын маңызды салаларға аударып келеді.

Сол бағыттардың ішінде ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеру мәселесі ерекше мәнге ие. Өйткені ауыл шаруашылығы – тек экономиканың үлкен бір саласы ғана емес, елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты кепілі.

Жердің берекесі мен еңбек өнімділігін арттыру – тұрақты экономикалық дамудың маңызды көрсеткіші. Осы тұрғыдан алғанда Қазақстанның мүмкіндігі зор. Ұлан-ғайыр жеріміз, табиғи байлығымыз, ауыл еңбегіне бейім халқымыз ауыл шаруашылығының өркенді дамуына үлкен мүмкіндік береді.

Қазір ауыл шаруашылығы бұрынғыдай тек қарапайым еңбекке ғана сүйеніп дамымайды. Ғылым мен технологияның

жетістіктерін пайдалану, жаңа агротехникаларды енгізу, су үнемдеу әдістерін қолдану, заманауи техникалармен жұмыс істеу – уақыт талабы. Президент көтерген бастамалардың басты мақсаты да – ауыл шаруашылығын осындай жаңа деңгейге шығару.

Ауылдың дамуы – тек өнім өндіру ғана емес. Бұл – ауыл тұрғындарының өмір сапасын жақсарту, жастардың ауылда қалуына жағдай жасау, еңбек өнімділігін арттыру мақсатында жаңа мүмкіндіктерге жол ашу. Соңғы жылдары мемлекет тарапынан фермерлерге қолдау көрсету, субсидиялар бөлу, ауыл кәсіпкерлерін дамыту бағытында түрлі бағдарламалар жүзеге асырылып келеді. Бұл – ауыл еңбеккерлеріне көрсетілген үлкен сенім. Ал сол сенімді ақтау жердің қадірін білетін еңбек адамдарының қолында.

Қазақ «Жер – ырыстың кіндігі» деп бекер айтпаған. Кең байтақ жазиралы даламыз – халқымызға берілген баға жетпес байлық.



Сол байлықтың игілігін дұрыс пайдалану ел тұрмысының берекесін арттырады анық. Ауылдың тынысы кеңейсе, елдің де еңсесі биіктейді. Ауыл шаруашылығының өркендеуі экономиканың өзге салаларына серпін беріп, халықтың әл-ауқатын арттырады анық.

Алина АЛМАҒАНБЕТОВА,

Тұран университетінің 4-курс студенті

Еңбек және жұмыспен қамту: ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Жуырда Астана қаласында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кеңейтілген алқа отырысы өтті. Қатысушылар 2025 жылғы мемлекеттік саясатты іске асыру қорытындыларын шығарып, әлеуметтік саланы дамытудың 2026 жылға арналған негізгі бағыттарын айқындады. Сапалы жұмыс орындарын құру, адами капиталды дамыту және мемлекеттің әлеуметтік кепілдіктерін орындау басты назарда болған жиын Премьер-министрдің орынбасары – мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның төрағалығымен өтті.

Басқосуға Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Асқарбек Ертаев, Парламент депутаттары, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне бағынысты ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ әлеуметтік серіктестер қатысты.

Отырысты ашқан ведомство басшысы Асқарбек Ертаев: «Біз күш-жігерімізді нақты жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету, тұрақты жұмыс орындарын




құру және азаматтардың экономикалық белсенділігін арттыру бағытына жұмсауымыз қажет. Өткен жылдан бастап жұмысқа орналасу мониторингі тек міндетті зейнетақы жарналары туралы деректер негізінде жүзеге асырылуда. Бұл бізге формалды есепке алуды толығымен жоя отырып, нақты жұмыспен қамтылуды объективті бағалауға көшуге мүмкіндік берді», – деп негізгі мақсатты жеткізді.

Бұл бағыттағы жұмыс еңбек нарығын дамыту тұжырымдамасы аясында жүргізілуде. Құжаттың негізгі макроиндикаторы – 2029 жылға қарай сапалы жұмыс орындарының санын 3,8 миллионға жеткізу. 2026 жылы өңірлік карталар шеңберінде 547,7 мың адамды

жұмысқа орналастыру жоспарланып отыр. Жұмыспен қамту мәселелерімен қатар, мемлекет азаматтар алдындағы барлық әлеуметтік міндеттемелерін уақтылы және толық көлемде орындайды.

«2025 жылы әлеуметтік төлемдерге 5,9 трлн теңге бағытталды, бұл республикалық бюджеттің барлық шығыстарының 23%-ын құрайды. Жыл сайынғы индекстеу аясында біздің 4,6 млн азаматымыз үшін зейнетақылар мен жәрдемақыларды арттыру қамтамасыз етілді, бұл олардың сатып алу қабілетін сенімді қорғауға мүмкіндік берді», – деп сөзін жалғастырды министр Асқарбек Ертаев. Отырыс барысында ведомство жұмысының басқа да негізгі бағыттары бойынша жаңа тәсілдер белгіленді. Көші-қон саясаты саласында жоғары білікті шетелдік мамандарды тартуға басымдық бере отырып, цифрлық скоринг жүйесі енгізілуде. Инклюзия саласында сырттай мүгедектікті белгілеу процестерін толық цифрландыра отырып, әлеуметтік-құқық қорғау моделіне көшу жүзеге асырылуда. Сонымен қатар Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Виктория Шегай, «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ президенті Ерасыл Жұманбаев, Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің төрағасы Мейрамбек Ахметов және «МӘСҚ» АҚ президенті Алмас Құрманов сөз сөйлеп, осы саладағы бетбұрыстарға кеңінен тоқталды.

Қазіргі білім беру кеңістігі цифрлық технологиялардың қарқынды дамуына сай жаңарып келеді. Мектептерде оқушылардың тек теориялық білім алып қана қоймай, заманауи технологияларды еркін меңгеруі де маңызды міндеттердің біріне айналды. Осы бағытта мектептерде білім беру үдерісін жаңғыртуға бағытталған маңызды қадам жасалып жатыр.



ОҚУ ҮДЕРІСІН ЖАҢҒЫРТУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Елордадағы №8 мектеп-лицейде CYBERPACK.Ai толықтай заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген жаңа білім беру кабинеті салтанатты түрде ашылды. Кабинеттің дизайны мен техникалық жабдыкталуы оқушылардың ыңғайлы білім алуына, шығармашылық және зерттеу дағдыларын дамытуына бағытталған.

Жаңа кабинетте оқушылар STEAM, цифрлық технологиялар және жасанды интеллект бағытында тәжірибелік жұмыстар жүргізіп, заманауи құралдар арқылы білім алу мүмкіндігіне ие болады.

Бұл бастама білім беру ұйымдарында инновациялық оқу ортасын қалыптастыруға және мектеп оқушыларының заманауи технологиялар саласындағы құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған.

Кабинеттің ашуылуымен қатар «Жасампаздық мектебі: STEAM және

AI құралдары арқылы білім берудің заманауи моделі» тақырыбында практикалық семинар ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында мұғалімдер жаңа платформаның мүмкіндіктерімен танысып, оны сабақ үдерісінде қолданудың практикалық жолдарын талқылады. Семинардың негізгі мақсаты – білім беру ұйымдарында STEAM бағыттарын дамыту, жасанды интеллект құралдарын оқу процесіне енгізу және мектептердің цифрлық трансформациясын қолдау. Іс-шара барысында қатысушылар білім беру жүйесіндегі заманауи технологиялардың мүмкіндіктерімен танысып, инновациялық білім беру шешімдері мен тәжірибелерімен алмасады. Практикалық семинар барысында ұстаздар платформаның мүмкіндіктерін нақты мысалдар арқылы көрсетті. Мұғалімдер табиғат құбылыстарын модельдеу, деректерді талдау және



интерактивті тапсырмалар арқылы оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігін арттыру тәсілдерін таныстырды.

Қатысушылар жаңа цифрлық құралдардың оқу процесін қызықты әрі тиімді етуге зор ықпал ететінін атап өтті.

«ҒАШЫҚСЫЗ ҒАСЫР» А.ТОҚПАНОВ ТЕАТРЫНДА САХНАЛАНДЫ



Жуырда Асқар Тоқпанов атындағы облыстық академиялық драма театрында жазушы, драматург Сұлтанәлі Балғабаеттың «Ғашықсыз ғасыр» атты пьесасы желісіндегі жаңа қойылымның премьерасы өтті. Қойылымның режиссері әрі инсценировка авторы – ҚР Мәдениет саласының үздігі, театр актері Кенен Ақұрпеков. Қоюшы суретшісі – Аружан Адырбек.

Камерлі форматта сахналанған спектакль бүгінгі қоғамда белең алған отбасылық дағдарыс, сатқындық пен арсыздық секілді өткір мәселелерді арқау етеді. Лауазымы мен дәулеті артқан ер азаматтардың тоқал алуға ұмтылысы, тұрмыстық мүддені алға қоятын жас әйелдердің тағдыры арқылы шаңырақтың шайқалу себептері бейнеленеді.

«Ғашықсыз ғасыр» – ақыл айту мен құрғақ насихаттан ада туынды. Спектакль көрерменді ойландырып, отбасылық құндылықтардың әлсіреуі

қоғам болашағына қауіпті екенін терең сезіндіреді. Адалдық, ар-намыс пен адамгершілік жоғалған жерде бақыттың да баянсыз болатынын көркем бейнелер арқылы ұғындырады.

«Пьесаны сахнаға шығарған режиссер мен актер, актрисаларға шексіз рақмет! Бұл пьеса бұдан отыз бес жылдай бұрын атақты актриса Фариди Шариповаға арналып жазылып, М.Әуезов театрында қойылып, сахнадан көп жыл

түспеген. Енді сол кейіпкерлерімнің көрермендермен қайта жүздескеніне шын көңілден қуаныштымын. Театр ұжымына әрқашан да табыс тілеймін», – дейді жазушы, драматург Сұлтанәлі Балғабаеттың туындының екінші тынысы ашылғанын алға тартып. Мазмұны терең, ойы салмақты қойылым тараздық көрерменге рухани демалыс сыйлап, жиналғандарды ерекше күйге бөледі.



ЖОҒАРҒЫ СОТ: IT-ҒА БАСА НАЗАР АУДАРЫП, ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖАҢҒЫРТУДА

Жоғарғы Соттың баспасөз қызметінің ақпараты бойынша, «Жоғарғы Сот Төрағасы Асламбек Мерғалиев инфрақұрылым жұмыстарын тексеру барысында жоғарғы сот органының сот залдарының күрделі жөндеуден кейінгі жаңа келбетін қарап шықты.

Іс-шараға Сот алқаларының төрағалары мен Сот әкімшілігінің басшылығы қатысты.

Жаңғырту Президенттің өз Жолдауында жариялаған «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы», сондай-ақ Жоғарғы Сот Төрағасының кешенді цифрлық трансформация, мемлекеттік басқару мен экономиканың тиімділігін арттыру жөніндегі тапсырмалары аясында жүзеге асырылды.

Жанашылдықтар қатарында Ахуалдық орталықты жоғары технологиялық бейнестудиямен және аса жоғары ажыратымдылықтағы LED-экрандармен жабдықтау бар. Олар ақпаратты бір уақытта бірнеше



көзден көрсетуге мүмкіндік береді. Жұмыс кеңістіктерінің инфрақұрылымына, дизайнға және эргономикасына кешенді өзгерістер басқару жеделділігін, шешім қабылдау жылдамдығын және нақты уақыт режимінде үлкен деректерді талдау сапасын айтарлықтай арттырды.

Жаңа интернет-соттың прототипіне ай-

налған сот отырысының электрондық залы интернет-алаяқтық пен кибер қауіпсіздікке қатысты істерді қарауға арналған цифрлық шешім болып табылады. Ол сөйлеуді автоматты түрде мәтінге түрлендіруге, сот отырыстары хаттамаларын жүргізуге және аудио-бейне тіркеу стенограммасын жасауға қабілетті жасанды интеллект элементтері бар интеллектуалды IT-жүйелерімен жабдықталған.

Сот отырыстары кезінде судьялар цифрлық көмекшілерге және әртүрлі сот IT-өнімдеріне қол жеткізе алады. Сотта қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін Face-ID озық технологиясы енгізілді.

Бейнеконференция байланыс және іскерлік кездесу бөлмелері көпбейінді және әртүрлі мақсаттарға жарамды болды. Жетілдірілген бейнеконференция байланыс жүйесі қазір өмірлік және шетелдік әріптестермен тұрақты әрі сапалы бейне байланысты қамтамасыз етеді, бұл жайлы және өнімді жұмыс ортасын жасайды.

МАҚСАТ – АЙМАҚТЫҢ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ



Туризм – бүкіл әлемдегі табысы жоғары салалардың бірі. Туризмнің елдегі халықтың тұрмысын жақсартуға, экономикалық қуатты арттырып, жұмыссыздықты азайтуға тигізетін үлесі де ерекше. Елімізде аталған істі жан-жақты дамыту бағытында атқарылып жатқан шаралар аз емес.

Солардың бірі ретінде жуырда Алматыдағы «Ойқарағай» тау курортында Еуразиялық тау курорттары альянсының III фестивалінің және тау туризмін

дамыту жөніндегі Еуразиялық форумның салтанатты ашылу рәсімін айтуға болады.

Биыл үшінші рет ұйымдастырылып отырған Еуразиялық тау курорттары альянсының фестиваліне бес ел мен алты курорт қатысып, барлық курорттардың өкілдері мен басшылары жиналды. Әр курорттан спорттық командалар келді. Бір аптаға жоспарланған бағдарлама өте ауқымды болды. Тау туризмін дамытуға арналған форумда Қазақстанның туристік саласы үшін ең өзекті тақырып – тау туризмін дамыту және Алматы тау кластерін құру мәселесі талқыланды. Мұнда осы бағытта кәсіби тұрғыда пікір

алмасуға ниетті мамандар жиналды. Олар кластерді қалай тиімді құруға болатынын, жұмысты қалай жүйелі ұйымдастыру керігін талқылады.

Бұл бастама туристер мен тау курорттарына келушілерге ғана емес, жергілікті тұрғындарға да пайдасын тигізеді. Жергілікті халық жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие болады, ал шағын және орта бизнес өкілдері мейрамхана, кафе, қонақүй сияқты нысандар ашуға мүмкіндік алады.

Бүгіндері Еуропа елдері өз табиғи мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып, туризм арқылы айтарлықтай табыс тауып отырғаны белгілі. Сондықтан Қазақстан да әлеуетті тиімді пайдалануы қажет екені айтылды.

Фестиваль мен форум – тәжірибе алмасуға, жаңа бастамаларды талқылауға және Еуразия кеңістігіндегі тау курорттарының ынтымақтастығын күшейтуге арналған маңызды алаң екені белгілі. Демек «Ойқарағай» тау курортында өткен бұл шара аймақтың туристік әлеуетін арттырып, халықаралық деңгейдегі беделін нығайтуға ықпал етеді.

ҚАЗАҚСТАН ПАРАЛИМПИАДАДА АЛҒАШҚЫ МЕДАЛДІ ИЕЛЕНДІ

Италияда өтіп жатқан қысқы Паралимпиада ойындарында қазақстандық спортшы Ербол Хамитовтың жанкүйерлері қуанышқа бөленді. Жарыс үш кезеңнен тұрды. Пара-шаңғы жарысының 1500 метрлік классикалық спрей санатында алдымен ірктеу, артынан жартылай финалында үздік алтылық анықталды.

Жұлделер сарапқа салынған финалдық сында орталық сөреден алға жүйткіген жерлесіміз шебер қимылдап жылдамдығын жоғалтпады. Финалдық алтылық тауды еңсеріп сөреге жақындағанда, қарсыластары да қамшы басты, бірақ Ербол ерледі. Мәреге үшінші келді және әлем кубогі кезіндегі жұлделерінің қатарына паралимп-

иада қоласын қосты. Ол қашықтықты 2 минут 29 секундта еңсеріп, жарыстың үздік үштігін түйіндеді.

Ербол Хамитов пара-шаңғы жарысында көрсеткен нәтижесі туралы журналистерге берген сұхбатында: «Бұл менің асқақ арманым еді, бұдан екі ай бұрын Мемлекет басшысы еліміздің көк байрағын маған табыстады. Бұл маған үлкен жауапкершілік болды. Осы жеңістерімді еліме арнаймын», – деді.

Алтын медаль қытайлық Лю Цысюйге бұйырса, күміс жүлдені бразилиялық Кристиан Вестемайер Рибера еншіледі. Жарыста Ю.Березин, А.Грачева, Н.Әлімов және В.Ковальда өнер көрсетті. Енді ұлттық құрама спортшылары он шақырымдық бәсекеге жарыс жолына шығады. Жерлестерімізге жеңіс тілейміз.

Арнұр ТОЛЫБАЙ



Талғат АЙТБАЙҰЛЫ,
Қазақстанның Құрметті жазушысы

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, актер Балтабай Сейітмамытұлының кіндік қаны тамған топырақ – жыр алыбы Жамбылдың ізі қалған әйгілі Суықтөбенің баурайы. Биіктігі де, бітім-болмысы да соған тартып, өзіндік мінезі қалыптасқан. Айбарлы, адуынды, тік, жағымпазданбай, жалтақтамай айтарын айтып салады. Ол көтерілмесін, көтерілсе, осы жайпап жіберетіндей дүлей күш еді. Бұл – оның жаратылысы, мінезі.

Бәрі мінезден шығады. Дүниені өзгертіндер де, түрлендіретіндер де мінезді адамдар. Соны кезінде Әлихан Бөкейханов та айтып, жазып кетті. Балтекен солардың санатынан болатын.

– Мұхтар Әуезов атындағы драма театрының жанындағы драма актерларын даярлайтын студияның жатақханасына орналасып жатқан бірінші күніміз еді, – деген бір әңгімесінде. – Үстімізге бір топ жігіт кіріп келді. Іштерінде от ойнап тұрғаны түрлерінен байқалады. Әй-шай жоқ: «Кәне, тез-тез қалталарындағыны шығарып, біреуің дүкенге жүгіріндер!» – деді. Жанымыздағы енді-енді білісіп жатқан жігіттерміз демін ішіне тартып, үрпиісіп қалды. «Не деп тұрсың?» – деп орнымнан атып тұрдым. Аналардың арасында әбден дайын келгендері бар екен, ұстаса кеттік. Сонда қатарыма қосыла кеткен Аяған екеуміз-ақ кеудем-соқтанған төрт-бес жігіттің «сыбағасын» бердік. Сол оқиғадан соң Аяған Шәжімбаевтің өмірлік досыма айналды.

Аяған аға-досым еді. Қысқа ғұмырында 37-нің жазықсыз құрбандарына айналған арыстарымыздың әйелдері туралы екі сериялы «АЛЖИР» деректі және «Жансебіл» көркемфильмімен қазақ киносын бір белеске көтеріп кетті. Оның мезгілсіз қазасы білетін елдің бәрі-бәрінің қабырғасын қайыстырды. Сондай күйзелісті күндердің бірінде, түн ортасында Балтекеге телефон шалып, тәтті ұйқысын бұздым.

– Балтеке, біз кіміз? – дедім.

– Доспыз.

– Ендеше, осы қазір үйіңізге барып, достығымды дәлелдеймін, – дедім.

Сол күні қалың қар жауған. Нұрбақыт екеуміз омбылап жүріп, көшеден такси ұстап барсақ, Бота қазанын қайнатып, сүрдің иісін аңқытып қойыпты...

Міне, сол түннен бастап екеуміз қиыспас дос болдық.

Бір жолы Үржардан келе жатқанда бұзылып Талдықорғанда қалған машинама бардық; енді бір жолы жаңадан қолға алған «Жыл – он екі ай» журналымызды балғын оқырмандарыма таратып, таныстыру үшін Таразға жол тарттық; одан кейін бір шаруамен Шымкентке сапар шектік. Ұлан жолдың бойында айтыла бермейтін талай әңгіменің арқауын жаздық. Соның бір ығытында, ұшжылдық әскери теңіз флотында жүрген кезінде, Ленинградқа жолы түскен әйгілі актер, режиссер Райымбек Сейітметов әдейілеп іздеп барғанын тілге тиек етті. Бұл үшінші жылы болса керек. Ойында ештеңе жоқ ол командирлерінің «бойың да бар, даусың да зор, сенен қазақтың адмиралы шығады, оқуға жібереміз» деген сөзін айтып қалса, Райымбек ағамыз жалт қарап: «Не дейді? – депті, тура сол сәтте кете қалатындай көріп. – Сенің орның театр! Сонда сен генерал да боласың, ханның да ролін сомдайсың».

Аузы дуалы ұстазының айтқаны дәл келді. 1974 жылы студияны үздік бітіріп, Қарағанды облыстық Сәкен Сейфуллин атындағы драма театрына барғаннан кейін «Ұлан-асуда» – Абылай хан, «Жаралы гүлдерде» – Военком, «Ғашықтарда» – Асылхан, «Менің құрдастарымда» – Рахмет, «Қозы Көрпеш – Баян сұлуда» – Қозы, «Бажалар мен балдыздарда» – директор секілді басты-басты рольдерді ойнап, көрермен ықыласына бөленеді.

Бізге бара салысымен жас маман ретінде үй берген. Бүкіл жағдайымызды жасады.

«Балташ, өстіп жүрсек жүре береміз. Мен кинорежиссер болғым келеді. Екі жылдық шартты қызметін (отработканы) мінсіз атқардық қой, енді Алматымызға кетейік», — деді Аяған. Содан үйімізді ауыстыруға болатынын да ойламай, арман қала астанамызға тартып отырдық, — деген еді ол.

Адастырмайтын арманның жолы ауыр екенін А.Шәжімбаев көресідей көрді. Он алты жыл бала-шағасы, қайын енесімен бірге «Қазақфильмнің» бір бөлмелі жатақханасында тұрды. Ассистент болды, біраз жылдан соң екінші режиссер, одан кейін, өмірінің соңғы үш-төрт жылында ғана аңсаған режиссерлік жұмысына қолы жетті. Айош (оны солай атайтын) досына қарағанда Балтекеннің жолы жеңіл болды. Екі

өткен «Бастау-1» кинофестивалінде «Қазақфильм» студиясының «Тұмарлы тұлпар» фильміндегі қойшының ролі үшін «Ең үздік ер адам бейнесі» аталымында лауреат атанады. «Отырардың күйреуіндегі» — Асылхан, «Абай» фильміндегі — Базаралы, «Десанттағы» әке ролдерімен де дараланып көрермен көзайымына айналған ол жалпы ұзын саны 35 фильмге түсіп, 100-ден астам фильмді қазақшалауға қатысты, — дейді өнер жолын өте жақсы білетін Қазақстанның халық артисі, режиссер, драматург Ерсайын Төлеубай.

Балтабай Сейітмамытұлы 1996 жылы Т.Жүргенов атындағы Өнер институтының режиссерлік факультетін профессор Есмұқан Обаевтың шеберханасында қызыл

кездестім. Бір жылдан кейін өзі сахналаған «Адашқан жұлдыз», «Сағым қуғандар», «Мен ұмытылмаймын», Мар Байджиевтің «Жекпе-жегінің» атын өзгертіп қойған «Тұншыққан сезім» спектакльдерінің басты ролдерінде ойнатты.

Біз алғаш келгенде бүкіл театр актерлерін қамтитын поэтикалық қойылым жасағаны да ғажап болды. Енді ғана есік ашқан кезім ғой, сондай тұлғалы, адуынды, даусы да зор, келбеті де кесек кейпіне, шыны керек, жасқана қарадым. Бастан-аяқ лирикалық қойылымның дайындығы кезінде залда көзіне келген жасты байқатпаған түрмен сүртіп алып отырғанын көргенде, «ойпырмай, мына кісі де жылайды екен» деп танданып едім. Өзі қандай ірі, ерекше

рольдерді өзінше сомдады.

Сахнада бірге ойнаған әріптестері осылай десе, енді менің бағамдауым бойынша, Балтекен — бірсөзді, айтса, айтқанынан қайтпайтын, десе, діттегенін жасайтын жан. Бір көңіл қалдырған кісісіне қарамайды, қажет пе, онда өмірін қайта бастаудан да қаймықпайтынын да көрсетті. Бұл да жігіттің жігіті ғана тәуекел ете алатын әрекет емес пе?!

Аға-досымның ауырғанын көптен білетін едім. Өткен қоңыр күзде ертелетіп үйіне бардым. Жүріп, тұруы да киындап қалыпты. Ас бөлмеге Ләззаттың демеуімен әзер келді. Шайдан бір ұрттады, бар алғаны сол. Бес-он минут отырды ма, отырмады ма терлеп, қатты қиналғанын көрдім де, аяп кеттім.

— Досымсың ғой, сүйегіме түсерсің, — деді.

— Асықпаңыз, ол жаққа бәріміз де үлгереміз ғой, — дедім.

Одан кейін көз жұмарынан екі күн бұрын барыппыз. Төсектен тұра алмайтындай күйде екен. Сөйлестік. Ақырын ойындағысын айтып жатты. Бірақ қиналғанын еш сездірмеді. Дәл өстіп ауырған сыныптасымның аяққы күндері қалай бебеулеп, қасірет шеккенін көргем-ді. Тіпті «Құдайдың алатыны анық қой, неге алмайды?» деген сөзін де естіп едім. Қайран, Балтекем, жан досым соның шетін де шығармады. Міне, оның темірдей төзімі мен ерік-жігері...

— Отыз жылдай бір шаңырақ астында жұптасып ғұмыр кештік. Екеуіміз пәтер жалдап тұрдық. Ақшамызды құрап, банктен ақша алып үйлі болдық. Ол үйдің бүкіл жөндеу, сырлауын өзі жасады. Ол үйді сатып жер алдық, көргендердің бәрі қызығатын үй соғып, айналасын жеміс ағаштары мен әдемі гүлге толтырды. Енді, міне... — деп қимастықпен қамыға жылап отыр белгілі тележурналист Ләззат Сапақова.

— Балтекеннің өлең жазатыны да болушы еді-ау, — дедім мен.

— Төсектен алыстай алмаған кейінгі кездерінің өзінде кітап оқумен болды. Тарихи кітаптар. Арасында қолына қалам алатын, — деді ол.

— Онда жылдық асына қарай сол жазғандарын жинақтап, кітабын шығарайық та, — дедім.

Осы материалды жазуды бастаған кезімде Ләззат маған бір топ өлеңдерін жіберді. Ішінен адал жарына арнаған мына өлеңін оқып, «Балтабай Сейітмамытұлы ақын екен!» дедім.

Кәне, сіз де оқыңызшы, оқырман.

*«Білемін, жақсы көресің,
Күмән жоқ менде, күдік те.
Не айтсам соған сенесің,
Саралап кейде, күліп те.*

*Қорықпадың, маған жолықтың,
Жолбарыс едім ақырған.
Жайдары, жайлы жаным-ау,
Сомдалған терең ақылдан.*

*Кең пейіл ашық дастарқан,
Дайын тұр әне, жайғанға,
Махаббат, қызық мол жылға
Жалғанда адам тойған ба?*

*Баламды бала көргенің,
Балам деп соған сенгенің.
Шөбере сүйдік бүгінде,
Қабылдап Алла бергенін...» —* деп жазыпты. Арғы жағында жалғастырамын деді ме екен, тағы да бір жол жазып тоқтапты.

Өмір осылай ғой. Қашан да адамдар соңғы сөз, айтар ойын айта алмай кетеді...

Бірақ біз білетін Балтабай арманда кеткен жоқ. «Діттеген биігіме шықтым, ойнайтын ролдерімнің бәрін сахнада сомдап кеттім», — деді өнерін өміріне айналдырған жан досым.

ӨНЕРІ – ӨМІРІНЕ АЙНАЛҒАН



дипломмен бітіріп, «Дон Жуанның думаны» спектаклін сахналады. Одан соң Ф.Мүсірепов атындағы Жастар мен балалар театрында Ө.Боранбаевтың «Қанбақ шал» қойылымын жасап, 2002 жылы Ф.Мүсіреповтің 100 жылдық мерейтойына арнап, «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» трагедиясын қойды. 2005 жылы «Махаббат сазы» поэзиялық кешін сахнаға шығарды. Сол секілді өзі инсценировканың авторы және қоюшы режиссері болып, Мұқағали Мақатаевтың өлеңдеріне құрылған «Мен ұмытылмаймын» қойылымын көрерменге ұсынды.

Әлбетте Б.Сейітмамытұлының шығармашылық жолы жөнінде өстіп жаза беруге әбден болар. Дұрысы өзінен үйренгендері көп үзегілесіні-достарына да құлақ түргенді жөн көрдім.

Бақыт Досаев, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Серпер» сыйлығының лауреаты:

— Театрға төрт жігіт келдік. Балтабай ағаны жақынан көргенім ғой, даусы тұр еткенде, дір ете түскендей болдым. «Мына кісімен қалай жұмыс істер екенбіз?» — дедім жанымдағыларға. Араласа келе аңғардық, тұр-тұлғасы кесек, қимыл-қозғалысы бөлек болғанымен, жан дүниесі сондай нәзік екен. «Қорқыттың көрі» спектаклінде Әсет екеуімізді басты ролге тартты. Біздің сынақ уақытымыз бітер кезде көркемдік кеңестің отырысы болды. Тұрсын Қайырлиев аға екеуі біз жөнінде «перспективалары бар актерлар» деген жылы лебіздерін білдіріп, театрға қабылдануымызға ықпал етті.

Әр режиссердің өз ерекшелігі болатынын көріп жүрміз. Балтабай ағаның үлкен актерлік жолдан өткенінің әсері шығар, режиссерлік жұмысында сол жағы анық байқалып тұратын. Актерлік еркін ойына, ойынына ерік береді. Айтатын ақыл-кеңесін де сол тұрғыда өрбітеді. Адалдықты жақсы көретіндіктен бе, әділетсіздікке қарсы күрес оқиғалары бар спектакльдер қоюға бейім еді. Енді ұжым болғаннан кейін, біздің ішімізде де кереғар жағдайлар қыла берсе, өзгелер секілді іштен тынып үнсіз қалмай, өз кеудесін тосып кірісіп кететін. Сөйтіп қана қоймай: «Сендер жігітсіңдер ғой, жігіттерше жүріндер, жігіттік мінездеріңді көрсетіңдер», — деп ақыл айтатын.

Біз «заслуженный» (Еңбек сіңірген қайраткер) атанғанымызда, тура өзі алғандай қуанғанын қалай ұмытайын?..

Әсет Иманғали, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Серпер» сыйлығының лауреаты:

— Балтабай ағаны ауылда көгілдір экранда көрсетілген фильмдерінен көріп-өстім. 2006 жылдың жазында театрда бетпе-бет

тұлғалы болса, ет-жүрегі елжіреуік екен ғой дедім. Содан бастап жанымыз жақындаса түсіп, ағалы-інідей болып кеттік. Ол кісінің режиссерлік үлгісі де ерекше еді. Бүкіл спектакльдері махаббат сезімін қозғап, жан әлемінің нәзік қылын шертетін дүниелер болып келетін. Бұл жаратылысының кіршіксіз тазалығынан да шығар, соны қолға алған қойылымдары арқылы шынайылықпен көрсете білді. Ал режиссерлік қыры педагогикалық жағына өте бейім болды. Қалың көрермен алдындағы қойылым — көрсеткіш, нәтиже десек, Балтабай аға бойдағы бүкіл барын репетицияға сарқып салатын. Қалай ойнау қажет, қайтп сөйлеу керек, жүру, тұру, қимыл-қозғалыс, әрекеттің ешбірін қағыс қалдырмайды. Онысы біз секілді сахнаға енді келіп жатқан жас буынға үлкен үйрену мектебі болды. Қызбалығы сондай, сөзіміз көкейіне қонбай көңілін кіржитіп жатса, киіп кетіп, жеткізе алмай тырбанған тұсымызды бар дауыс, қабілет-қарымымен қайталап шығып, «Вот так надо!» дейтін еді...

Жомарт Зейнәбіл, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

— Студент кезімде Ф.Мүсірепов атындағы театрға келіп, кішігірім эпизодтық ролдерде ойнап жүрдім. Райымбек Сейітметов сахналаған «Махамбет» спектаклінде Айдос Бектеміров аға Махамбетті, Балтабай аға Жәңгір ханды ойнады. Мен екі сарбаздың бірі болып шығып едім. Сол кездері өзінің ізінен ілескен жастарға бей-жай қарамай, жанашырлық көрсетіп, айтар ойын кісімісімей, көңілге қаяу салмай жаймен жеткізетін. Өзі де үнемі ізденумен, жетіле түсу үшін үйренген үстіне үйренумен жүретін. Әбден актерлік шеберлігі шыңдалып, мол тәжірибе жинаған кезінде режиссерлік жұмысқа ден қойды. Сондықтан болар, қай қойылымы да қалың көрермен көңілінен шығып, жылдар бойы аншлаппен жүрді. Соның бірі — Мар Байджиевтің «Жекпе-жегі». Сонда басты ролді маған берді. Одан кейін Нұрғали Ораздың «Таудағы түнінде» де дәл солай болды. Сонда ол кісінің режиссерлік шешім табуының өзі тосын болып көрінетін. Табиғатынан мінезді кісі ғой. Бетің бар, жүзің бар демеуі, айтар сөзін айтып тастайды, жүрісі де тарсыл-түрсіл... Әзілді көтере алмай қалатын секілді көрінгенімен, спектакльді қойған кезінде лирикалық жағына қатты мән беріп, сол жағын ашқан үстіне аша түсетін. Мәселен, Байджиевтің «Жекпе-жегі» қойған кезде, «Сендер білдіңдер ме, мына жерде қыз ішкі сезімін шығара алмай жатыр, оның сезімі тұншығып жатыр, — деді. — О-о, — деді жұлып алғандай, — бұл пьесаның атын өзгертейік, «Тұншыққан сезім» дейік». Балтекен әрбір спектакліне осылай мән беретін. Дәл солай актерлік өнерінде де өте талғампаздығымен дараланды. Хандарды, билер мен байларды ойнады. Характерлі

Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының хатшылығы, «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз», «Жалын», «Простор» журналдарының еңбек ұжымы Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма Төрағасының орынбасары, белгілі ақын Қасымхан Бегмановқа балдызы

Салтанат ӘБДІҚАЙЫМҚЫЗЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

**Меруерт
ЖАҚСЫЛЫҚОВА,**
театртанушы

Бүгінгі қазақстандық театр өнері қарқынды даму үдерісін басынан кешіруде. Жаңа сахналық тілді қалыптастыруда режиссерлер постдрамалық театрдың түрлі бағыттарын байқап көріп, көрерменді өнерге тартудың тың жолдарын іздеу үстінде. Бұл шығармашылық үдерісте мәтін үстемдігі әлсіреп, визуалдық бейне, пластика, дыбыс пен кеңістік драматургиялық құрылымның теңқұқылы элементтеріне айналып отыр. Спектакль көбінесе ашық пішінге құрылып, интерпретация еркіндігіне мол мүмкіндік береді, ал көрермен болса, енжар бақылаушы емес, белсенді қатысушыға айналды. Заманауи қойылымдарда әлеуметтік тақырыптар, жеке адамдардың ішкі драмасы, өзіндік бірегейлік мәселелері жаңа эстетикалық құралдар арқылы зерделеніп, сахна өнері қоғаммен тікелей сұхбат құратын алаңға айналғандай.

Жуықта ғана Нұрмұхан Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық музыкалық драма театры белгілі драматург Олжас Жанайдаровтың шынайы оқиғалар желісімен жазылған «Магазин» атты пьесасы бойынша «Я – Қарлығаш» драмасын сахналады. Қоюшы режиссері – Ұлан Болатбек, суретшілері – Анастасия Мороз және Нысанғали Қаниев. Қазіргі алмағайып заманымызда аса өзектілікке ие болып отырған көші-қон және мигранттар мәселесін арқау еткен аталмыш қойылым шетелде жұмыс жасап, нәпақасын табуға кеткен қарагөз қыздарымыздың тағдыры жайлы бір үзік сырды баяндайды. Спектакльде жат елдегі тіршіліктің сыртқы жылтырағы мен ішкі шындығының арасындағы алшақтық айқын көрсетіледі. Тіл білмеу, құқықтық қорғаныссыздық, әлеуметтік оқшаулану, зорлық-зомбылық көру, моральдік қысым – мұның бәрі кейіпкердің жан дүниесіндегі рухани дағдарыспен астасып жатады.

Режиссер пьеса мәтініне едәуір қысқартулар енгізгенімен, автордың негізгі идеясын барынша сақтауға ұмтылған. «Магазин» драмасы – жазылу эстетикасы жағынан ХХ ғасырдың соңғы онжылдығында қалыптасқан ресейлік «жаңа драма» бағытының рухындағы туынды. Пьесада отандастарымыздың басынан өткен жантүршігерлік оқиғалары боямасыз, шынайы қалыпта беріледі. Драмадағы Зияш пен Қарлығаш бейнелері арқылы драматург әлеуметтік осалдық пен үміттің, қорқыныш пен төзімнің, шарасыздық пен дарменсіздіктің өзара шарпысқан күрделі психологиялық иірімдерін терең ашып көрсетеді.

Шағын пішінді (*камералық*) спектакль тура сахнада орналасқан көрермен залында ойналады. Көрермен мен сахна кеңістігінің арасы таяқ тастам болғандықтан ол актерлерге екі есе жауапкершілік арттырады. Сонымен қатар, режиссер спектакльде бейнекамераны қолданады да, сахнаның көкжиегіне тартылған үлкен экранда кейіпкерлердің бет-әлпеттері мен ым-ишаралары үнемі бақылауда болады. Оқиға барысында камераны осылайша қолдану екіжақты мәнге ие болады: біріншісі, кейіпкерлер көрерменнің алдында жан сырларын ақтарып өз күнәларын мойындап жатқандай (*бәлкім, Құдаймен сырласқандай*) әсер қалдырса, екінші жағынан, актердің әрекеті әрдайым көрушінің назарында болғандықтан, ойында жасудай жалғандыққа жол берілмей, шынайылыққа итермелеп отырды.

Спектакльдің сценографиясы актерлердің сахнада тіршілік етуіне ыңғайлы қарастырылған. Оқиға жөртөледе өтеді. Басқаша айтсақ, коқыс тастайтын орын деуге де болады. Себебі, қойылым барысында әлсін-әлсін төбеден коқыстар төгіліп отырады. Ал жөртөледе шенбер бойы айналдыра орналастырылған коқыс толтырылған бір реттік пакеттер шашылып жатыр. Бұл құдды бір кейіпкерлер тозақтың шенберінің ішіне түскендей әсер етеді. Себебі, осы кеңістікте небір сұмдықтар өтеді. Зорлық-зомбылық, кісі өлімі, буллинг пен әлімжеттік көріністері өтеді. Кеңістік ортасында ас ішетін үстел, он қапталда төсек бар, бір шетінде кәдімгі әжетхана (*унитаз*), ал сол қапталда жұмыс үстелі қойылған. Жұмыс үстеліне бейнекамера мен шам бекітілген. Шамның әлсіз жарығы ала-құла көленкелі реңк жасап, кейіпкерлердің трагедиясын күшейте түседі. Бейнекамера алдыңғы қатардағы көрермендерге тікелей түсіп

тұрады да, олар өздерін экраннан көріп отырады. Бұл өз кезегінде кейіпкерлердің көрермендер арасында жүргендей әсер туғызып отырады. Сонымен қатар бейнекамераға полицейлік машинаның жаркылдауығы (*мигалкасы*) жабыстырылған. Бір ғана деталь, бірақ оқиғаның барысында көркем ойды шебер жеткізіп тұрады. Авангардтық өнердің көрнекті өкілі Марсель Дюшанның «Фонтан» ready-made-ін еске

Актрисаның сөз астарын ашу қабілеті, суырып-салмалыққа бейімділігі, рольдің сыртқы суретін дәл қарастыруы оның кемел ізденісінің айғағы деуге болады.

Ал Мәдениет саласының үздігі, актриса Эльмира Керімбаева сомдаған Зияш бейнесі мүлде өзге қырынан ашылды. Оның Зияшы өмір сүрудің заңдарын білетін, ортаға бейімделгіш, өзіне тиесіліні жібермейтін, озбырлығы да жоқ

ЖАТ ЖҰРТТАҒЫ ЖАЛҒЫЗДЫҚ



салатын әжетхананың сахнада қолданылуы да бірқатар философиялық ойларға жетелейді. Ол текке аққан қорлыққа толы өмірдің символына сұранып-ақ тұр. Бірақ қойылым түзушілер оны Қарлығаштың «армандары» суреттелетін орын ретінде көрсетеді. Суретшілер мен режиссер пьесадағы натуралистік дәлдіктерден әдейі бас тартқаны байқалады. Себебі, драматургиялық шығарманың сахналық нұсқасы эстетикалық жағынан тап-тұйнақтай, әлеуметтік сатылардың ең түбінде тірлік кешкен «қоқыстың арасындағы адамдарды» емес, қарапайым ғана жұмысшылардың өмірін көрсетеді. Бұл – бір жағынан, сүренсіз өмірде үмітін сақтаған кейіпкерлердің арманын көрсетуге деген талпыныс. Осыны да кино кәсіпкері өмірді барлық сұмдығымен сахнадан көрсетеуге деген ниет. Әрине, бұлай да шешуге болары сөзсіз. Бірақ жеке басыма әсіре шарттылық оқиғаның эмоционалды салмағын жеңілдетіп, жөртөледегі өмірді «идеалдандырып» жібергендей көрінгенін жасыра алмаймын. Режиссер драмадағы шешуші сахналарда көрінетін манекендерді қолдануда да шарттылыққа көп сүйенгенін айтқан жөн. Олар функционалды түрде пьесадағы оқиғаларды жеткізуге еңбек еткенімен, шынайы сахналық әсер туғызуда, қатыгездік актілерін көрсетуде әлсіз түсті.

Спектакль екі құрамда жасакталыпты. Қос құрамда ойнаған сахнагерлер кейіпкерлерін бір-біріне ұқсатпай шығарған, бұл спектакльдегі үлкен жетістік деп тануға мүмкіндік береді. Сахна шебері, тәжірибелі актриса, Құрмет орденінің иегері Гюль Зиятова жасаған Зияш бейнесі – тағдыр тәлкегін бастан кешкен күрделі тұлға. Өмірдің ащысы мен тұщысын қатар көрген, жазықсыздан темір торға тоғытылып, одан кейінгі ғұмырында өзінен бір саты жоғары тұрғандарды ақша беріп сатып алу, алдау мен арбаудың сан түрлі айласын менгеруге мәжбүр болған жан. Оның өміріндегі ең үлкен мән – шағын дүңгіршек дүкені ғана. Әке-шешеден жылу көрмеген, күйеуден бақыт таппаған, бауырына басып үлгерместен сәбиінен айырылған әйел – жан дүниесі жаракатқа толы бейшара-бейбак. Тағдырдың тезіне түссе де сынбаған Зияш бейнесін сахнагер жан-тәнімен сезініп, терең психологиялық нақышпен өрнектейді. Кейіпкер мінезіндегі штрихтар мен детальдарға айрықша мән беріп, оның табиғатын жан-жақты зерттегені байқалады. Актриса кейіпкер болмысын күллі жүйкесімен сезініп, қатыгездік пен мейірімділік (*эмпатия*) арасындағы ішкі қайшылықтарды шегіне жеткізе экспрессивтілігімен айшықтайды. Дауыс ырғағының сан алуан құбылысы бояуы қалың интонациялық палитрасы көрерменге тікелей әсер етіп, жан дүниесін шымырлатады. Зияш-Гюль «Атамекен» әнін орындаған сәтте көрермен залы қосыла шырқап, сахна мен зал арасындағы шекара бір сәт жоғалғандай әсер қалдырды. Гюль Зиятова сахнада Зияш болып ғұмыр кеше білді. Сондықтан оның ойыны арқылы көрерменнің бойында жанашырлық сезімі оянып қана қоймай, сонымен бірге кейіпкер тағдырына деген терең аяушылық пен түсіністік қалыптасты.

емес. Актриса кейіпкер психологиясын ұсақ детальдар арқылы ашады. Дауыс ырғағының күрт құбылуы, әр сөзіндегі үнсіздіктері астарлы мағынаға ие. Сәл ғана жымыстың ар жағында ашы мысқыл сезіледі. Осының барлығынан Зияштың ішкі әлеміндегі күрделі қабаттарды аңғарамыз. Актриса ойын өрнегінде Зияштың қаталдығы қорғаныс механизмі, оның ішкі жалғыздығы ашық трагизм мен психологиялық жаракаттардың жиынтығы ретінде көрінеді. Кейіпкер эмоцияларын жеткізуде шынайы дәлдіктерді тапқан Эльмира Керімбаеваның шеберлігі көрермен жүрегін тебірткені анық. Нәтижесінде, бір драмалық бейне екі актрисаның орындауында екі түрлі эмоционалды және идеялық реңкке ие болып, спектакльдің көркемдік ауқымын кеңейте түседі.

Актрисалар Раиса Сертбекова (*Мәдениет саласының үздігі*) мен Мәншүк Жайлыбаева спектакльде Қарлығаш ролін орындайды. Екі актрисаның ойынында бір бейне екі түрлі бедерлеу тауып, орындаушылық қайталауларға жол берілмеген. Раиса Сертбекова өз кейіпкерінің ашық-жарқын мінезін, жанының тазалығы мен аңғал сенімін алдыңғы қатарға шығарған. Қандай ауыр сынаққа тап болса да, әкесіне «коттедж үй, джип машина сатып әперемін» деген арманынан айнымайды. Ол сұйыққол, адам саудалаушылардың құрбанына айналса да өмірсүйгіштік қасиетін жоғалтпайды. Қарлығаштың дүкен қожайыны Зияшқа ұнамайтыны да – осы рухының биіктігі. Актриса осы ішкі қайшылықты сахнада нанымды аша білген. Оның мәжбүрліктен дүниеге келген сәбиіне деген аналық мейірімі де шексіз әрі табиғи көрінеді. Режиссер сәбиді коқыс салатын пакет арқылы шартты түрде берген. Бұл шешім «қоқыс адамнан коқыс сәби туады» деген ашы әлеуметтік метафораға жетелейді. Раиса Сертбекова өз кейіпкерінің ішкі трагедиясын ашып көрсетуге мол күш жұмсады.

Мәншүк Жайлыбаеваның Қарлығашы өзгеше бояулармен бейнеленген. Актриса орындауында кейіпкердің ішкі қарсылығы, Зияштың айдауына көне бермейтін қайсарлығы анық көрінеді. Оның Қарлығашы Зияштың өктем сөзіне сырттай көнгендей болғанымен, ішкі әлемінде келіспеушілік отын өшірмейді. Жаңа туған шақалағына деген аналық сезімі, оның болашағына аландаушылығын актриса өз ойын өрнегімен сенімді жеткізді. Алайда Раиса да, Мәншүк те спектакльдегі Қарлығаштың Зияшты тұншықтыратын сәтіне дейінгі ашу-ыза кернеген болмысын психологиялық тереңдікпен жеткізе алмай жатқандығын айтпасак айып. Сонымен қатар көз жасын көрсетуде актерлік құрам абай болғаны абзал, себебі бұл орындаушылық тәсіл драманың трагедиялық қуатын әлсіретіп жібереді. Болашақта сахнагерлер осыған жіті назар аударады деп сенеміз.

Спектакльде өнер көрсеткен актерлік құрамның қызықты ойыны, заманауи әлеуметтік қысым мен адамдық құндылық туралы мәселені қатар қозғайтын жарқын бейнелері драманың идеялық ауқымын тереңдетіп, көрерменге кейіпкер тағдырын әр қырынан пайымдауға мүмкіндік береді.

Спектакльде көтерілген өзекті әлеуметтік тақырыптар, атап айтқанда, көші-қон, шеттегі отандастарымыздың хал-күйі, әйел мен бала тағдыры және ақшаға сатылатын құндылықтар мәселесі көрерменді ойландыруға шақырады. Драманың ауыр да қатал атмосферасы, кейіпкерлер бейнесінің психологиялық тұрғыдан жан-жақты әрі сәтті сомдалуы, режиссурадағы заманауи қойылымдық тәсілдердің көркемдігі спектакль өміршеңдігінің кепілі болады. Жас режиссер мен өнер ұжымының нәтижелі жұмысы театр репертуарының тағы бір көркем туындымен толыққанын көрсетеді.

Редакторлар кеңесінің төрағасы
Мереке ҚҰЛКЕНОВ

Бас редактор
Бауыржан ЖАҚЫП
Бас редактордың орынбасары
Қали СӘРСЕНБАЙ

Редакция алқасының мүшелері:

АЙТҚОЖИНА Марфуға,
ӘБДІҚҰЛЫ Төлен,
БАҚТЫГЕРЕЕВА Ақұштап,
ЕЛУБАЙ Смағұл,
ИРАН-ҒАЙЫП,
КӨПІШ Әшірбек,
ҚАБЫШҰЛЫ Ғаббас,
ҚАНАЗ Молдахмет,
ҚОШЫМ-НОҒАЙ Байбота,
НҰРЖЕКЕ Бексұлтан,
НҰРМАҒАНБЕТОВ Тынымбай,
ОРАЗАЛИН Нұрлан,
СЕГІЗБАЕВ Кәдірбек,
СЕЙСЕНБАЕВ Роллан,
СМАТАЕВ Софы,
ШАХАНОВ Мұхтар,
ЫСҚАҚБАЙ Марал

Жауапты хатшы
Мұратқали ДҮЙСЕНБАЕВ

Әдебиет бөлімі:
Жүніс ОМАР

Мәдениет және руханият бөлімі:
Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА

Әлеумет, тарих бөлімі:
Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ

Компьютер орталығының жетекшісі
Данияр ҚАБА

Терімші
Рысқұл ЖҰМАБАЕВА

Корректор:
Айнаш ӘЛДИБЕК

Меншікті тілшілер:

Астана қаласы,
Ақмола, Солтүстік Қазақстан,
Қарағанды, Ұлытау облыстары

Айтбай СҰЛТАН,
Алматы облысы

Ержан ТОҚТАРҰЛЫ,
Абай облысы

Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ,
Ақтөбе облысы

Бауыржан ҚҰРМАНҚҰЛ,
Атырау облысы

Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА,
Батыс Қазақстан облысы

Бауыржан ҒУБАЙДУЛЛИН,
Жамбыл облысы

Көсемәлі СӨТТІБАЙҰЛЫ,
Жетісу облысы

Жангелді НЕМЕРЕБАЙ,
Қостанай облысы

Жанұзақ АЯЗБЕКҰЛЫ,
Қызылорда облысы

Қаршыға ЕСІМСЕЙІТОВА,
Маңғыстау облысы

Сағындық РЗАХМЕТ,
Павлодар облысы

Серік ЕЛІКБАЙ,
Түркістан облысы

Айдар СЕЙДӨЗІМ,
Шығыс Қазақстан облысы

Тоқтарбек МАҒЗҰМОВ,
Шымкент қаласы

Момбек ӘБДӨКІМҰЛЫ

Кезекші: Рымтай
КӨКЕНАЙҚЫЗЫ

РЕДАКЦИЯНЫҢ
БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІ:

8 (727) 272-88-17
e-mail:

kazakh_adebiety25@mail.ru
Мекенжайымыз:

050009. Алматы қаласы,
Абылай хан даңғылы,
105-үй. 3-қабат.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ – ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ

Индекс 65353

Таралымы 15 000. Тапсырыс 895

Газетте жарияланған авторлар пікірі редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Материалдарды көшіріп басқанда редакцияға сілтеме жасау міндетті. Кей суреттер ғаламтордан алынады. Редакцияға келген хаттарға жауап жазылмайды, қолжазба авторға қайтарылмайды.
Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2011 жылғы 21 қарашада №12120-Г күнелігі берілген.
Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. С.Мұқанов, 223 «В». Оффсеттік басулық.
Газет материалдары «Қазақ әдебиеті» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.